

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

28:39(=512.122) (043)

Көлжазба құқығында

## ҚАСАБЕКОВА ЕҢЛІК ҚҰРАЛҒАЗЫҚЫЗЫ

Қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылық  
пен діндарлық дәстүрлері

6D020600 – Дінтану

Философия докторы (PhD)  
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми жетекші:  
философия ғылымдарының докторы,  
профессор С. Е. Нұрмұратов

Шетелдік ғылыми жетекші:  
философия докторы (PhD),  
қауымдастырылған профессор Булент Шинай (Бурса, Түркия).

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2025

## **МАЗМҰНЫ**

<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>3-9</b>
<b>I ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ПЕН ДІНДАРЛЫҚТЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b>	
1. 1 Зайырлылышты зерттеудің теориялық-әдіснамалық, тұжырымдамалық тәсілдері мен қағидаттары.....	10-26
1. 2 Діндарлыкты зерттеудің теориялық-әдіснамалық, тұжырымдамалық тәсілдері мен қағидаттары .....	26-38
<b>II ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІНДЕГІ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ПЕН ДІНДАРЛЫҚ</b>	
2. 1 Түркілік рухани мәдениет дәстүріндегі зайырлылыш пен діндарлық .. ..	39-54
2. 2 Тарихи дамудағы зайырлылыш құбылысы (Қараханидтер дәуірінен бастап). .. ..	55-67
2.3. Қазақ халқының тарихындағы ағарту ісіндегі діни дәстүрлер сипатының ерекшеліктері (Абай шығармаларындағы діндарлық дәстүрлер).....	67-84
<b>III ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАН РУХАНИ МӘДЕНИЕТИНДЕГІ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ПЕН ДІНДАРЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ</b>	
3. 1 Отандық әлеуметтік кеңістіктегі зайырлылыш пен діндарлыктың арақатынасы хақында.....	84-93
3. 2 Қазақ халқы мәдениетінің дамуы болашағындағы діннің алатын рөлі мен маңызы.....	93-113
<b>ҚОРЫТЫНДЫ... ..</b>	<b>114-117</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>118-125</b>

## KIPIСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Диссертациялық жұмыстың мазмұны қазақ халқының тарихындағы зайырлылық және діни құбылыстарының қалыптасуы, даму жолдары мен эволюциясын қамтиды. Зерттеу жұмысында көне түркілік кезеңнен бастап қазіргі кезеңге дейінгі қазақ халқының зайырлылық және діндарлық дәстүрлерінің қайнар көздері мен тарихи дамуы анықталып, олардың көпқырлы қалыптасу кезеңдері жан-жақты талданады.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Зайырлылық пен діндарлық дәстүрлері – қазақ халқының рухани өмірінің маңызды мәселелерінің бірі. Зайырлылық құбылысы мәдениетаралық қатынастарды реттеуде, тек қазақ халқы үшін ғана емес, жаһандық даму кезеңіндегі жалпы адамзат үшін де маңызды рөл атқарады. Сондықтан бұл зерттеу тақырыбы гуманитарлық ғылымдардың әлеуметтік ортасы үшін үлкен өзектілікке ие. Жұмысты орындау барысында, қазақ халқының рухани әлемінің түрлі қырларын зерделей келе, қазақ халқының дүниетанымы мен менталитетіне сәйкес келетін зайырлылық пен діндарлық дәстүрлерін зерттеу қажеттілігі айқындалды. Қазақ халқының тарихындағы ғасырлар бойы қыыншылықтары мен жетістіктері халықтың өзіндік рухани болмысымен және мәдениетімен қоса өрілді. Бұл үдерістерде зайырлылық пен діндарлық дәстүрлері, олардың өзара үйлесімділігі маңызды рөл атқарды. Аталмыш екі құбылыстың қазақ халқының мәдени өмірінің ажырамас бөлігі болуы да тақырыптың өзектілігін арттыра түседі. Сонымен қатар, қазақ халқының жалпы рухани өмірінде зайырлылық пен діндарлық дәстүрлерінің өзара байланысып және өзара әрекеттесуі аса маңызды факторлардың бірі. Дүниежүзілік ауқымдағы өзектілікке ие қос құбылыстың ел бірлігін сақтаудағы маңыздылығы күннен күнге артып келеді. Қазіргі тарихи кезеңде зайырлылық пен діндарлық құбылыстарының тепе-тендігін сақтауды қамтамасыз ету елдің әлеуметтік жайлышы үшін зайырлылық пен діндарлықтың тепе-тендігін табуды талап ететіні айқын.

Жалпы зайырлылық пен діни құндылықтар қазіргі геосаясатты қалыптастыруда әлемнің жетекші елдердің стратегиялық және тактикалық жоспарларына енгізіліп отыр. Осы ретте елдегі діни фактор мен дінге сенушілер және сенбейтіндердің мүдделері сөзсіз ескеріледі. Әлеуметтік өмірдің басқа да құбылыстарымен салыстырғанда, зайырлылық пен діндарлық құндылықтар көлеңкеде қалғандай көрінгенімен, олар дінге қатысты көптеген үдерістердің негізінде жатыр. Бұл зерттеу жұмысында осы құндылықтар жүйесі жеке-жеке және өзара тікелей байланыста қарастырылады. Зерттеудің тұжырымдамалық аспектілері олардың тәжірибелік қортындыларымен келісіледі. Зерттеуде нақты материал ретінде белгілі әлеуметтанушылардың Қазақстан Республикасындағы зайырлылық пен діндарлық мәселелері бойынша енбектері кеңінен қолданылып, халық арасында жүргізілген әлеуметтанулық және сараптамалық сауалнамалардың нәтижелері түсіндірілді.

Сонымен, әлемдік дамудың жетістіктеріне ұмтылатын қазіргі Қазақстанның рухани-мәдени, әлеуметтік және саяси-экономикалық салаларының әрбір қадамы еліміздің жаһандану көшінен қалмай, ілгерілеуінің ықпалы. Қазақстан – дін мемлекеттен бөлінген зайырлы ел. Дегенмен, дін қоғамның және қоғамдық сананың рухтандыруши факторы бола отырып ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың әрқашан маңызды рөл атқарып келеді. Әр түрлі мемлекеттердегі зайырлылық модельдері ұлттық басымдылығы мен тарихи тәжірибесінен ажырамастығымен ерекшеленеді. Қазақстанда зайырлылық моделі екі негізгі фактордың әсерімен қалыптасып, дамуын жалғастыруды:

1. Қазақ мәдениетінің дәстүрлерімен;
2. Заманауи үрдістердің жаңашылдығы мен шындықтарымен.

Қазіргі кезде зайырлылық пен діндарлықтың әртүрлі модельдері бар. Біздің ұстаныммыз – зайырлылық пен діндарлықтың қазақстандық моделін сақтау, дүниелік көзқарастар мен рухани көзқарастардың жалпы жағдайына қарау, теңдестірілген нұсқаны табу. Зерттеуде дінтанулық талдау мен басқа да әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың әдістері қолданылып, негізді қорытындылар жасалды.

**Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі.** Зайырлылық пен діндарлықты реттейтін құқықтық негізі бар нормативтер Қазақстан Республикасының ресми құжаттарында, оның ішінде білім беру, ғылым, мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдарын реттейтін конституциялық ережелер мен заңдарда көрініс тапқан. Бұл заңдар құқықтық деңгейде қатаинастарды реттейді. Сонымен қатар, бұл мәселелерді мемлекеттік органдар мен ресми тіркелген діни ұйымдардың тиісті бөлімшелері жүзеге асырады. Бұл ережелердің бір-біріне қайшы келмеуін қамтамасыз етудің маңызы сөзсіз.

Сонымен, «Қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылық пен діндарлық дәстүрлері» тақырыбын рухани және зияткерлік тарихында кеңінен қарастырған отандық және шетелдік ғалымдардың енбектері диссертацияның зерттелуін деңгейін арттыруға өз үлесін қосты. Діндарлық дәстүрлері мен ислам діні мәселелерін Әл-Фараби, Жұсіп Баласагұн, Қожа Ахмет Яссави, М.Х. Дулати, Ш.Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердіұлы, Ы. Алтынсарин, сонымен қатар, А.Н. Бекейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С.С. Сейфуллин, М.Б. Жұмабаев және басқа да ғалымдардың енбектерінде қарастырылды. Сондай-ақ, қоғамдағы зайырлылық пен діндарлықтың орны мен рөлін зерттеу бойынша олардың шығармашылығының маңызды прогрессивті идеялары қазақстандық ғалымдар М.О. Әуезов, Ә.Х. Марғұлан, С.А. Қасқабасов, М.С. Орынбеков, Х.М. Әбжановтың және т. б. шығармаларында қысынды түрде жалғасты. Жалпы зерттеу тақырыбы бойынша елімізде ғылыми ізденістермен айналысатын отандық ғалымдардың арасынан Н.Ж. Байтенова, F. Есим, Н.Л. Сейтахметова, С.Ә. Әбжалов, Қ.А. Затов, Д.Т.Кенжетаев, Б.Қ. Бейсенов, А.Г. Косиченко, Е.Е. Бурова, Қ.М. Борбасова, А.Д. Құрманалиева, С.М. Каупенбаева, А.Б. Аликбаева Б.М. Сатершинов, Б. Баймаханов, М. Исахан, Ж. Аханов, Г.З. Джалилов, К. Байсұлтанова, Ш. Рысбекова, А.Д. Шағыrbай,

Ш.М. Жандосова, Л.Н. Тоқтарбекова, М. Жұзей, А. Алтайқызы, А.И. Артемьев, Р.А. Подапригора және т.б. еңбектерін атап өтуге болады.

Ал қазақ философиясы мен дінтану салалары бойынша бұл мәселе арнайы зерттеу нысаны болмағанымен, аталмыш тақырыпты жалпы қазақ философиясының тарихы, рухани мәдениетін зерттеу аясында қарастыруға зор үлес қосқан философтар – А.Х. Касымжанов, А.Н. Нысанбаев, Қ.Ш. Нұрланова, С.Н. Ақатай, Т.Х. Ғабитов, Ж.А. Алтаев, Н.Г. Аюпов, К.К.Бегалинова, Б.И. Карипбаев, С.Е. Нұрмұратов, Д.У. Құсанов, Г.Ж. Нұрышева, А.Р. Масалимова, А.А. Құранбек, А. Сағиқызы, К.М. Қонырбаева, Г.Г. Барлыбаева, Г.И. Нусипова т.б.

Диссертация тақырыбы бойынша шетелдік гуманитарлық ғылымдар өкілдерінің арасынан А. Мец, М. Ходжсон, М. Элиаде, К.Ж. Гирц, Д. Локк, М.К. Вебер, Д.Ж. Милл, М. Мюллер, А. Корбен, Ф. Шуон, Б. Шенай, Ф.Г. Дитерици, И.В. Понкин, Х.М. Торрон, П.Л. Бергер, Ж.Ж. Руссо сияқты мамандарды ерекше атап өтеміз, сонымен қатар әлемге танымал ірі батыстық ғалымдар Х. Казанова, Ю. Хабермас, Г.Д. Дейви, Р.Ф. Инглхарт, ресейлік дискурсты А.В. Смирнов, А.В. Игнатенко, В.В. Наумкин қатарлы ғалымдар қарастырды. Орталық Азияда ислам тақырыбына этносаяси және этномәдени көзқараспен қызығушылық танытқан ғалымдар қатарына А.В. Малашенко, С. Абашин, А. Халид, З. Джалиловтарды жатқызуға болады. Аталған жұмыстар диссертация тақырыбын кеңірек қарастырып зерттелуіне айтарлықтай ықпал етті.

Диссертациялық жұмыста қазақ халқының тарихын, әдебиетін, құқықтық зандары мен әдет-ғұрыптарын зерттеу арқылы мол рухани мұралар жинақтаган қазақ ойшылдарының еңбектері негізге алынып, ұлт болмысында еркіндік пен әділеттілік қағидаттары қоғамдағы барлық қатынастардың рухани-адамгершілік өлшемі екендігіне ғылыми талдау жасалды.

**Зерттеу жұмысының мақсаты:** қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылық пен діни дәстүрлердің тарихи маңыздылығын анықтап, олардың қазіргі қоғамның мәдени-тарихи даму контексіндегі рөлін айқындау. Зерттеудің жоғарыда көрсетілген мақсатына сәйкес диссертацияда мынадай **міндеттер қойылды:**

- Қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылықты зерттеудің теориялық, әдіснамалық және тұжырымдамалық негіздерін анықтау.
- Қазақ халқының рухани әлемінің құрамдас бөлігі ретінде діндарлықты талдаудың теориялық, әдіснамалық және тұжырымдамалық негіздері мен қағидаттарын айқындау.
- Түркілер кезеңінің рухани-мәдени дәстүрлеріндегі зайырлылық пен діндарлықты талдау.
- Қараханидтер дәуірінен бастап қазіргі кезеңге дейін дейінгі Қазақстанның әлеуметтік-мәдени және діни-рухани кеңістігіндегі зайырлылық пен діндарлықтың өзара байланысын айшықтау.
- Абай іліміндегі зайырлылық пен діндарлық феномендерін қарастыру.
- Қазақ халқының рухани және практикалық мәдениетінің зайырлылық пен діндарлық дәстүрлерінің ерекшеліктерін зерттеу.

- Зайырлы Қазақстан болашағындағы діндарлықтың рухани ықпалының рөлін негіздеу.

**Зерттеу жұмысының нысаны** – қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылық пен діндарлық дәстүрлері.

**Зерттеу пәні:** Қазақстан халқының тарихи және заманауи әлеуметтік-мәдени дамуы аясындағы зайырлылық пен діндарлық құбылысының ерекшеліктері.

**Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері.** Диссертациялық зерттеу жұмысы мәселені жан-жақты қарастыру үшін әдіснамалық және теориялық негіздер ретінде дінтанулық, философиялық және әлеуметтік-психологиялық зерттеулердің ситуациялық ұстанымдарын басшылыққа алды. Қазақ руханилығын, ұлттық мәдениет пен дүниетанымындағы зайырлылық және діндарлық құбылыстарын толыққанды зерттеу үшін тарихи нақтылық, тарихи қайта құрылымдық, объективтілік қағидаттары өзектендірілді. Құндылықтық, герменевтикалық және салыстырмалы талдау тәсілдері ұтымды қолданыс тапты. Аталған әдістерге сүйене отырып тарих субъектісінің ақыл-оійының, өмір мәнінің, руханилығы мен еркіндігінің құбылыстық негіздерінің теориялық мазмұнын ашып, оларды ғылыми тұрғыдан түсінудің нақты сипаттамасын беру әрекеті жасалды. Қазіргі отандық зерттеулерде дінтану саласында әдіснамалық ұстанымдар барынша кеңейтіліп, әлеуметтік, мәдени және рухани құбылыстарын өзара байланыста қарастыруға талпыныстар жасалуда.

**Зерттеу жұмысының практикалық құндылығы.** Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелерді философия тарихы, мәдениеттану, дінтану пәндері бойынша арнайы дәрістерде «Дінтану тарихы», «Мәдениеттану» «Қазақ философиясы» және т.б. арнайы курстарда пайдалануға болады. Теориялық ережелер мен тұжырымдар әлеуметтік-мәдени және зияткерлік-рухани салаларда қазіргі кездегі «Әділетті Қазақстан» доктринасын, «Адал азамат» концептісін жүзеге асыру барысында қолдануға ұсынылады, сондай-ақ қазіргі қазақстандық шындықта мәдениеттердің көпконфессииялы диалогын қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін.

**Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы.** Диссертациялық жұмыс барысында бірқатар жаңа ғылыми нәтижелер алынды:

- Диссертацияның негізгі ғылыми жаңалығы ретінде діни саладағы әлеуметтік-дінтанулық зерттеулердің теориялық әдіст намасын маңыздылығын арттыру, зайырлы және діни құндылықтардың арақатынасының өзара тығыз байланысы және рухани кеңістіктегі қазақ халқының зайырлылық көзқарастарына объективті баға беру ұсынылды;

- Қазақ халқының рухани әлемінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде діндарлық құбылысына теориялық, әдіснамалық және тұжырымдамалық тәсілдерге сүйене отырып жан-жақты талдау ұсынылды;

- Ғылыми және тарихи мәселелерді сыни зерделеу және зайырлылық пен діндарлық ұстанымдарының әлеуметтегі кейбір ұқсастықтары мен

ерекшеліктерін нақты айқындау арқылы түркілік рухани мәдениеттің шынайы көріністері ретінде қарастыруға болатындығы байыпталды;

- Қараханидтер дәуірінен қазіргі заманға дейінгі тарихи сабактастықта Қазақстанның рухани-мәдени, әлеуметтік кеңістігіндегі зайырлылық пен діндарлықтың дүниетанымдық ерекшеліктері, бірегейлігі ашылды;

- Абай Құнанбаев еңбектеріндегі зайырлылық және діндарлық құбылыстарын көркем бейнелеу арқылы адамның рухани болмысын жетілдіруге бағытталған қазақ халқының рухани тарихының негізгі философиялық мәні айқындалды;

- Қазақ халқының рухани және практикалық мәдениеттің зайырлылық пен діндарлық дәстүрлерінің ерекшеліктері жан жақты зерттелді;

- Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы діндарлық пен зайырлылық құбылыстарының қалыптасуы мен дамуындағы эволюция бірнеше кезеңдерден өткендігі және онда елдің бірлігі мен ұлттың мәдени бірегейлігін сақтауға ықпал еткен, рухани фактор рөлін атқарған зайырлылық пен діндарлықтың өзара байланысы мен бірін-бірі толықтырған тарихи тәжірибесі қалыптасқандығы негізделді;

### **Қорғауға ұснылатын негізгі тұжырымдар:**

- Адамзат тарихында әр уақытта ғылым мен діннің өзара ықпалы болған. Өйткені, әлеумет дәлелді және дәйекті ақпаратқа зәру болса, зайырлылық пен діндарлық сан ғасырлардан бері қоғамдық сананың өзегіне айналып келген. Сондықтан бұл құбылыстарды зерттеудегі нақты тарихи негіздер бар. Олар теориялық және әдіснамалық тұрғыда нәтижелерге арқа сүйеуі шарт. Адам білімге де, діни сенімге де ұмтылып келген, сондықтан тарихта зайырлықтың өзіндік дәстүрі қалыптасқаны белгілі.

- Еліміздің тарихында зайырлылық пен діндарлықтың өзара ықпалдасуы әртүрлі тарихи кезенде өзгерістерге ұшырап отырды. Алайда, ұлттың менталитеті мен дініндегі зайырлылық пен діндарлық дәстүрлердің мазмұны негізінен бұзылмады. Халықтың ұлттық дәстүрлерімен және исламның адамгершілік қағидаттарымен қатар, қазақ зиялышарының еңбектерінде қоғамда рухани-адамгершілік қағидаттарының негіздері қаланды.

- Түркілік дәуір өзінің ерекше құндылықтарымен, тарихи тұлғаларымен ерекшеленеді. Түркілік дәуірдің рухани әлемінде зайырлылық пен діндарлық дәстүрлері бір-бірімен тікелей байланыста сабактасты. Біздің ата-бабаларымыз тәніршілдік, зороастрлық, шамандық дәстүрлерін синтездей отырып рационалдылық пен иррационалдылықтың, қастерлілік және прагматикалықты байланыстырған. Түркі әлемі зайырлы-діни контентті рухани мәдениетіне бойына сіңірді, кейіннен қазақ мәдениеті өзінің эволюциясында ислам дәсүрлерімен синтезделді.

- Қараханидтер дәуірі исламдану жағдайында зайырлы және діни билік қатар өмір сүрген бірегей тарихи кезеңді білдіреді. Исламның қоғамдық санаға айтарлықтай әсер еткеніне қарамастан, зайырлы билік практикалық ойлар мен тиімді мемлекеттік басқару қажеттілігін басшылыққа ала отырып, тәуелсіздігін сақтауға тырысты. Осы кезеңді зерттеу діни реформалар мен саяси қайта

құрулардың орта ғасырлар мен қазіргі заманда зайырлылықтың қалыптасуы мен дамуына қалай ықпал еткенін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

- Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай және басқа ойшылдардың шығармашылығында қазақ халқының зайырлылық және діндарлыққа қатысты ұстанымдарын айқындалған. Абай қарапайым халықтың үстірт діншілдігін, дін жолында жүрген кейбір азamatтардың дүмшелігін, сауатсыздығын сынға алады, сонымен қатар білім жолын таңдамаған жастардың болашағына алаңдайды. Сөйтіп, ойшыл «Толық адам» концепциясын қалыптастыру арқылы адамның қоғамдағы ерекше әмбебап қырларын ашуға шақырады.

- Зайырлы Қазақстан қоғамындағы дін руханиятты Қазақстанның зайырлы мәдениетінің ландшафтында, діндарлық және зайырлылық өзара тығыз байланыста және олардың теңгерімінде біздің қоғамның рухани-адамгершілік парадигмасының қүшесінде байқалады.

- Қазіргі кезеңде «Әділетті Қазақстан» идеялық-теориялық платформасы зайырлылық пен діндарлықтың өзара ықпалдасуының ажырамас бөлігіне айналды. Жалпы қоғамдағы кез келген рухани құбылыстың тиімді іске асырылуы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілуімен астасып жатады. Зайырлы Қазақстандағы дін руханиятты Қазақстанның зайырлы мәдениетінің ландшафтында, діни және зайырлы өзара іс-қимылда ұстайды, олардың теңгерімінде біздің қоғамның рухани-адамгершілік парадигмасының қүшесінде байқалады.

**Зерттеу жұмысының нәтижелерінің сыннан өтуі және мақұлдануы.** Диссертациялық жұмыстың ғылыми жетістіктері Халықаралық ғылыми конференцияларда ұсынылып, түрлі жинақтар мен басылымдарда жарияланды. Зерттеу тақырыбы бойынша барлығы 20 мақала жарияланды, оның 9-ы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және білім саласындағы бақылау комитеті (ККСОН) ұсынған журналдарда: («Адам әлемі» – 5, «Әл-Фараби» – 2, «ҚазҰУ университетінің хабаршысы» журналында -1, «Тарих» электронды журналында – 1).

Сонымен қатар, 2 мақала SCOPUS дерекқорында индекстелген журналдарда жарияланды:

1. Academic Journal of Interdisciplinary Studies. The Role of Religion in Shaping Sociocultural Self-Identification of Society in Kazakhstan. Academic Journal of Interdisciplinary Studies, 2023, 12(5), PP 145–156 (Burova E., Sagikyzy A., Jamanbalayeva S., Shagyrbay A. бірге).

2. Relacoes Internacionais no Mundo Atual. Intercultural connections in Central Asia: comparative study of Zoroastrian and Kazakh traditions, religiosity, and culture Vol.3, n.45|e-7486 | p.556-573|Julho/Setembro 2024 (S. Seidumanov, S. Nurmuratov, A. Shagyrbay, K. Kurmanbek бірге).

**Зерттеу жұмысын сынақтан өткізу.** 2025 жылғы 13-ші ақпанда философия және саясаттану факультеті дінтану кафедрасының, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институтының Дінтану орталығының

кеңейтілген мәжілісінің отырысында диссертация талқыланып, қорғауға ұсынылды (хаттама № 8).

**Диссертациялық жұмыстың құрылымы.** Диссертация кіріспе, үш тарау, қорытынды, тұжырым және пайдаланылған әдебиеттер тізімін қамтиды. Жұмыс құрылымы зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Диссертацияның жалпы көлемі – 124 бет.

# **1 ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ПЕН ДІНДАРЛЫҚТЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

## **1.1 Зайырлылықты зерттеудің теориялық-әдіснамалық, тұжырымдамалық тәсілдері мен қағидаттары**

Қазақстан Республикасы – зайырлы мемлекет. Қазақстандағы зайырлылық ұстанымының заннамалық бағдары 1991 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін араға 4 жыл салып мемлекеттік Конституцияда ресми көрініс тапты. Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттің зайырлылық ұстанымын айқындайды. Қазақстан көпұлтты, көпконфессиялы, мультиимдениетті мемлекеттер қатарына кіреді. Қазақстан Республикасы Конституциясының I-бабының I-тармағында елдің зайырлылық ұстанымы келесі сөздермен айшықталады: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары [1]. Бұл БҰҰ бекітілген «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясындағы» барлық зандылықтардың Қазақстан территориясында да өзектілікке ие екенін көрсетеді. Ел территориясын мекен еткен кез келген азамат демократияның барлық иғіліктерін қолданып қана қоймай, ұлттық, идеологиялық, діни тұрғыдан да азат екенінің айғағын айқындай түсетін маңызды заннамалардың бірі – КР Конституциясы. Зайырлылық ұстанымы мен елдің негізгі заны мемлекеттік саясаттың іргетасы ретінде бекітіліп, олардың діни сенімдеріне қарамастан барлық азаматтардың тенденгіне кепілдік береді. Сонымен, қазақстандық зайырлылық ұлгісі – діни институттар мен мемлекеттік құрылымдардың арасындағы өзара келісім мен діни мәселелердегі мемлекеттің толерантты саясатының көрсеткіші. Мұндай тәсіл әр түрлі сенім мен мәдениет өкілдерін біріктіретін құрал әрі қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты сақтауға ықпал ететін күш ретінде жүзеге асады. Зайырлылық ұстанымының негізгі қағидаттарының заң жүзінде орындалуы, бұл ұстанымның қазақ халқының салт-дәстүріне, менталитетіне, болмысына, діндарлығына қайшы келмейтін ізгі қасиеттердің жиынтығы деп негіздеуге дәлел бола алады. Зайырлылық қағидаттарының мазмұнын ашықтық, еркіндік, төзімділік, парасаттылық, көрегендік, өзара сыйластық, құрмет көрсету, кендік таныту секілді қасиеттер айқындайды.

Қазіргі заманғы әлеуметтану мен дінтанушылық зерттеулерде «Қазақстандық зайырлылық және діндарлық ұдерістерінің бағыттары мен болашағы» атты ұжымдық монографиясында: «Қазақстан халқының 62-65%-ы қазіргі таңда мемлекетіміздің зайырлы сипатын қолдайтынын көрсетеді. Зайырлылық – көп конфессиялы және көпұлтты қоғамдардағы мемлекет пен діннің өзара келісімде өмір сүруінің озық ұлгісі. Қазақстандықтардың басым көпшілігі зайырлылық қағидатын мемлекет үшін өте тиімді әрі өзара тығыз

байланысқа ие деп қолдайды. Дегенмен де, соңғы кездері Қазақстан халқының зайырлылық сипатын қолдайтындар санының жылдан жылға қысқару үрдісі байқалып отыр. 2003 жылы олардың саны 93%-ы, ал 2020 жылы – бар болғаны 63%-ы болды. Әлбетте, бұл алаңдаушылық тудыратын үрдіс», – делінеді [2, б. 25]. Құдайға сенбейтіндер үшін мемлекеттің зайырлы сипаты айқын және артық пікір тудырмайды. Зайырлылық пен діндарлық дәстүрлерінің өзара үйлестіктес өмір сүруі қазақстандықтардың өмір сүру моделіне сай келеді. Сонымен қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылық және діндарлық дәстүрлері, қазақ халқының басынан кешкен сан ғасырлық қылыш замандардағы әрқылы ауыртпалықтары мен жетістіктері халықтың өзіндік руханияты мен мәдениетінің ерекшеліктерімен астасып жатты. Аталмыш үдерістердегі зайырлылық және діндарлық дәстүрлері мен олардың өзара қатынастары маңызды рөл атқарды.

Зайырлылық пен діндарлық құбылыстарының негізгі мәндерін анықтаудың теориялық-әдістемелік тәсілдері оның көпмағыналылығына, күрделілігіне байланысты жүзеге асады. Біртұастық, жүйелілік, нақтылық, когнитивті немесе танымдық, тарихиылық қафидаттары және герменевтикалық пен салыстырмалы зерттеу әдістері бұл құбылыстарды объективті түрде зерделеуге негіз болды. Бұл мәселені ғылыми қарастырудың ерекшелігі оның әлеуметтегі маңызды құбылыстарға барынша жауапкершілікпен қараумен байланысты. Себебі, диссертациялық жұмыста қозғалып отырған маңызды екі құбылыс қазақ халқының рухани дүниесі мен руханиятының ең нәзік те күрделі құрамдас бөліктері болып саналады. Бүгінгі таңда Қазақстанда зайырлылық пен діндарлықты феномендерінің теориялық және әдіснамалық негіздерін ашуда өзіндік үлес салмаққа ие арнайы білім және ғылым орталықтары, діни ағарту орталықтары, жоғарғы оқу орындары сондай-ақ, түрлі академиялық және ғылыми мекемелер, сондай-ақ тәуелсіз зерттеу орталықтары айналысады және олардың қай қайсысы да зайырлылық пен діндарлық құбылыстарының өзара плюралды түрде өзара синтезделген бағытын айқындайды. Қазақстандағы зайырлылық және діндарлық дәстүрлерін ғылыми зерттеумен келесі оқу орындары кәсіби тұрғыда айналысады:

1. Қазақстан Республикасы ФЖБМ Ғылым Комитетінің «Философия, саясаттану және дінтану институты», аталмыш институт Қазақстандағы діни ахуалды ғылыми тұрғыда зерттеп, зерделеумен қатар, қоғамдағы зайырлылық пен діндарлық мәселелерін жан жақты сындарлы талдаумен айналысады. Зайырлылық және діндарлық тұрғысындағы мемлекет тарапынан қаржыландыратын арнайы ғылыми жобалар бойынша жұмыс атқарып, оның нәтижелерін тиісті мекемелерге жолдайды.

2. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті сияқты қазақстандық бірқатар университеттер де өздерінің ғылыми және академиялық қызметінің бір бөлігі ретінде діндарлық пен зайырлылық саласында ғылыми танымдық бағыттағы зерттеулер жүргізіп, дінтанушы-теолог, исламтанушы, бакалавр, магистратура, докторантуралар дәрежелі бойынша мамандар даярлайды.

3. Елде қызмет жасайтын Нұр-Мубарак Египет ислам мәдениеті университетінің негізгі мақсаты қазақстандық діндарлық үлгісін жан жақты зерделеу, оның қазақстандық үлгісін құруға бағдар беру, халықтың діни сауаттылығына үлес қосу, халықтың мұддесіне қызмет атқаратын дінтанушы мамандар мен сауатты имамдар даярлау.

4. Зерттеу орталықтары мен қоғамдық ұйымдары Қазақстанда зайырлылық пен діндарлықты қоса алғанда, әлеуметтік және діни мәселелерді зерттеумен айналысатын түрлі тәуелсіз зерттеу орталықтары мен қоғамдық ұйымдар бар. Мысалы, Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институты, «Рауан» орталығы, діни ахуалды және діни саясатты зерттеу орталығы және басқалар.

5. Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасы, Халықаралық ұйымдар мен институттар сонымен қатар, көптеген халықаралық зерттеу ұйымдары мен институттары Қазақстанда діндарлық пен зайырлылық бойынша, әсіресе басқа елдермен немесе аймақтармен салыстырмалы талдау түрғысынан зерттеулер жүргізе алады. Дінге қатысты мәселелердің онтайлы шешімін табу секілді маңызды қызметтер атқарады.

Сонымен аталмыш диссертациялық жұмысты орындау барысында зайырлылық пен діндарлық үдерістері турасындағы шетелдік және отандық зерттеу жұмыстарымен ғылыми еңбектер жан-жақты қаралып, зерттеліп, зерделенді. Зайырлылық және діндарлық дәстүрлерінің Қазақстандағы діндарлық үдерістерінің сипатына көптеген шетелдік және отандық ғалым-зерттеушілер үн қости. Жоғарыда айтып өткеніміздей зайырлылық және діндарлық мәселелерінің позитивті әрі негативті қырларын ғылыми түрғыдағы зерттеулер арқылы жеткізудегі өзіндік орны бар ҚР ҒБЖМ ғК ФСДИ-ның «Қазақстандық зайырлылық және діндарлық үдерістерінің бағыттары мен болашағы атты ұжымдық монографиясында» елдегі діни ахуалдың келесі статистикасы берілген: «Елде 18 конфессияны қамтитын 3932 діни бірлестік тіркелген. Оның ішінде: 2790 – ислам, 345 – православтық, 93 – католиктік, 588-протестанттық, 61 – Ехоба куәгерлері, 24 – Жаңа апостолдық шіркеу, 13 – Кришнаидтер қоғамы, 7 – еврей, 6 – бахай, 2 – буддизм орталықтары, 2-мормондар шіркеуі, 1 – муниттер. Барлығы 3600-ден астам ғибадат орындары жұмыс істейді. Оның ішінде: 2713 – мешіт, соның ішінде: 394 – қалалық, 178-аудандық, 2122 ауылдық мешіттер жұмыс жасайды. 411 намаз бөлмесі жұмыс істейді. 303 – православтық шіркеу, 108 – католиктік шіркеуі, 407 – протестанттық дұға жасау үйлері, 57 – Ехоба куәгерлерінің дұға жасау үйлері, 24 – Жаңа апостолдық шіркеудің дұға жасау үйлері, 6 – синагогалар, 2 – Бахай дұға жасау үйлері, 2 – «Кришна сана қоғамы», 1-будда храмы. 13 рухани оқу орны жұмыс істейді, оның ішінде ислам бағытында – 11 (оның ішінде: 1 – «Нұр-Мубарак» Египет ислам мәдениеті университеті, 5 – медресе-колледж, 4 – медресе, 1 – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанындағы имамдардың біліктілігін арттыру Ислам институты), Христиандық бағыттағы – 2 (Алматы прославтық рухани семинария мен Қарағандыдағы «Мария – Шіркеу анасы» Епархияаралық жоғары рухани семинариясы). Барлық оқу орындарында оқушылардың жалпы саны 4360 адам білім алуда» [2, б. 47].

Жалпы зайдылылық құбылысының теориялық және әдіснамалық құрылымын айшықтауда ерекше үлес қосқан шетелдік ғалымдардың зайдылылық құбылысына берген анықтамаларына сай, аталмыш ұғымның демократия, ашықтық, еркіндік, төзімділік ұғымдарының жиынтығы деп қарастырсақ, ағылшын философы Джон Локк «Толеранттылық туралы хат» және «Билік туралы екі эссе» сияқты еңбектерінде ол зайдылылық, мемлекет пен діннің қоғамдағы рөлі мәселелерін қозғайды. Неміс әлеуметтанушысы Макс Вебер, «Протестанттық этика және капитализм рухы» сияқты еңбектерінде ол діни нағымдар мен экономикалық дамудың өзара байланысын, сондай-ақ діннің әлеуметтік институттарды қалыптастырудың рөлін талдайды. Бангладештік саясаттанушы Хабибур Рахманиң зерттеулері қазіргі ислам қоғамдарындағы дін мен саясатқа, соның ішінде зайдылылық, ислам құқығы және демократия мәселелеріне бағытталған. Француздық Жан-Жак Руссо «Қоғамдық келісім туралы» сияқты еңбектерінде ол қоғамды ұйымдастыру, азаматтардың құқықтары және діннің саяси өмірдегі рөлі мәселелерін талқылайды. Ағылшын философ-әлеуметтанушысы Джон Стюарт Милль, «Бостандық туралы» жазбасында ол зайдылы мемлекет, үкіметтің жеке бостандық пен азаматтардың құқықтарын, соның ішінде діни бостандықты қорғаудағы рөлі туралы ойлайды. Берілген авторлар зайдылылық пен діндарлық тақырыбына әртүрлі көзқарастарды ұсынады және олардың жұмысын зерттеу осы тақырып бойынша аналитикалық және теориялық келешегінің кең ауқымын ұсына алады.

Зайдылылық пен діндарлық тақырыбы бойынша отандық зерттеушілердің еңбектері атап айтқанда, Е.Е. Бурова мен А.Г. Косиченко, Н.Ж. Байтенова, Ф. Есім, Н.Л. Сейтахметова, Б.М. Сатершинов, А.Д. Құрманалиева, С.Е. Нұрмұратов, Д.Т. Кенжетай, Қ.М. Борбасова, Б. Бейсенов, Қ.А. Затов, К.К. Бегалинова, Қ.С. Бағашар және А.Д. Шағыrbай, Л.Н. Тоқтарбековалардың аталмыш тақырыптағы ғылыми еңбектері мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы қатынастарды әлеуметтік немесе саяси талдауға, діни қызметті мемлекеттік реттеу тетіктеріне, сондай-ақ діннің қоғамдық үдерісінің ықпалы зерттеулерді, талдамалық мақалаларды немесе жарияланымдарды қамтиды.

Сонымен, зайдылылық ұғымының негізгі мән-мағынасын айқындайтын келесі қағидаттар топтамасына назар аударайық: Біріншісі, ол демократиялық, толеранттылық немесе төзімділік және өзара құрмет. Басқа адамдардың пікірлері, мәдениеті, діні мен тілі, әдет-ғұрыптарындағы айырмашылықтарға төзімділіктің көрінісі. Олардың құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу. Екіншісі, өзара мейірімділік пен жылу сыйлау. Басқаларға мейірімділік пен жылу сыйлау, қыын жағдайларда көмек көрсету, қажеттілік кезінде қолдау көрсету. Үшіншісі, адалдық пен шыншылдық. Кез келген қарым-қатынаста адалдық пен шыншылдық принциптерін сақтау, қарым-қатынаста ашықтық пен тікелей болу. Төртіншісі, әділдік және теңдікті қатар алып жүру. Қоғамның барлық мүшелері үшін олардың жағдайына, мәртебесіне, нәсіліне, этникалық тегіне немесе дініне қарамастан әділ жағдайларды қамтамасыз ету. Бесіншісі, ынтымақтастық. Ортақ мақсаттарға жету және ортақ мәселелерді шешу үшін

ынтымақтастық пен өзара көмекке үмтүлу, ынтымақтастық пен басқа адамдарға қолдау көрсету. Бұл қағидаттар қоғамдағы үйлесімділік және достық қарым-қатынасты қалыптастыруға, адамдар арасындағы сенім мен өзара түсіністікті дамытуға, сондай-ақ әділ және гүлденген қоғамның негізін құруға көмектеседі. Берілген қағидаттарды ескере отырып, зайырлылық ұстанымының негізі адамгершілік принциптері деп түйіндейміз.

Сонымен қатар, қазақ халқының және қазақстандықтардың посткеңестік кезеңге дейінгі кезеңдердегі зайырлылық және діндарлық құбылыстарының халық өміріндегі орны мен рөлін айқындағы отырып, төменде берілген ресми деректерге қарап олардың тарихи сипаттағы эволюциясын анықтауға болады. Қазақстанда, көптеген басқа елдердегідей, халықтың мәдени, этникалық және діни дәстүрлерінің алуан түрлілігін көрсететін зайырлылық пен діндарлықтың бірегей үйлесімі бар деп айтуда негіз бар. Оның бірнеше негізгі мысалдарын бағдарлауға болады, біріншісі елдегі зайырлы мемлекет үлгісі, Қазақстан ресми түрғыда шіркеу мен мемлекетті бөлуге үмтүлатын зайырлы мемлекет. Бұл діннің заң шығарушы немесе саяси салаларға ресми әсері жоқ екенін көрсетеді. Қазақстандағы діндарлық ахуалы жайындағы соңғы мәліметтерге жүгіне отырып, қазақстандықтардың көп бөлігі ислам дінін ұстанушылар екенін бағдарлауға болады. Ислам – Қазақстандағы ең көп таралған дін және қазақстандықтардың басым көшілігі өздерін мұсылманбыз деп санайды. Алайда, сенім тәжірибесі қатаандықтан зайырлылыққа дейін әр түрлі болуы мүмкін және елдегі көптеген мұсылмандар өздерінің діни көзқарастарын зайырлы өмір салтымен үйлестіреді. Екіншісі, елде діни бостандық бар. Қазақстанда діни бостандықтың конституциялық кепілдігі бекітілген, бұл азаматтардың кез келген дінді қолдануға немесе мемлекет тарапынан кемсітусіз мүлде дінді қолданбауға құқығы бар дегенді білдіреді. Шектен шықпайтын мемлекет заңына қайшы келмейтін, ресми дін өкілдері елде емін-еркін, толерантты түрде өмір кешеді. Үшіншісі, Қазақстанға тән ерекшеліктердің бірі мемлекет көпүлтты және көпдінді, көпмәдениетті ел. Төртіншісі, елдегі діни ұйымдар мемлекет тарапынан бақыланады. Көптеген елдердегідей, Қазақстанда діни ұйымдар мен олардың қызметіне, әсіресе қауіпсіздік пен экстремизмнің алдын алуға қатысты мемлекеттік бақылаудың белгілі бір деңгейі бар. Бұл белгілер Қазақстанды қоғамның бейбіт және үйлесімді дамуына ықпал ететін түрлі мәдениеттер мен діндердің табысты қатар өмір сүруі мен өзара іс-қимылдының үлгісіне айналдырыды. Қазақстандағы зайырлылық пен діндарлық дәстүрлерінің рөлі маңызды сипатқа ие, өйткені мұнда зайырлылық пен діни дәстүрлер элементтері біріктірілген. Диссертациялық жұмыстың басты нысандарының бірі болып отырған зайырлылық құбылысы ҚР Конституациясында бекітілген және дін мен мемлекетті жеке дара қарастырады. Бұл үдеріс мемлекет дін істеріне араласпайтынын және діни ұйымдар мемлекетті басқара алмайтынын көрсетеді. Алайда, зайырлылық дінді немесе оның қоғамдағы рөлін жоққа шығаруды білдірмейді, тек діни сенім бостандығына кепілдік береді және діни негіздегі кемсітүшіліктен қорғайды. Тағы ескере кететін басты мәлімет, Қазақстан Республикасы көпүлтты, көп

конфессиялы мемлекет. Келесі бұғінгі таңдағы Қазақстан халқының өсу бағдары туралы жана деректер [www.kaz.nur](http://www.kaz.nur) сайтының ресми парақшасынан алынды: «2024 жылдың 1 желтоқсанындағы жағдай бойынша елде 20,2 миллионнан астам адам тұратыны хабарланды. Халықтың орташа саны 20 мыңдан астам адамға өсті (өсу қарқыны 1,16%)» [3].

Елдегі діни ахуал түрғысында қазіргі таңда Қазақстан мемлекеті әр түрлі діндердің қызмет атқаруына рұқсат бере отырып, исламның қанафи бағытына басымдық береді, сондай-ақ, өркениетті елдердегідей зайырлылық қағидаттарын рухани кеңістікте ұстанады. Қазақтардың діні мен дәстүрлі мәдениетінің өзара байланысы Орталық Азияның этнографиясы мен мәдениеттануын зерттеудегі басты тақырыптардың бірі болып табылады. Зайырлылық және діндарлық тақырыбында зерттеулер жүргізген дінтанушы А.Г. Косиченко: «Әлемде зайырлылықтың бірнеше модельдері дамыған. Зайырлылықтың осы үлгілеріне бағдарлай отырып, ҚР-да зайырлылық қағидатын іске асырудың нақты тетіктерін әзірлеуге болады. Бұл ретте зайырлылық қағидатын практикалық іске асыру мен нақтылауда елдегі діни ахуалды айқындайтын нақт бірнеше факторларға сүйену қажет. Бұл факторлар: дәстүрлер, әсіресе діндарлық дәстүрлер; зайырлылықтың таңдалған формасындағы мемлекет пен діни бірлестіктердің қарым-қатынасында маневр жасау мүмкіндігі; мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың мәтіні болып табылатын әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдай; дін саласындағы түйіткілдер», – дейді [4, б. 12].

Елдегі зайырлылық пен діндарлық дәстүрлерінің өзара плюралды әрі үйлесімдікте өмір сүріп жатқанын ескере отырып, Қазақстанда зайырлы көзқарастағы «діндар адамдар» деген түсінік қалыптасты. Осы орайда аталмыш тұжырымның мән-мағынасына қысқаша тоқтала кетсек, кез келген дін және ұлт өкілі басқа ұлттың, елдің мәдениетіне, дініне, ұстанымына толеранттылықпен қарап, өзара құрметтеулері қажет, зайырлылық ұстанымының көздеген мақсаты да осыған саяды. Жалпы барлық діндерде адам құқықтары жөніндегі кодекс қағидаттары қамтылған. Бұл діннің қағидаттары мемлекеттің зайырлылық қағидатына көптеген мәселелер бойынша үйлеседі. Зайырлылық феноменінің басты бағдары, гуманизм қағидаттарымен сәйкес келетін адамның жеке құқығы мен еркіндігін сыйлау; ұлтына, жынысына, нәсіліне, діни көзқарастарына, діліне, дүниетанымына қарамай адамзатты сую, бәріне бірдей көзқараспен қарau, қысқаша айтқанда, барлық жағдайда адамгершілік қасиеттерін таныту. «Зайырлылық» феноменінің негізгі қағидаттарын толықтырсақ, келесі басты дүниетанымдарды мысалға келтіруге болады: адамгершілікті сақтау, кез келген ұлтқа, тілге мәдениетке құрметпен қарau. Әр адамның дініне, діни наным-сеніміне төзімділікпен қарau, адамзатты сую, өзара сыйластықты, бейбітшілікті қолдау. Зайырлылық тақырыбындағы келесі автор Досай Кенжетайұлының «Зайырлы ел қайырлы ел» атты кітабында зайырлылықтың біздің елдегі маңыздылығы мен орны, мән мағынасы діни және рухани түрғыдан кеңінен зерделенеді.

Автордың пайымдауынша дін қағидаттарын бұлжытпай орындаитын адам өзге дін өкілдерімен жауласпайды, керісінше оларға құрметпен қарайды. Зайырлы мемлекетте діндар да, дінсіз де, құдайды мойындағанмен, құлшылық жасамайтын адамдар да өмір сүреді. Осы тұрғыда мемлекет адамның жеке бас бостандығына қол сұқпайды. Яғни діндарлыққа немесе күшпен, алдаумен дінсіздікке итермелемейді.

Зайырлылық терминінің мағынасына тоқталсақ, онда «зайырлылық» ұғымы «лаицизмнен» туындаиды, яғни грек тіліндегі «лаикос» – халықтық, бұқаралық деген мағынаны білдірсе, француз тілінде «лаиците» – діни емес, яғни, «лаику» – зайырлы дегенді білдіреді. Зайырлылық түсінігіне алдымен гуманистік құндылықтар, соның ішінде адамның ар-ождан мен сенім бостандығы кіреді. Зайырлылық түсінігіне Д.Т. Кенжетай «Зайырлы ел болу мен дін ұсташа мәселесі туралы» атты мақаласында зайырлылық ұстанымына келесідей анықтама береді: «Бұгінгі қазақ тіліндегі «зайырлы», «зайырлылық» сөзі – «зәһир», яғни, «анық, ашық» деген мағыналарды білдіретін араб тілінен енген сөз» деп түсініктеме береді [5]. Бұл ұғымды алғаш рет өткен ғасырда Алаш қайраткерлері «Алаш мемлекетін» құруда өз заңнамаларында қолданған. Олар бұл терминді 1) Ашық, нақтылық; 2) адами, адамдық, өркениеттік; 3) азаматтық деген мағыналарда қабылдады.

ҚР ЕБЖМ ФК Философия, саясаттану және дінтану институтының зерттеушілерінің «Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтары мен мұраттары» атты ұжымдық монографиясында: «Мемлекеттің зайырлы сипаты дінді теріске шығармайды. Яғни зайырлылық – әр адамның дүниетанымдық еркіндігін құпташтырып, қоғамның рухани саласындағы ой-сананың көптүрлілігін мойындау. Ал зайырлы мемлекет осы көптүрліліктер арасындағы қарым-қатынастың құқықтық негіздерін қамтамасыз етеді. Тәуелсіздік нығая бастаған жылдары елімізде қоғамның дүниетанымдық атмосферасы біршама өзгерістерге ұшырады, «зайырлылық/діндарлық», «дәстүрлі діндарлық/жаңа діндарлық», «шынайы діндарлық/квазидіндарлық» сияқты дүниетанымдық жұпташылдық қатынастарда жіктелулер байқалып, өзіндік демаркациялар жасалына бастады», – делінген [6, б. 148]. Бұл қоғамымыздың дүниетанымдық тұрғыда есейе бастағының белгісін көрсетеді. Дегенмен де, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жоғарыдағы әлеуметтік құбылыстардағы ұғымдардың шатасуы болды. Қазақстанның ұлтаралық және конфессияларлық келісім моделінің негізгі рухани, әлеуметтік принциптерін барынша бекіте түсуде, сондықтан зайырлылық ұстанымын насихаттау арқылы ел бірлігін барынша нығайтуға болады. Сонымен, зайырлылық – дінсіздік ұғымын бермейді, ол кез келген жағдайда, ортада толеранттылық таныту, өзара сыйластықта, құрмет, ізет, адамгершілікті болу деген мағынаны білдіреді. Зайырлық – ұстаным, қағидат. Ал діндарлық белгілі бір наным-сенімге мойынсыну, оның заңдылықтарын қалтқысыз орындау. Осы екі күрделі де маңызды құбылыстардың үйлесімінің ұлгісіне қазақстанның зайырлылық пен діндарлық дәстүрлерін жатқызамыз. Жалпы қазақ халқының діндарлық дәстүрлеріне түркілік кезеңнен бастап халықтың ұстанған діни наным-

сенімдері кіреді. Қазақ халқының мәдениеті мен діліндегі зайырлылық пен діндарлық құбылыстары мен олардың өміріндегі орны мен маңыздылығы түрғысында, осы екі маңызды мәселелердегі қазақ халқының ұстанымдары мен көзқарастарының өткені, бүгіні, келешегі туралы қазақ халқының дамуының әр кезеңдеріндегі аталмыш мәселені түсіну ерекшеліктері ашылады. Қазақтың кең даласын мекендеген халықтардың ортақ ұстанымдары мен діни көзқарастарының үйлесім табуы олардың бейбіт қатар өмір суруімен дәлелденеді. «Қазақстандағы зайырлылық» мәселесі мемлекеттің дінге қатынасы, шіркеу мен мемлекеттің бөлінуі, дінге қоғамдық көзқарас және т. б. сияқты әртүрлі аспектілерге қатысты болуы мүмкін. Соңғы онжылдықтарда Қазақстан шіркеу мен мемлекетті бөлу қағидатын қолдай отырып, өзінің зайырлы мәртебесін нығайтуға ұмтыла бастады. Сонымен қатар, діни қауымдастықтар қазақстандық қоғамда маңызды рөл атқаруды жалғастыруда және діни құндылықтар көбінесе өмірдің әртүрлі салаларына, соның ішінде мәдениетке, білімге және қоғамдық қатынастарға әсер етеді. Әлеуметтанушылар мен саясаттанушылардың зерттеулері Қазақстандағы зайырлылық дәрежесін, сондай-ақ халықтың осы мәселеге қатынасын жақсы түсінуге көмектеседі.

Қазақстан территориясында өмір сүріп жатқан қазақ, орыс, өзбек, неміс, кәріс, еврей, неміс, әзіrbайжан, украин, қырғыз, түрік, курд, ұйғыр, дүнген және т.б. ұлт өкілдері өзара тату-тәтті, зайырлы, толерантты көзқараста, өзара келісімде өмір сүруде деуге болады. Елімізді мекен еткен ұлт өкілдерінің өзіндік діни наным-сенім, діни орталықтардың, тілдің, мәдениеттің өмір сүруі шартты құбылыс. Осы түрғыдағы мемлекет тарпынан жүргізіліп отырған кемел саясатының нәтижесінде дінаралық, ұлтаралық келісім де өз деңгейінде, толерантты түрде жүзеге асуга. Зайырлылық пен толеранттылық ұстанымдары – Қазақстан Республикасының басты стратегиялық ұстанымдарының бірі. Діни сенімдердің әралуандылығын де кейбір радикалды топтардың әртүрлі қақтығыстардың негізі етіп алғып жатқанын біршама елдердің әлеуметтік кеңістігінен байқаймыз. Міне сондықтан әрбір азаматтың еркіндігі мен бостандығын қорғау зайырлы мемлекеттің негізгі парызы.

Негізінен, дуниежүзілік тәжірибеде мемлекет пен дін қатынасының екі типі қарастырылған. Бірінші – мемлекет діннен ажыратылған, екінші – мемлекеттегі белгілі бір дінге дәлірек айтсақ, конфессияға немесе діни ұйымға басымдық пен мемлекеттік мәртебе беріледі. Қазақстан Республикасының Конституциясының негізінде өзін зайырлы мемлекет ретінде жариялаған бірден бір мемлекеттердің бірі. Қазақстан зайырлы елдер қатарында, мемлекет пен дін жеке дара өмір сүреді, мемлекет діннен ажыратылған және мұны елдің Конституциясы айқындейды. Мемлекеттің қызметі азаматтық заң функцияларымен реттеледі, барынша дін істеріне араласпайды. Ал діннің қызметі діни нормативтермен реттелінеді, мемлекет жұмысына араласпайды. Яғни Қазақстан Республикасының кез келген азаматы қандай да бір көзқарас, наным немесе сенім ұстанамын десе де өз еркіне берілген, дегенмен дерадикалды діни топтарға қосылу және оның мұдделерін жарнамалау заң

аясында шектелетінін ескере кету қажет. ҚР Конституциясында көрсетілген арұждан бостандығы талаптарына сай адамды сеніміне және қозқарасына байланысты қудалауға тыйым салады. Яғни, дін заңмен қорғалады. Алайда дін нормалары мен тәжірибесі азаматтық заң нормаларына қайшы келмеуі тиіс. Дін саясатпен шұғылданбауы керек. Бір сөзben айтқанда, құрылымдары мен институттары Конституциямен баянды етілген мемлекет жұмысына дін ешбір кедергі келтірмеуі абзал. Жоғарыда айтылған тұжырымдарға сүйене отырып, яғни дін де, дінсіздік те Қазақстан Республикасында бар құбылыстар еken даусыз және оған деген жалпы қозқарастың зайырлы сипатта деуге негіз бар.

Олай болса, зайырлылықтың философиялық және әлеуметтанулық талдауы әртүрлі тәсілдер мен тұжырымдамаларды қамтитын көпқырлы зерттеу болып табылады. Олардың ішінде зайырлылыққа либералды және прагматикалық қозқарастарды ажыратуға болады. Батыс дәстүріне негізделген либералды модель дін мен мемлекеттің толық бөлінуін білдіреді. Сонымен қатар, Орталық Азияда зайырлылық көбінесе жергілікті мәдени және діни ерекшеліктерді ескеретін прагматикалық қалыпқа келу түрінде көрінеді.

Қараханидтер дәуірінде зайырлылыққа деген қозқарас енді қалыптаса бастады, бұл зайырлы билік пен діни нормалар арасындағы өзара әрекеттесудің ерекше жүйесінде көрінді [7]. Зайырлылық құбылысын зерттеу Орталық Азияда болып жатқан әлеуметтік-мәдени үдерістерді түсінудегі маңызды аспект болып табылады. Зайырлылық қоғамның жеке басын қалыптастыруға, сондай-ақ Әлеуметтік және құқықтық институттарға, аймақтың саяси және экономикалық тұрақтылығына айтарлықтай әсер етеді. Діни экстремизм сияқты заманауи сын-қатерлер дәуірінде зайырлы институттардың тарихи тамырларын түсіну ерекше маңызға ие болады. Зайырлылық плюрализм мен адам құқықтарын қорғаудың негізі болып табылады. Бұл әсіресе Қазақстан сияқты көпұлтты және көпконфессиялы елдер үшін өте маңызды. Тиісінше, зайырлылықтың тарихи тәжірибесін зерттеу қазіргі қоғамдағы діни және зайырлы мұдделерді теңестіруге көмектесетін тиімдірек механизмдерді құруға жол ашады.

Дүниежүзілік тәжірибелерде зайырлылық сипатының алуан түрлілігі байқалады. Осы орайда С.Е. Нұрмұратов: «Дін мәселелері бойынша Философия, саясаттану және дінтану институты ғылыми зерттеулерінің жағдайы мен болашағы» атты мақаласында: «Мәселен, әлемдегі Иран Ислам Республикасы, Пәкістан Ислам Республикасы, Сауд Арабиясы Корольдігі, Ватикан сияқты елдерде діндер өздерінің қызметін мемлекеттік ресмиленген құқықтық деңгейде атқаруда. Дегенмен, әлемдегі өркениетті елдердің көбісі өздерін «зайырлы мемлекеттерміз» деп жариялаған және олар өздерінің заң жүйесінде азаматтық құқықтарды негізгі басымдылық ретінде бекіткен. Осындағы мемлекеттердің ішінде егеменді Қазақстан Республикасы да бар және ол өзін қазіргі замандағы, өркениетті, демократия жолын ұстанған зайырлы мемлекеттер қатарына қосады, сонымен қатар ол барлық діндерді және діндарлардың құқықтарын, қозқарастарын сыйлайтынын жария еткенібаршаға мәлім», – дейді [8]. Бұдан шығатын қорытынды түйін кейбір елдер

зайырлылықтың ұстанымдарын қағаз жүзінде жариялағанымен, шындығында 100 пайыз зайырлылық ұстанымдарын қолданбайды.

«Зайырлылық» ұғымын тереңірек зерделеп, зерттеу көпүлттү, көпконфесиялы елдерде тұрақтылық орнатуда маңызды рөл атқаратын маңызды инструменттердің бірі бола алатыны сөзсіз. Зайырлылық – азаматтық құндылықтарды, адамның ар-ұждан және діни сенім бостандығын айқындайтын дүниетанымдық азаттық, сонымен қатар рухани саладағы ойдың көптүрлілігін құптайтын, адамгершілік-өнегелілік және құқықтық құндылықтарға негізделген жүйе. Зайырлылық ұғымы кең ойлау, толерантты болу, ашық болу, төзу, шыдау деген ұғымдармен туыстас, мағыналас. Досай Кенжетай: «Зайырлылық – дін емес. Егер зайырлылық өз алдына дін болса, онда жастарымыздың оған қарсы психологиялық наразылық танытуы, өзінің діни сенімін қорғау мақсатында мемлекетке оппозициялық міnez танытуы объективті тұлғалық қасиет саналар еді. Бірақ зайырлылық – дін де, идеология да, идея да емес, ол – ұстаным. Сондықтанда оның қандай ұстаным, негізгі қызметі қандай, қоғамға қай деңгейде, қай қабаттарда пайдалы болады?», – деген сұрақтардың нақты жауабына қанығып алған дұрыс. Яғни, ең алдымен зайырлылық ұстанымының мәні мен табиғатын тану – шарт. Мемлекет те, дін де адамсыз бос ұғым. Ақиқаттың өлшемі де, мақсаты да, мұраты да, ұстанымы да – адам. Зайырлылық ұстанымының да болмысқа қатысты қыры бар. Бірақ зайырлылық ұстанымы мемлекеттің сипатын анықтайды. Ал мемлекеттің әлеуметтік, саяси және құқықтық негізгі жүйесінің діни қағидаларға сүйенбеуі зайырлылық ұстанымының сипатын көрсетеді. Яғни, зайырлылықтың мемлекет болмысина қатысты қағида, ұғым екендігін көруге болады. Байқасаныз, дінді мемлекеттен бөлетін, діни негізге сүйенбейтін, діндерге тарапсыз қарайтын адам емес, мемлекет. Ал адам – жеке тұлға, азамат, діндар ретінде дінге тарапсыз қарай алмайды. Діни таным да зайырлы дүниетанымның бір бөлігі болып табылады», – дейді [9].

Сонымен зайырлылық ұстанымдарының негізгі шарттары бойынша елдегі орын алған зайырлы жүйеде діни білімге де, дінтанулық білімге де тыйым салынбайды. Керісінше, еліміздің заңнамалары аясында дін және дінтану саласында Қазақстан Республикасының Конституациясында дін мемлекеттен бөлінген делінбеген. «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының заңының 4-ші бабында «Діни бірлестіктер мемлекеттен бөлінген». Демократиялық қоғамда дін міндетті мемлекеттік мәртебеге ие емес, бірақ оның өз орны бар. Конституциямыздың 5-ші бабында: «Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әр алуандылық танылады», – делінген [10]. Дін тек сөз жүзінде емес, Қазақстан Республикасының Конституциясы бұл тұжырымы дүниеге деген әр идеологияны заң алдында теңдігін, бірақ ешқайсысының анық міндетті еместігін көрсетеді. Конституцияның бұл бабынан экстремистік, радикалдық емес идеологиядан басқалар, діни де, атеистік те көзқарастар мәдени өмірімізде, бұқаралық ақпарат, сондай-ақ азаматтардың қалауына байланысты меншік түріне қарамастан оку орындарында уағыздалуы мүмкіндігін

байқаймыз. Әлбетте, бүгінгі таңда Конституция берген бұл мүмкіндікті толық пайдалану оңай емес.

Келесі тоқталатын тақырып зайырлылық турасындағы зерттеу жұмыстарының ішінде зайырлы мемлекеттердің классификациялық (жіктемелік) өлшемдерін жасаған Ресей ғалымы И.В. Понкиннің зайырлылық модельдері. И.В. Понкин ең алдымен, мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы әріптестіктің болуы қажеттігін, содан соң мемлекеттің құқықтық жүйесіне діннің ықпал ету дәрежесінің болуы шарт дейді. Ол өз енбектерінде зайырлылықтың классификациясын зерттеу барысында зайырлылықтың негізгі 4 моделін анықтайды:

1. преференциялық
2. эквипотенциялық
3. контаминациялық
4. идентификациялық

1-ші модель «Преференциялық қалып» латын тілінен артық көру болып аударылады және көптеген Еуропа мемлекеттеріне тән. Негізгі белгілері: тарихи уағдаластық, келісім, бірнеше дінге басымдық беруі, мысалы, Германиядағы лютерандық пен католик бағытының дамуына жағдай жасалған (бұл жерде салыстырмалы түрде православияның өрбүіне ондай артықшылықтар берілмейді). Кейбір Еуропа мемлекеттерінде мемлекет басшысы бір діни ұйымға мүше болуы шарт. Осындай модельдегі кейбір мемлекеттерде мемлекет басшылығы қызметіне тағайындалардадіни кітапқа қолын қойып ант береді.

2-ші модель «Эквипотенциялық қалып» деп аталады. Дінді мемлекеттен оқшаулау. Мемлекеттің діни ұйымдарды мемлекет пен қоғамдық шаралардан тыс ұстауы. Мұндай мемлекеттер қатарына Жапония, Қытай Халық Республикасы, Оңтүстік Корея, ішінара АҚШ мемлекеттің жатқызуға болады. Оған тән белгілер: мемлекеттің дінді барынша мемлекеттен оқшаулайды. Мемлекеттің заныда діни ұйымдардың ар-намысы, талаптар бекітіліп, мемлекет бақылауында болады. Діни ұйымның рәмізі мемлекеттік рәміздерде қолданылмайды, мемлекеттік сот жүйесінде рухани сот бірлестігі болмайды.

3-ші модель «Контаминациялық қалып» деп аталады. Дін мен зайырлылық ұғымының шекарасының әлсіздігі, діни құқық нормаларының мемлекеттің құқықтық жүйесіне салмақты ықпал. Контаминация (латын тілінде contaminatio – араласу, біргігу), ислам әлеміндегі мемлекеттерге тән. Әлемдегі отыздай мемлекеттің басым көпшілігін мұсылмандар құрайтын елдер бар. Халық санының 20-30 пайызын мұсылмандар құрайтын мемлекеттер бар. Индонезиядан Мароккаға дейінгі «Ислам доғасы» деп аталатын елдер. Кейінгі 20-30 пайызды құрайтын елдерге Израиль, Лаос, Мьянма, Тайланд, Монголия, Камбоджа сияқты мемлекеттер жатады.

4-ші соңғы моделі «Идентификациялық қалып» мемлекет бірнеше діни ұйымдармен әріптестік пен серікtestіk орнатады; дәстүрлі діндерге мәдени құндылық ретінде қолдау білдіріп, олардың білім беру орындарында оқытылуына мүмкіндік жасайды. Идентификациялық көпшілтты мемлекеттерге тән: (Франция, Ресей, Балтық жағалауы, Украина т. б) жатады [11].

Сондай-ақ, қазіргі қоғамда жалпы зайырлылықты үш топқа жіктең қарастырады:

1. Клерикальдық жүйеге жақын зайырлылық үлгілері.
2. Конкордаттық жүйеге жақын зайырлылық үлгілері.
3. Діндерге құқық берілетін зайырлылық үлгілері.

Клерикальдық жүйеге жақын зайырлы мемлекеттерге Түркия, Малайзия, Белорусия секілді мемлекеттер жатады. Себебі бұл елдер зайырлы болғанымен территориясы мен халқының тарихи танымында ерекше рөлге ие бір дінге мемлекеттік тұрғыдан қолдау көрсетіп отыр. Дегенмен, мемлекеттің саясатына дінді араластырмайды. Егер де дін әлеуметтік және рухани тұрғыда күшейіп келе жатса, оған шектеу де қойылады.

Конкордаттық жүйеге жақын мемлекеттер Ауғаныстан, Мысыр, Ливан жатады. Мысалы Мысыр зайырлы мемлекет болғанымен кейір тұстарда ислам діні өкілдерімен санастып отырады. Тіпті, ислам дінін оқытатын оқу орындарын оқу орындарын мемлекеттік қазынадан қаржыландырады. Ливан мемлекеті «Хизбуллах» секілді діни ұйымның өкілдерімен санасуға мәжбүр. Әлемдегі мұсылмандар елдер зайырлы мемлекет болып саналады. Конституциялары Құран мен шариғатқа негізделген мемлекеттің басқару жүйесіндегі саяси билік дін басшыларының қолында шоғыранады.

Діндерге құқық берілетін зайырлы мемлекеттер өздерін зайырлы мемлекетпіз деп жариялағанымен, зайырлылық әртүрлі қалыпта жүзеге асады. Мысала, АҚШ та президенттік қызметке Інжілмен ант беру арқылы кіріседі, Конгресс мәжілісін христиан капелландары ашады.

Түркістан облысы Дін мәселелерін зерттеу орталығының қызметкері А. Дүйсен: «Қазіргі уақытта еліміздегі қызмет етіп жатқан конфессиялар – Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы, Қазақстан Республикасындағы Митрополит округі, Қазақстандағы Рим-Католиктік шіркеуі, Протестантизм, Қазақстандағы Иудаизм, Буддизм, Христиандық бағыттағы тұрлі діни ұйымдар бейбітшілік пен келісімді және қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етуде. Мемлекеттің конфессиялары қелісіміне қатысты ұстанымын ең алдымен оның жүргізіп отырған саясатымен заңдарынан көруге болады. Алғашқы тәуелсіздік жылдары Конфессиялары қелісімнің Қазақстандық үлгісінің ортақ шешімі: бір жағынан, кеңестік атеизм жолымен журмеу, екінші жағынан – діни фанатизмге ұрынбау позициясын тандағы: «екі шектеу – діни фанатизмнен және абсолютті атеизмнен сақ болу бірдей маңызды» еді», – дейді.

Зайырлылықтың қазақстандық бірегей тарихи-мәдени жағдайларға, қоғамдық дамудың өзіндік ерекшелігіне ие бола отырып, әлемдік қауымдастық мойындаған мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың өзіндік моделін іске асырды. Мемлекетіміздің зайырлылығы – конфессиялары қатынастардың негізгі сипаты болып табылады. Зайырлылық моделінің негізі ар-ојдан бостандығы, діни нанымдардың тенденциясы, діни конфессияларға қатысты саяси биліктің бейтараптығы, тіліне және діни көзқарасына қарамастан, әркімнің жеке сенімдеріне құрметпен қарау болып табылады. Діни сенім бостандығы –

бұл демократияшыл қоғамның іс-әрекет етуінің қажетті өмірлік шарты, адамның құқықтары мен бостандықтары жүйесінің негізгі элементтерінің бірі. Республикада дәстүрлі діни бірлестіктерден бастап, бұрын елде ұсынылмаған жаңа діни бірлестіктердің кең спектрі ұсынылған. Әр түрлі қөзқарастарға, дәстүрлер мен мәдениеттерге қарамастан, Қазақстан діни қақтығысы жоқ мемлекет болып табылады. Сонымен, мемлекеттің зайырлылық ұстанымы – Қазақстан халқының маңызды жетістігі мен құндылығы. Заң нормаларына сай мемлекет дінді саясиандырауға жол бермейді, сондай-ақ діни бірлестіктер мен конфессиялардың дамуына, дінге сенушілердің діни жоралығаларын жасауға кедергі жасамайды, билік конфессиялар мен діни бірлестіктердің ішкі, канондық мәселелеріне араласпайды. Бұл ретте мемлекет барлық діни бірлестіктердің ішкі тәртіпперінің сақталуын қадағалайды. Мемлекет – ар-ождан бостандығы мен Құдайға сену немесе сенбеу құқығын құрметтейтін бейтарап құрылым ретінде әрекет етеді. Ар-ождан бостандығы – ең алдымен жеке адамның кез келген идеологиялық бақылаудан бостандығын білдіретін адамның негізгі жеке құқықтарының бірі, әркімнің рухани құндылықтар жүйесін өз еркімен таңдау құқығы. Қазіргі уақытта Конституцияның ережелері негізінде 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» КР заңы қолданылады. Конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделінің сипаттамасынан көріп отырғанымыздай, Қазақстандағы конфессияаралық қатынастар жүйесі тұстастай алғанда айтарлықтай тұрақты, бірақ сонымен бірге бұл тұрақтылықты сақтау керек, оны саналы түрде қолдау қажет, өйткені елде және әлемде болып жатқан процестер әрқашан өзгеріп түрады [12].

Сондай-ақ, діннің рөлінің артуымен қатар, халықтың бір бөлігінде дінге қатысты жағымсыз аспектілер пайда болғаны жасырын емес. Атап айтқанда, елде ежелден қалыптасқан негіздерге, ұлттық дәстүрлер мен мәдениетке қарсы тұратын азаматтар саны артты. Дәстүрлі емес діни ағымдар пайда болып, дінге сенушілердің кейбір бөлігі діни агрессия көрсете бастады, бұл елдің, оның азаматтарының қауіпсіздігі мен тұрақтылығына қауіп төндіретін фактор болып табылады. Тұындаған мәселелерді ескере отырып, мемлекет халықтың қауіпсіздігін нығайтып, қоғамда бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз ету, сондай-ақ жастарды және бүкіл өскелең ұрпақты діни экстремизм мен терроризмнің ықпалынан қорғауға міндетті.

Қазақстан Республикасында мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесі ынтымактастық сипатына ие деген қорытынды жасауға болады. Бұл діни бірлестік өкілдерінің қоғам өмірінің әртүрлі салаларында өздерін көрсетулеріне мүмкіндік береді. Осы ретте, атқарылған нәтижелі жұмыстарға қарамастан, мемлекет, азаматтық қоғам, сондай-ақ діни бірлестіктер конфессияаралық келісім мен тұрақтылықты сақтауда бірлесе жұмыс жасау керек. Қазақстандағы зайырлылық феноменінің құқықтық негізі бар және ол Қазақстан территориясын мекен ететін барша халық қазіргі таңда зайырлылық құбылысын мойындайды жәнеоны өмір салты ететіндерге құрметпен қарайды. Бұл тұжырымдар қазіргі таңдағы еліміздегі зайырлылық

феноменінің бірден-бір құқықтық нормативтік заң үлгісінің бастауын байқатады.

ҚР Конституциясы негізінде елімізде өмір сүретін барша ұлт өкілдерінің этностық өкілділігіне, нәсіліне, жынысына, діни көзқарастарына қарамастан тең құқылығын қамтамасыз етеді. Осы түрғыдан алғанда Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелері нақты байыпталған. Мәселен, оның 13 бабының, 2 тармағында былай жазылады: «Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мұліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» [1]. Жоғарыда аталған заңдар аясының ұстанымдарына сүйене отырып, Қазақстан территориясын мекен ететін әрбір адамның тең құқылы екендігін және оның мемлекет үшін ең бағалы, құнды қазына екендігіне шұбә жоқ. Жалпы зайырлылық сипатта өмір сүру дағдысы мен өмір сүру үрдісі, зайырлылық дәстүрлері кейінгі жаңа дәуірде ғана пайда болған жоқ, ол сонау ерте тарихи кезеңдерден бастау алған құбылыс екені белгілі. Оған Қазақстанға исламның келуіне дейін қазақ халқы әртүрлі тарихи кезеңдермен діни жағдайларды басынан өткергенін атап өтуге болады. Тәңіршілдік, Шамандық, Зороastrлық секілді діни ұстанымдарың элементтері этникалық сананың құрылымынан толықтай жоғалып кеткен жоқ. Ол халқымыздың діни санасындағы заманауи исламның құрамдас бөлігі ретінде өмір сүріп жатқаны жасырын емес. Қазақ даласының жазылмаған заңдылықтары ерте және орта дәуірдегі зайырлық құбылысының болғанына кепіл болады. Олай дейтін себебіміз қазақ халқының өткенине, өмір салтына назар аударсақ, қазақ халқы ешқашан да дінге көз жұма қарап немесе мұлдем бас тартып, немесе оған бас ұра беріліп, фанатизмге немесе көзсіздікке ұрынған емес, оған дәлел ретінде ата-бабаларымыздың далалық еркін мәдениеті, әдебиеті, өнері, философиясы және ерекшелігін айқындайтын ұлттық киім кию үлгісін атап өтуге болады. Осылардың барлығы халқымызың тарихында далалық демократияның элементтері болғанын білдіреді. Сондай-ақ, адамның табиғатын түсінудің өзі бір керемет дүние екенін түркі дәуірінің ойшылдары жақсы түсінгенге ұқсайды. Ал адамның бойындағы нәпсіге, яғни табиғи қажеттіліктеге, инстинктік құрылымдарға қарай бейімділік белгілі бір қалыптан артып кеткен жағдайда ол өзімшілдіктің түрпайы кейпіне енеді. Адам табиғи мұдделерін қанағаттандыру мақсатын жүзеге асыру жолында жүріп рухани құлдыраудың сүрлеуіне қалай түсіп кеткенін байқамайды. Сөйтіп, ол өзінің іс-әрекеттерінің өзгеге де, өзіне де жамандық әкелгенін соңынан ғана сезеді. Соңғы уақытта еліміздің саясаткерлері осы мәселені барынша өзектендіруде. Жалпы зайырлылықтың сипаттамасы мен тұжырымдары оған деген әртүрлі көзқарастар жайында тоқталуға болады. Сонымен қатар, қоғамдағы зайырлылық құбылысының ерекше заңнамалық аспектісін Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы заңының преамбуласынан көре аламыз. «Осы Заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-ождан бостандығы мен құқығын растайтынын,

әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін, ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танитынын, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алады» [12, б. 2].

Берілген бөлімде айтылған ережелер мен ұстанымдар қазіргі тарихи кезеңдегі зайырлылықты нормативті құқықтық тұрғыдан қорғаудың негіздерінің ең басты құжаты КР конституциясы екенін аңғартады. Зайырлылық тұрғысында Қазақстан Республикасының экс Президенті Н.Ә.Назарбаевтың осы тұрғыда айтқан тұжырым сөздері де қоғамдағы зайырлылық құбылысының сипатын біршама аша түскендей: «Зайырлы мемлекет пен қоғам бұл – біздің тарихи таңдауымыз. Зайырлы атеистік дегенді білдірмейді. Зайырлы дегеніміз бұл – озық, толерантты, ашық қоғам» [13, б. 2]. Демек, зайырлылық қоғамдағы шектелген дүниетаным емес, ол адамға қатысты барлық қозқарастардың тең құқықты векторларын сипаттайтын құбылыс. Мемлекеттің зайырлылық қағидаттарын берік ұстану – біздің қоғамымыздың тұрақты дамуының берік кепілі болатыны анық. Зайырлылық дәстүрлері қазақ халқының дәстүрлі және заманауи мәдениетіндегі ертеден келе жатқан өзіндік тарихи мұрасы.

Зайырлы мемлекетте мемлекет пен қоғам институттарының күші діни институттар мен діндерден бөлінеді. Бұл дегеніміз, Үкімет діни доктриналарға негізделген шешімдер қабылдамауы керек және кез-келген нақты дінге артықшылық бермеуі немесе кемсітпеуі керек. Кеңестік қоғамда ар-ождан мен дін бостандығына кепілдік беріледі, ал діни нанымдар азаматтардың жеке істері ретінде қарастырылады, бұл мемлекет тараапынан араласуға жатпайды. Қазақстан контекстінде мемлекеттің зайырлылығы дін мен саясаттың бөлінуінде, діни доктриналардың заңдар мен саяси шешімдерге тікелей ықпалының болмауында көрінеді. Билік діни сенімдерге қарамастан заңдар, Конституция және өзінің қоғамдық мұдделері негізінде жүзеге асырылады. Бұл барлық азаматтар үшін, олардың сенімдеріне қарамастан, заң алдындағы теңдікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және қоғамдағы әртүрлі діни және этникалық топтардың үйлесімді өмір сүруіне ықпал етеді. «Қазақстан – зайырлы мемлекет. Азаматтарды ар-ождан бостандығымен қамтамасыз ете отырып, мемлекет, дегенмен, қоғамға өз бетінше біздің дәстүріміз бен заңдарымызға қайши келетін әлдебір қоғамдық нормаларды тықпалайтын әрекеттерге өте қатаң қарсы тұратын болады. Осы іргелі тұжырымды Қазақстан Республикасының қазіргі таңдағы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Қазіргі Қазақстан — бұл нарықтық экономикасы бар, демократиялық, зайырлы мемлекет» және «Қазақстан барлық дәстүрлі діндерге төзімділікпен қарайтын зайырлы мемлекет саналады және алдағы уақытта да солай бола беретіні анық» [14, б. 3], – деді.

Сонымен, зайырлылық – әр адамның нәсіліне қарамастан, әр азаматтың қандай да бір дінге сену яки сенбей мәселесіне араласпайтын демократиялық

мағынадағы ұстаным. Яғни бұл ұстаным адамның ар-ожданының моральдық болмысы еркіндігіне мүмкіндік береді. Бұл ретте мемлекет азаматтардың арасындағы қарым-қатынасты тек құқықтық негізде шешуді қамтамасыз етеді. Жоғарыда аталған тұжырымдар қоғамдағы зайырлылық құбылысын сипаттайтын құқықтық негіздерін толықтыра түсетең қанатты сөздерге айналғандай деп есептейміз. Қазақстан Республикасының Конституциясының 20 бабының III тармағында: «Республиканың конституциялық құрылышын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді», – делінеді [1]. Бұл орайда еліміздегі төзімділік, толеранттықтың маңызды рөлін атап өтеміз.

Сонымен жоғарыда зайырлылық және діндарлық үлгілерінің халықаралық жіктемелері мен аспектілерін туралы И.В. Понкиннің түсініктемелерінен танысуға мүмкіндік туды. «Зайырлылық» ұғымына француз философы Эмиль Литtré «Барлық культтерге бейтарап қарайтын, діни басшылықтан тәуелсіз және кез келген теологиялық тұжырымдамадан азат мемлекеттің белгісі» деген анықтама береді. Жалпы зайырлылық ұғымының ауқымы кең, мағынасы терең. Мәселен, төмендегі тұжырымдарға назар аударып көрейік: «Бұқаралық сананың діндарлық үрдістері қарама-қайшылықтарға толы, ал олардың рөлі біржақты емес болып көрінді» [15]. Мысалы, Иранда дін мемлекеттік үлгінің күрделі динамикасын көрсетеді, онда дін орталық басқарушы міндетін атқарады. Қоғамдық және әлеуметтік салаларда азшылық құқықтары мен діни еркіндікке қатысты белгілі бір түйіткілді мәселелерге апарады. Дегенмен де ирандық діндарлық үлгісі белгілі бір елдің тарихына, мәдениеті мен дәстүрлеріне тәуелділік. Бұл үлгіні сыни және объективті зерттеу мүмкіндік береді. Өзінің артықшылықтары мен кемшиліктерін түсіну және мүмкін деп санау, сондай-ақ діни құндылықтар мен азаматтардың құқықтары арасындағы тепе-тендікті қамтамасыз ету тәсілдері. Ал «Түрік лайцизмі толық мемлекет дегенді білдіреді дінді бақылау және діни мазмұннан азат құқықтық жүйе. Г. Жүсіпбектің пікірінше, «Түркия әлі де түбебейлі трансформацияға – белсенді зайырлылықтан өтуге көшуде деп есептейді зайырлы және діни құндылықтардың тепе-тендігін білдіретін пассивті және осыған байланысты Орталық Азия елдерінде толерантты, тұрақты және өміршеш қоғам құру үшін ең жақсы таңдау болар еді» [16, б. 32]. Мұнда автор зайырлылықтың түркиялық моделі Орта Азия үшін қолайлы әрі дұрыс үлгі еткенін айтты.

«Заманауи Ресейдегі дін және мемлекет» атты ұжымдық мақалада Н.Ж. Байтенова бастаған бірнеше ғалымдар Ресейдегі зайырлылыққа сипаттама береді: «Ресей зайырлы көп ұлтты және көп дінді федеративтік мемлекет. РФ Конституциясының 14 бабында Ресей – зайырлы мемлекет, ешбір дінге мемлекеттік және міндетті мәртебе берілмейді деп көрсетілген. 28 бапта әркімге ар-ұждан және діни сенім бостандығы берілген, мемлекеттік және қоғамдық, жеке меншік білім беру ұйымдарында діни ілімді оқытуға жол берілмейді деп айқындалған. 1997 жылы Ресейде ар-ұждан бостандығы және діни бірлестіктер

туралы заңы қабылданды. Заңның кіріспесінде православияның Ресей тарихы, мәдениеті мен руханиятының қалыптасуы мен дамуында айрықша рөлін мойындайтыны, ислам, буддизм, иудаизм және басқа да діндерді Ресей халықтарының тарихи мұрасының ажырамас бөлшегі ретінде құрметтейтіндігі атап көрсетілген» [17, б. 4].

Сонымен I-ші тараудың I-ші бөлімін қорыта келе елімізде бүгінгі таңда 130-дан аса ұлт өкілдері мекен етсе, олардың әрқайсысының өз тілдері, мәдениеттері бар және олардың өзара өз ана тілдерінде сөйлесуге, пікір алмасуға, ҚР заңдылықтарына қайшы келмейтін діни ұстанымдарын ұстануға, діни мерекелерін тойлауға құқықтары бар. Қазақстан Республикасының әлемдегі бейбітшілікті сақтауда өзіндік рөлі бар, зайырлылық пен діндарлық үлгілерінің өзара тығыз байланыста ұстап отырған бірден бір елдердің санатында. Мысалы, 2010 жылы ЕҚҰҰ-на төрағалығы қызметін «4 Т» ұстанымымен жүргізгенеді: 1. Trust (Сенім), 2. Traditions (Дәстүр), 3. Transparency (Ашықтық), 4. Toleranse (толеранттылық). Толеранттылық шыдамдылық, төзімділік мәнін береді. БҰҰ-ның Адам Құқықтары жөніндегі Конвенциясына сәйкес және жоғары жалпыадамзаттық құндылық ретінде бағалай отыра, барлық пікірлерге төзімділік танытуы қажет. Яғни зайырлықтың астарында өзара төзімділік деген үлкен мән-мағына жатыр. Дәстүрлі исламдық бірегейлікті деқонструкциялау ислам қоғамының жойылуының, құндылықтардың идеологиялық бағдарларының бөлшектенуі мен өзгеруінің жағымсыз салдарларына әкеледі. Сондықтан діни және зайырлы ұстанымдардың өзара әрекеттестігіне бағытталған тұрақты дүниетанымдық парадигманы қалыптастыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Аталмыш тараудың I -ші бөлімінде қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылық дәстүрлерінің қазақ халқының менталитетінің ажырамас бөліктегі екенін айшықталды. Зайырлылық феноменінің теориялық-әдіснамалық қыры ашылды. Аталмыш бөлімнен келесі тұжырым алынды: «Адамзат тарихында әр уақытта ғылым мен діннің өзара ықпалы болған. Өйткені, әлеумет дәлелді және дәйекті ақпаратқа зәру болса, діндарлық сан ғасырлардан бері қоғамдық сананың өзегіне айналып келген. Сондықтан бұл құбылыстарды зерттеудегі нақты тарихи негіздер бар. Олар теориялық және әдіснамалық тұрғыда нәтижелерге арқа сүйеуі шарт. Адам білімге де, діни сенімге де ұмтылып келген, сондықтан тарихта зайырлықтың өзіндік дәстүрі қалыптасқаны белгілі».

Келесі бөлімшеде қарастыратын маңызды тақырып «Діндарлықты зерттеудің теориялық-әдіснамалық, тұжырымдамалық тәсілдері мен қағидаттары» деп аталады.

## **1.2      Діндарлықты      зерттеудің      теориялық-әдіснамалық, тұжырымдамалық тәсілдері мен қағидаттары**


Діндарлық құбылысын зерттеу – әртүрлі теориялық, әдіснамалық және тұжырымдамалық тәсілдерді қажет ететін құрделі және көп қырлы үдеріс. Зерттеу барысы діндарлықтың әртүрлі қырларын ашып, оның адамның рухани

және әлеуметтік өміріндегі маңызын түсінуге бағытталады. Тұжырымдамалық қағидаттар мен әдіснамалар діндарлықты жан-жақты зерттеуге және осы феноменнің адам өміріндегі мәнін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ халқының рухани әлеміндегі діндарлық дәстүрлерінің тарихы көнеден бастау алады. Фетишизм, анимизм, тотемизмнан басталып, Митра, Шамандық, Зороастрлық, Тәңіршілдік және Исламмен жалғасады. Ғасырлар бойы қазақ халқы ислам дінінің элементтерін ежелгі шамандық және тәнірлік нанымдар, зороастрлық элементтермен, сондай-ақ салт-дәстүрлерінің парадигмасымен үйлесімді үйлестірген бірегей мәдени дәстүрді қалыптастырып, дамытты. Бұл құрделі діни-мәдени матрица өмірдің әртүрлі аспектілеріне, соның ішінде музыкаға, өнерге, әдебиетке және ауызша шығармашылыққа айтарлықтай әсер етті. Дін, әсіресе сунниттік ислам, қазақ халқының музыкалық және поэтикалық дәстүрлерінің қалыптасуына айтарлықтай әсер етті. Қазақстандықтардың басым көпшілігі ұстанатын ислам философиясы руханият пен адамгершілікке баса назар аудара отырып, әндер мен аңыздардың мазмұнына әсер етіп, кішіпейілділікке, құдайға табынуға және үлкендерге құрмет көрсетуге баса назар аударды. Дәстүрлі қазақ музыкасында домбыра поэзиясы маңызды орын алды, көбінесе құйшығармалары діни негізге ие болды. Исламның қазақстандық үлгісі халықтың рухани және әлеуметтік өміріне етене жақындей отырып, өзара синтезді үйлесімдікте болды. Мысалы, қүйлер домбырада орындалатын аспаптың шығармалар және олар көбінесе дұға мен діни рефлексияның бір түрі ретінде қызмет етті.


Алдымен, «дін сөзінің шығу төркініне тоқталсақ, (латын-орыс сөздігіндегі religio (лат.) сөзінің бірінші мағынасы – адалдық, имандылық. Ал бірінші мағынасы – адалдық, ар-ождан бойынша), екінші мағынас (лат. religare – құдайға жалғасу, religare – адам мен Құдай арасындағы үзілген байланысты қалпына келтіру мағынасында қайта біріктіру...) – адамның бар бүкіл болмыспен қандай да бір жүйелі байланысты сезінуіне негізделген дүниетаным жүйесі», – деген анықтама беріледі.

Қазақ халқының рухани әлеміндегі діндарлық дәстүрлері басқа елдердегідей келесі эволюциялық даму сатыларын басынан өткерді. Аталмыш бөлімдегі кейбір деректерді нақтылау барысында интернет желілерінен діндарлық бойынша келесі суреттер алынды.



1-сурет

<https://www.bing.com/images/search?view=detailV2&ccid=tI6FH2y>



2-сурет

Қоғамдағы діндарлық дәстүрлерін зерттеушілердің пікірінше: «Религиозизация (діндендіру) – бұл әрдайым айқын байқалмайтын күрделі құбылыс, ол нақты әлеуметтік-мәдени ел жағдайларында пәнаралық мүмкіндіктерді (методологияларды, әдістерді, тәжірибелерді) жаңғыртуды талап етеді. Религиозизацияның факторларын нақтыладап, индикаторларын бөліп көрсету, ерекшеліктерін анықтау, бағыттарды табу, трендтерді талдау үшін нақты әлеуметтік өлшемдердің фактілік деректер базасы қажет. Оған діни жағдайды мониторингтеу; діни сәйкестендіру зерттеулері; дін институтының қабылдануын, оның рөлін және функцияларын, қоғам мен жеке тұлғаға әсерінің он және теріс ықпалдарын бағалау; діни үдерістерге маңызды субъектілердің әсерін талдау; Қазақстан үшін религиозизацияның (діндендіру) даму болашағын бағалау» [18, б. 40].

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің қазіргі тарихи кезеңдегі тәуелсіздік мәселесінің тарихи маңызына арнаған тұжырымдамалық мақаласында жоғарыдағы іргелі рухани құндылықтарға ерекше маңыздылық береді [19]. Демек, іргелі рухани құндылықтарды руханият, мәдениет және діндарлық дәстүрлер мен өзара төзімділік факторларын үйлесімділікте пайдалана отырып алдыға үмтүлу, өркениетке қадам басу қажет.

Сонымен, діндарлық дәстүрлерінің құбылысы деген түсінік қайдан келді неге оны діндарлық дәстүрлері деп атауының негізгі себептеріне тоқталайық. Діндарлық дәстүрлері мен діни дәстүрлердің айымашылығы неде деген сұрақтарға жауап іздең көрсек, жалпы алғанда діндарлық дәстүрлерге халықтың діндарлық тарихынан бастап, діни сенімдері, діни көзқарастары жатады. Қазақ халқының діни дәстүрлерінің философиясы халықтың өзіндік діни дүниетанымы, ойлау үрдісі, киелілік, әулиелік, тақуалық, діни көзқарасы, діни даналығы, діни толеранттығы немесе төзімділігі, діни сенім-нанымдары, сабырлылық, қанағатшылдық секілді үғымдардың жиынтығы мен өзара байланысы деп айтуға болады. Қазақ даласында еш жерде жазылмаған заңдар: үлкенге құрмет, кішіге ізет, балаға тәрбие беру, ата-анаға құрмет, оларды қартайған шақтарында бағу, бауырмашылдық, отан сүйгіштік, әруақтарға құрмет, табиғаттағы төрт стихияға ерекше көзқарас секілді заңдылықтар мен құбылыстар да қазақ халқының ұлттық философиясын тануға өз үлесін қосады. Діндарлықты зерттеудің теориялық негіздері адамның діни сенімдері мен практикалық әрекеттерін түсінуге арналған бірнеше негізгі бағытты қамтиды. Олардың арасында психологиялық, социологиялық, антропологиялық және философиялық көзқарастар ерекше орын алады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Қазақстан халықаралық деңгейде әлемдегі діни ауызбіршілікті сақтау және оны қолдау барысында мерзімді түрде отырыстар, жиналыстар, съездер үйымдастырып тұрады. Қазақстанда өтіп жатқан әлемдік және дәстүрлі діндер съездері әлемдік қауымдастықты топтастыруға, өркениеттерді жақындастыруға және біріктіруге, трансшекаралық терроризмге қарсы бірігүгө бағытталған. Әлемдік діндер съезінің Қазақстанда өтуі дінаралық диалогтың орнауына негіз бола алды: «2023 жылғы 11 қазанды Астанада Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы – Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары Съезі Хатшылығының Басшысы М.С. Әшімбаевтың төрағалығымен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары Съезі Хатшылығының XXI отырысы өтті. Хатшылық отырысы аясында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII Съезінің қорытындылары бойынша пікір алмасу болды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың VII Съезде бастама жасаған «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары Съезінің 2023-2033 жылдарға арналған даму тұжырымдамасы» қабылданды», – делінеді [20]. ҚР діни өркениетке аяқ басқан, діни төзімділікті сақтай отырып, басқа да халықтардың діни түйіткілдеріне өзіндік үлесін қосу үшін, бейбіт келісімдер арқылы үндестікке жету барысында бірнеше алғышарттар жасады, сондай иғі істердің бірі «Дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін» мерзімді түрде өткізу.



### 3-сурет

Діндарлық құбылысын зерттеу барысында зерттеудің келесі бағыттарына басымдылық берген абзал: 1-ші психологиялық бағыт теориялар діндарлықты адамның ішкі әлемінің көрінісі ретінде қарастырады. Адамдардың жеке сенімдеріне, рухани ізденистеріне, діни тәжірибесіне психологиялық тұрғыдан талдау жасайды. 2-ші әлеуметтанулық теориялар діннің әлеуметтік жүйелермен, қоғамдағы әлеуметтік құрылымдармен және әлеуметтік институттармен өзара байланысын зерттейді. Бұл жерде діннің қоғамдағы рөлі, адамдардың діни сенімдеріне әсер ететін әлеуметтік факторлар қарастырылады. 3-ші антропологиялық теориялар бағыты діннің адам мәдениетінде алатын орнын зерттейді. Әлеуметтегі діннің әлемге деген көзқарасты қалыптастырудың рөлін, оның адамдар арасындағы қарым-қатынастарға ықпалын және мәдени дәстүрлермен байланысын зерттейді. 4-ші философиялық теориялар бағыты діндарлықтың мәнін және оның адамның дүниетанымындағы орнын терең философиялық тұрғыдан талдайды. Діннің этикалық, метафизикалық және гносеологиялық аспектілері осы бағыт қамтиды.

Сайып келгенде, диссертациялық жұмыстың басты нысанына зайырлық және діндарлық дәстүрлері жатады. Зерреліп отырған нысаналарды анықтау мақсатында тақырыпты жан-жақты талдай отырып, ҚР үлкен маңыздылыққа ие қос құбылыстың құқықтың нормалары мемлекет Конституциясында бекітілгені байыпталды. Сонымен, Қазақстан Республикасының Конституциясының I бөлімінің I бабында: «Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықты және әлеуметтік мемлекет», – деп көрсетілген [1]. Еліміздегі соңғы 5 жылдық санақ мәліметтеріне жүгіне отырып, 2019 жылғы ұлттық санақ қорытындалары бойынша елдегі діни ахуалдың жай-күйін бағдарлауға болады: «Казіргі таңда елде 130-дан аса ұлттың өкілдері өмір сүріп, ресми мойындалған

18 діни конфессия, 3000-нан аса діни бірлестіктер қызмет атқаруда. Ұлттық «Жалпы Қазақстан Республикасында діндарлардың саны 98% деп есептелінеді (шамамен 70% – мұсылмандар, 23% – православтар, 5% – басқа да конфессиялардың өкілдері)», -деді [21, б. 15]. Дегенмен де, елдегі барлық конфессиялардағы шынайы діндарлардың саны туралы деректер нақты кейіпте анықталмаған. ҚР зайырлылық пен діндарлық дәстүрлерінің теория мен әдіснамалық сипатына қатысты А.Г. Косиченко: «Қазақстандағы діндарлық турасындағы еңбектерінде өздерін 100 пайыз діндармыз деп санайтын халықтың шын мәнісінде діннің барлық канондарын толық орындамайтыны жайлы айтылады. Яғни, кейбір мәліметтердің шындыққа 100 пайыз келмейтіні байқалады. Мысалы, жоғарыда көрсетілген мәліметтер 2024-25 жылдардың этнодемографиялық жағдайға сәйкес келмейді. Өйткені еліміздегі демографиялық жағдай біршама өзгерістерге ұшырап, мұсылман дініне жататын ұлт өкілдерінің саны 70%-ке жақындалап, православия өкілдерінің үлес салмағы еларалық миграцияға байланыста біршама кеміп, артып отырғаны белгілі. Келесі дереккөздерінен елімізде жалпы саны 18 конфессияны құрайтын 3693 діни ұйым өз қызметін жүзеге асырып отырғанын көруге болады. Қазақстандықтардың 16 пайызы басқа дінге сенушілер қатарына жатады және де тұрақты түрде діни рәсімдерді орындайды. Азаматтарымыздың 75 пайызы өздерін әртүрлі дінді ұстануышылар қатарына жатқызады, бірақ діни толығымен жоралғыларды тұрақты түрде орындамайды. Азаматтардың 10 пайызы атеистік және агностик бағытты ұстанады», – дейді [22, б. 11]. Сонымен қатар, бұл демографиялық ұрдістер басымдық танытушы вектор ретінде әлеуметтік кеңістікте болашақта да сақталатын түрі бар. Қазақстанда келесі діни конфессиялардың өкілдері бар. Ислам, Христиан-православтары, Елуіншілер шіркеулері, Інжілдік христиан-баптистер, Буддизм, Иудейлер, христиан-католиктері, Ехоба куәгерлері, Пресветериандық шіркеулер, Інжілдік лютеран шіркеуі, Методистер, Жанаапостольдік шіркеу, Кришнаидтер, Жетінші күн адентистері, Бахайлар, Мормондар жатады.

Диссертациялық жұмыста діндарлық құбылысын зерттеу барысында келесі қағидаттар мен зерттеу нормалары пайдаланылды. Бұлар зерттеу үдерісінің этикалық және әдіснамалық негіздері:

а) Объективті қағидат – діндарлықты зерттеуде зерттеуші жеке көзқарасымыздан тыс болуға тырысып және діннің әртүрлі формаларын тен дәрежеде қарастыруды мақсат етілді.

ә) Құқықтық және этикалық нормалар – діндарлықты зерттеу барысында адам құқықтары мен адамгершілік нормалары сақталынып, зерттеу барысында зерттелетін тұлғалардың немесе топтардың ар-намысына, сенімдеріне зиян келтірмеу керектігі ескерілді.

в) Интерпретациялық объективтілік – діндарлықты зерттегендеге түсіндірмелер мен пікірлер мәтінін түпнұсқадан алыстамады.

Жалпы дін мәселесінің күрделі де ауқымды мәселе екенін бағдарлай отырып, оны рухани тұрғыдан зерделеп көрейік. А.Д. Шағыrbаймен бірге жазған келесі мақаламызда: «Діннің екі қыры бар. Бірі — материалдық,

екіншісі — рухани қыры. Діннің рухани қыры деп біз адамның жан дүниесіне қатысты бастыни, яғни рухқа қатысты, материалдық емес дүниені айтамыз. Діндегі ең басты нәрсе осы. Шынайы діндарлық болған жерде, кісінің барлық іс-әрекетіне жүргегіндегі иманы бағыт-бағдар беріп отырады. Рухани байыған адам Жаратушыға бет бұрған сайын өзінің менмендігінен баз кешіп, жүргегі мен рухын иманына, ал иманын жүргегі мен рухына мықтап орнықтырады. Мешіттер мен құлышылық орындары, діни символдар діннің көзге көрінетін материалдық қырлары. Ал оқылып жатқан намазды мейлінше сезініп (хушуғпен) оқу, адамның әрқандай арсыз істер мен жамандықтан ұзақ болуы нағыз діндарлық. Ислам діні жалпы төрт нәрседен тұрады: Ақида (сенім), ахлақ (мораль), ғибадат және муғамалат (сауда, неке, өсіет, мирас т.б. секілді әрқандай қоғамдық қатынастар). Енді осы төрт тақырыптың ішіндегі ең бастысы қайсы? Бірінші орында қайсысы тұрады? Міне, осы сауалдың жауабын беруде ғалымдар мен зерттеушілер пікір қайшылығына түскен. Бірқатар ғалымдар діндегі ең басты нәрсе бұл ақида, сенім деген. Ал кейбір ғалымдар моральдың басты орында тұратынын алға тартқан. Құран аяттары мен пайғамбар хадистерін сараптайтын болсақ, біз Ислам дінінде ахлақты, яғни мінез-құлыштың басты орында тұратынын аңғарамыз.

Діндарлықтың рухани қыры діннің, сенімнің ең басты қыры. Жалпы діндегі бекітілген құлышылықтардың басты функциясы – бұл адамның мінезін жақсарту. Исламдағы бес парыздың қайсыбірін алып қарасақ та, ол туралы сөз болған аяттардан оның тек мінезге қатысты екенін байқаймыз» [23]. Жоғарыда айтып откениміздей, Қазақстанда діндарлық тұрғысынан ислам діннің өкілдері басқа дін өкілдеріне қарағанда басым, елдегі ислам дінінің ұстанушыларының үлкен пайыздық мөлшері Қанафи мазhabының сунниттік ағымы, дегенмен де елде исламның шейт ағымының өкілдері де бар. Исламнан кейінгі саны жағынан көп дін өкілдері христиан-православтары, протестанттар, иудейлер, буддистер және басқа діндердің өкілдері бар.

Елдегі діни тәжірибеге тоқталсақ, оның ахуалы әр отбасында және әр аймақта әр түрлі болады. Мысалы, кейбір ауылдық жерлердің тұрмыс тіршілігінде исламдық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер өте қатты ұсталса, қалаларда зайырлылық пен діндарлықты қатар ұстанатын немесе тек қана зайырлылыққа бет бұрған және діндарлық аспектілерін өмірінің мәніне айналдырған адамдар етене аралас өмір сүреді. Жалпы қоғамдағы жағдайда мемлекеттің зайырлы бағытына қарамастан, діни құндылықтар адамдардың өмірінде маңызды орынға ие. Көптеген мерекелер мен дәстүрлер діни әдет-ғұрыптар мен әдет-ғұрыптармен байланысты. Дегенмен, көптеген қазақстандықтар, әсіресе білім, ғылым және мемлекеттік басқару салаларында зайырлы құндылықтарды да қатар ұстана алады. Қазақстан Республикасы мен халқының көшілігі дінаралық диалогты және діндердің алуан түрлілігін құрметтеуді белсенді қолдайды. Қазақ халқының рухани өмірі бай және алуан түрлі, бұл халықтың бай мәдени мұрасын айшықтайды. Діннің белгілі бір өлшемі жоқ, дінді әр адам өз білімімен, өз сенімімен, өз көзқарасымен қабылдайды. Яғни ешкім адамды дінге мәжбүрлей алмайды.

Сонымен діндарлық дәстүрлерінің бүгінгі өлшеміне сай, халықтың рухани өмірінің өзін бірнеше топқа бөліп, тағы да кеңірек үңілсек, біріншісі ислам діні, елдегі халықтардың көпшілігі мұсылмандар, ал ислам олардың рухани өмірінде маңызды рөл атқарады. Елдегі қазақ халқы өкілдерінің басым көпшілігі құнделікті өмірінің әртүрлі салаларына, соның ішінде дұғалар, рәсімдер, мерекелер мен әлеуметтік-мәдени дәстүрлерге енетін исламның Қанафит мазhabының сунниттік бағытын ұстанады. Екіншісі, дәстүрлі әдет-ғұрыптар мен жалпыға ортақ әдет-ғұрыптар. Ислам дінінің қазақстандық әр түрлі нағым-сенімдермен синтезделген қазақи мәдениетті бойына сінірген дәстүрлі ислам терминіне келеді. Үшіншісі, қазақтар үшін маңыздылыққа ие қасиеттердің бірі үлкендерді құрметтеу және қонақжайлышық дәстүрлері сияқты дәстүрлі құндылықтарды бағалайды. Аға буын мен бауырлар отбасылық және қоғамдық өмірде маңызды рөл атқарады, ал қонақтарға жылы қабақтынатып қарсы алу және жомарт көңіл мен қонақжайлышық таныту. Төртіншісі, табиғат пен жануарларға деген құрмет, қазақтардың дәстүрлі көшпелі өмір салты олардың табиғат пен жануарларға деген терең құрметі мен ыстық ықыласының нәтижесі. Олар табиғи ресурстарды құрметтейді және адам мен қоршаған орта арасындағы тепе-тендікті сақтауға тырысады. Бесіншісі, толеранттылық немесе төзімділік пен өзара түсіністік: қазақтар дәстүрлі түрде басқа мәдениеттер мен діндерге ашық және төзімді көзқараста. Елде көптеген этникалық және діни топтар тұрады, қазақ халқы өздерінің сенімдері мен әдет-ғұрыптарына деген құқықтарын құрметтейді. Жалпы, қазақ халқының рухани өмірі олардың мәдениетінің әртүрлі аспектілерімен, соның ішінде исламмен, дәстүрлі әдет-ғұрыптар мен әдет-ғұрыптармен, ақсақалдар мен табиғатты құрметтеумен, сондай-ақ басқа мәдениеттер мен нағымдарға төзімділік пен өзара түсіністікпен байытылған. Осы орайда зايырлылық дәстүрлерімен қатар діндарлық дәстүрлерінің өзара үйлесімі КР көпұлтты, көпмәдениетті, көпконфессиялы негізін құрайды.

Елде зайырлылықпен қатар діндарлық ұстанымдары тең дәрежеде екенін ескере отырып, тәуелсіздік алғанға дейінгі елдегі діни бағдардың өткеніне көз жүгіртсек, Қазақстан Республикасы 1917 жылғы Кеңес Революциясының жеңісінен кейін жылдан 1991 жылға дейін 15 одақтас КСРО мемлекетінің құрамдас бөлігі ретінде дүниетанымдық бағдар бойынша атеистік бағытты ұстанды. Дінге, дін өкілдеріне және оның қызметіне тек Қазақстан ғана емес, күллі КСРО аумағында тыйым салынды. Діни сана мен діни дәстүрлер мемлекет тарапынан қатаң бақылауға алынып, дін жолындағы тақуа, молда, ишандар коммунистік режимнің тарапынан біршама қыспақты көрді. Кеңес Үкіметі тұсындағы зайырлылық пен діндарлық қағидаттарын бір ауыз сөзben тыйым салынған құрделі құбылыстар деп те атауға болады. Тәуелсіздіктен кейін елдің өз мәдениетіне оралу, дініне оралу үдерісі қайта жолға қойылып, жаппай біртіндеп жоғалтқан рухани құндылықтарымен қайта қауыша бастады. Ол кезеңдердің жалғасы соңғы жылдарда орын алған Рухани жаңғыру бағдарламасы болды. Жоғалтқан мәдени мұралармен қайта қауышу, ескірген мереке-мейрамдарымызды, салт-дәстүрлерімізді қайта жаңғыртуға шамамен 30

жылдай уақыт кетті. Діни ұстанымдардың қалпына келуі халық үшін ерекше жақсы өсерін тигізді. Қазіргі Қазақстандағы зайырлылық пен діндарлық дәстүрлерінің қолданыстағы нұсқасы адамгершілік пен имандылықтың балансы мен үйлесімділігі.

Дін мәселесінің келесі құрделі қырларының бірі «Исламофобия» немесе «Исламнан үркітушілік» мәселелері. Өкінішке орай, бұл исламның дүниежүзілік ауқымға ие түйіткілдерінің бірі. Зайырлылық пен діндарлық өлшемдерінің теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеуде халықаралық деңгейде зерттеуші мұсылмандарға қатысты төзімсіздік пен кемсітушілікке қарсы күрес жөніндегі ЕҚЫҰ-ға тәрағалық етуші, түрік ғалымы Булент Шенайдың пікірінше, соңғы кездері исламнан үрку үдерісі белең алғанын, сонымен бірге исламофобияның қолдан жасалған тенденция екенін түсіну керек екенін айта отырып: «Исламнан үркітушілік түсінудің маңызды факторы мұсылмандардың немесе жалпы исламның мәдениет, моральдық құндылықтар мен діндарлық жағынан батыстық универсалистік құндылықтарға қарсы тұру қабілеті болып табылады. Ислам релятивизм мен плюрализмнің басым интеллектуалдық үрдістеріне дау айтқан сияқты. Жаһанданудың, оның ішінде плюрализмнің күшесінің мен халықаралық саяси тәртіптің өзгеруіне әкеп соққан жедел өзгерістер қауіпсіздіксіздік сезімін тудырады. Алайда ислам герменевтік әрі әлеуметтік жағынан да жаңа жағдайларға бейімделе алды. Бұл жағдайда исламнан үркітушілік феномені өзін Еуропадағы болмысы өзін-өзі қабылдау және басқалық дағдарысы ретінде көрінеді», – дейді [24, б. 2]. Яғни мұнда «исламнан үркітушілік» дүниежүзілік үлкен түйіткіл екенін және оның қолдан жасалған бағыт екені айтылады. Осы мәселеге кейінірек тағы да тоқталамыз. Бүгінгі таңда исламды қаншалықты қараласа да, сонау өткен ғасырларда шығыстың ғұламасы әл-Фараби оның бақытқа апарар жол екенін айтқан деген пікірде бар екенін жоққа шығармау қажет.

Дін және зайырлылық түрғысында зерттеулердің тарихи бастамасының тамыры тереңде жатқанын дәлелдейтін түйінді исламтанушы-философ Н.Л. Сейтахметова: «Әл-Фараби конфессиялық болмысқа емес, философтың гуманистік талпыныстарына сәйкес келетін дінді сынни түрғыдан түсінуге ерекше көңіл бөлді. Оның ойы жеке адам мен қоғамның ішкі және сыртқы жетілуіне қол жеткізуге баса назар аудара отырып, бақыт онтологиясына қатысты болды. Әл-Фараби рефлексиясының әлеуметтік бағыты – әл-адаб әл-мадани – қоғам мен ғарыштағы үйлесімділікке, сондай-ақ танымдық қызметтегі адамгершіліктің онтологиялық көрінісіне және діннің әлеуметтік институт ретіндеңін рөліне және бақытқа апаратын жолға бағытталды», яғни әл-Фараби дінді бақытқа апаратын бірден бір сара жол деп таныды, – деді [25, б. 10]. Әрине, қоғам болған соң дін тұрасында алуан түрлі пікірлер бар, және оның болуы қалыпты жағдай деп пайымдауға болады.

Сондай-ақ, қазақ халқының зайырлылық және діндарлық дәстүрлеріндегі өзара синтездің, үйлесімділіктің бастауы халықтың мәдениетімен тығыз байланыста екенін ескере отырып, американдық әлеуметтанушы-саясаттанушының С. Хантингтонның пікірінше мәдени тамырлар дүниетаным

мен әлеуметтік-мәдени динамиканы қалыптастыра отырып, қазіргі жаһандық контексте және бүкіл әлем адамдарының күнделікті өмірінде басты рөл атқарады. Кез келген халықтың түбі, тамыры оның болмысы әлеуметтік мәдениеті мен оның зайырлылық пен діндарлық дәстүрлеріне ықпал етпей қоймайды. Жаһандану процестері адамдардың дәстүрлі бірегейленуін ағын судай шайып бара жатса, бұл түпкі ұлттық тамырға қайта оралуға талпынып, кері реакция тудыруды. Бұл әсіресе, діни фундаментализмнің қайта өрлеуінен көрініс табуда (исламдық, конфуциандық, шығыс-православиелік және т.б.). Батыстық емес елдердің батысқа қосылу жолындағы кедергілер күрделілігі және тереңдігі жағынан біршама ерекшеленеді.

Діни әдет-ғұрыптар мен нанымдар қазақтардың өмірінің ажырамас бөлігі болды, оның барлық кезеңдерін-туғаннан өлімге дейін қамтыды. Осындай салт-дәстүрлердің бірі – маңызды Ислам дәстүрі болып табылатын балаға (азан шақырып ат қою). Ислам канондарына сәйкес, баланың аты туылғаннан кейінгі алғашқы құндерде жарияланады және бұл процесс арнайы дұғалармен бірге жүреді. Тағы бір маңызды діни рәсім – сұндеттеу рәсімі, ол ортақ наымдар мен мерекелер арқылы қоғамдастық ішіндегі байланыстарды нығайтады. Үйлену тойының әдет-ғұрыптары діни символизм мен дәстүрлі мәдени өкілдіктерге қатысты көптеген элементтерді қамтиды. Неке қио рәсімін имам жүргізеді және ерлер мен әйелдердің одағын ғана емес, сонымен бірге Құдайдың алдында жаңа отбасы құруды да білдірді. Некеге байланысты рәсімдер көбінесе бақытты өмір, салауатты ұрпақ және болашақ әл-ауқат үшін дұғалармен бірге жүрді. Жерлеу рәсімдері қазақ қоғамының өмірінде маңызды рөл атқарды. Исламға негізделген өлгендерді құрметтеу принциптері дұға оқу (жаназа) және дәстүрлі аза тұту сияқты рәсімдерде көрініс тапты. Алайда, бұл рәсімдерде ежелгі наымдардың жаңғырығы сақталған, мысалы, еске алу кештерін тәттілермен және ұжымдық дұғалармен ұйымдастыру. Діни және мәдени дәстүрлердің бұл араласуы қазақ халқының бай мұрасын айғақтайды. Құнделікті тұрмыс тіршілікте қолданыстағы рәсімдер қазақ халқының рухани өмірінің мызғымас бөлшегі болып саналады. Әдетте, дін белгілі бір құдайға мойынсұну мен оның шарттарын орындау болса, дін дегеніміз – адам толық тәуелді болатын кейір табиғаттан тыс жоғарғы мәндерге сенім ретінде түсіндіріледі. Дж. Фрэзер дінге мынандай өзіндік түсінік береді: «...Дін дегенде мен, адамнан жоғарыда тұрған күштерді, табиғат құбылыстары мен адам өмірін басқарып, бақылайтын күштердің мейірімділігі мен тыныштығын түсінемін». Мұндай мағынада дін теориялық және практикалық элементтерден тұрады, атап айтқанда жоғарғы күштердің бар екендігіне сенуден және оларды сезінуге және көтермелеге деген ұмтылыс. Бірінші кезекте, әрине, сенім, Құдайға ұнамас бұрын, оның бар екеніне сену керек. Егер дін діни әрекетке әкелмесе, ол дін емес, тек теология...» [26].

Дін – адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени сана. Діннің басты мақсаты – адамның рухани жетілуі және оның Жаратушы Құдайға сенімі. Ислам философиясының түсіндіруінше, дін дегеніміз – әлемді байланыстыратын күш Алланың барлығына сенім. Ислам тұжырымдамасы

бойынша, рухани жетілу сатысының бірінші деңгейінде тұрған адамның алғашқы махаббаты, таза құлшылығы, қорқынышы Аллаға арналады. Қазақстан территориясында өмір сүріп жатқан халықтың басым бөлігінің ұстанатын діні ислам болғанымен, республикамыздағы өзге ұлт пен дін өкілдеріне барынша діни бостандық берілген, олар өзара тату, толерантты көзқараста, зайырлылық ұстанымына сүйеніп өмір сүріп келеді. Елдегі зайырлылық ұстанымы, толеранттылық пен өзара сыйластыққа негізделген мемлекеттік басқару жүйесі нәтижелі жұмыс атқарып келеді, «Рухани жаңғыру», «Әділетті Қазақстан» секілді мемлекеттік бағдарламалары да осы жоғарыдағы қағидаттарды басшылыққа алатын әлеуметтік прогресс бағдары ретінде танылды.

Дін мәселесінің адамзат баласы үшін маңызды ұғым екенін ескере отырып, әсіресе Қазақстан секілді көпүлтті, көпконфессиялы елде мемлекет тарапынан іс-шаралар жүзеге асуда. Соңғы жылдары елде дінттану пәні мәлім беру саласында факультативтік негізде немесе міндепті емес пән ретінде енгізіле бастады. ҚР Конституциясының 22-бабындағы «Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар», 14-бабындағы «дінге көзқарасына» байланысты «ешкімді кемсітүге болмайды» [1] деген қағидаларына сәйкес мемлекет: азаматтардың дінге қатынасына, дін таңдауына, балаларының да дін таңдауына араласпайды; мемлекеттік органдардың жұмысын діни бірлестіктерге жүктемейді; діни бірлестіктерді қаржыландырмайды; діни бірлестіктердің жұмысына, егер ол заңға қайшы болмаса, араласпайды; әр түрлі діндегі немесе дінге сенбейтін адамдардың, діни бірлестіктердің өзара сыйластықта, төзімділікте болуына ықпал етеді.

Ал діни бірлестіктер мемлекеттік биліктің қызметін атқармайды және мемлекеттік органдардың жұмысына араласпайды; саяси партиялардың жұмысына қатыспайды, оларға қаржылай қолдау көрсетпейді; мемлекеттің заңнама талаптары мен хұқық тәртібін сақтауға міндепті. Осыған сәйкес мемлекеттің «зайырлық» қағидасын есепке алады. Қазір қоғамда, өкінішке қарай, зайырлылықты атеизм ретінде танытқысы келіп, мемлекетке, оның конституциялық құрылымына қарсы психологиялық наразылық көрсеткісі келетіндер кездеседі. Себебі, зайырлылықты дінге (исламға) жат, не оған қарсы құбылыс ретінде таниды. Бұл – танымдық тұрғыдан да қате пікір. Өйткені, зайырлылық әлеуметтік жүйедегі дүниетанамдық құбылыс, яки қоғамдағы идеология болатын болса, онда әлеуметтік институт ретінде дін құбылысымен салыстыруға болады.

Сонымен, қоғамдағы ең өзекті де маңызды екі феномен – діндарлық және зайырлық дәстүрлери. Қазақстанда пайызы жағынан басымдық танытатын дін өкілдері дәстүрлі саналатын екі діннің бірі – сунниттік ислам дінін ұстанушыларының ханафи мазхабы мен екіншісі – христиан діннің православтық тармағы екені белгілі. Ол туралы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңында: «Қазақстан Республикасы азаматтарының діни нанымына қарамастан, тең құқылы болуына кепілдік беретінін, халықтың мәдениеті мен рухани өмірін дамытуда ханафи мазхабындағы ислам және православтық христиан діндерінің тарихи рөлін

танитынын, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни төзімділіктің және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алады», – деп көрсетіледі [12, б. 3].

Сондай-ақ, Қазақстандағы зайырлылық пен діндарлық мәселелерімен бірнеше негізгі құрылымдар мен ұйымдары айналысады. Оларға ҚР Үкіметі, Қазақстанның түрлі ведомстволары мен министрліктері, соның ішінде Мәдениет және спорт министрлігі, Діни және азаматтық қоғамдастық министрлігі, сондай-ақ басқа да әкімшілік органдар жатады. Екінші жергілікті билік. Діни қызметті реттеу және зайырлылықты қамтамасыз ету мәселелерін муниципалитеттер мен аймақтық органдар жергілікті деңгейде шешеді. Үшінші, діни лидерлер мен қауымдастықтар. Діни қауымдастықтар мен олардың көшбасшылары қоғамдағы рухани құндылықтар мен діни дәстүрлерді сақтауда, сондай-ақ дінаралық диалог пен ынтымақтастықты дамытуда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, дінаралық ұйымдар мен форумдар. Қазақстанда әртүрлі діни қауымдастықтар арасындағы диалогқа ықпал ететін, сондай-ақ дінге байланысты мәселелерді шешуде мемлекеттік органдармен ынтымақтасатын әртүрлі дінаралық ұйымдар мен форумдар бар. Ең маңызды халықаралық ұйымдар мен серіктестер: Қазақстан сондай-ақ БҰҰ, ЕҚЫҰ және басқалар сияқты халықаралық ұйымдармен дін бостандығы, дінаралық диалог және діндарлық контекстіндегі адам құқықтарын қорғау мәселелері бойынша ынтымақтасады. Осы құрылымдар мен ұйымдардың барлығы зайырлылықты құрметтеуді қамтамасыз ету, дін саласындағы адам құқықтарын қорғау және Қазақстандағы әртүрлі діни және зайырлы қауымдастықтардың үйлесімді қатар өмір суруіне жәрдемдесу үшін бірлесіп жұмыс істейді.

Қазіргі заманғы зайырлылық ұғымының аясына, ең алдымен, гуманистік құндылықтар, соның ішінде адамның ар-ұждан және наным-сенім бостандығының еркіндігі кіреді. Қазақ халқының, діни дәстүрлерінің философиясы бір күнде қалыптасқан ұғым емес, ғасырлар бойына әт түрлі тарихи кезеңдермен бір-бірін толықтырып келе жатқан құбылыс. Халқымыздың қанына сіңген қасиеттері мен біте қайнасқан діни дәстүр философиясы әлі де зерттеуді қажет ететін, толықтыра түсетін тұстары бар ғылым. Ұлттық дүниетаным, мемлекеттік тіл, діл бар кезде діни дәстүр философиясы замананың үдерісімен дами үстіне дами бермек. Аталмыш бөлімде діннің оң тұстары айтылса, жоғарыда айтып өткеніміздей оның теріс тұстары жоқ емес. Ол зерттеу жұмысымның аясына кірмегендіктен, оның теріс тұстары аз қарастырылды.

«Исламнан ұркітушілік» мәселесінің кейінгі кездері дүниежүзі бойынша орын алып алып отырған үдеріс екенін ескере отырып, Б.М. Сатершинов: «Діни негіздегі стереотиптер мен исламофобия, әсіресе мұсылман әлемі мен европалық өркениет арасындағы түсініспеушілік қатынастар өзінің бастауын ерте орта ғасырлардан, мұсылмандардың VIII ғасырда Пиреней түбегін алуынан және XVI ғасырдағы Реконкистадан (испандардың қайта жаулауынан), олардың аралығындағы айқыш (крест) жорықтарынан және османлылардың Византияны

басып алуы мен Наполеонның Мысырға жорығынан, еуропалықтардың Азия мен Африка елдерін отарлауынан алады. Дегенмен, орта ғасырлардағы діни таптауырындар мен қазіргі исламофобияның бір-бірінен айтарлықтай айырмашылықтары бар», – дейді [27].

Діндарлық мәселесіндегі «Исламнан үркітушіліктің» адамдардың бір бірін қабылдамауынан туындағандай, себебі соңғы жылдары әртүрлі себептермен Еуропаға, АҚШ қа қоныс аударатын мұсылман мигранттарының көбеюі және олардың жергілікті халықтар тарапынан қабылдамауының ушығуынан туыдауы әбден мүмкін. Осы тұрғыда Л.Н. Тоқтарбековамен бірлесіп жазған мақалада: «Қазіргі XXI ғасырда еуропалық Одақ мемлекеттерде мигранттардың үш буыны өмір сүріп жатыр. Жоғары айтылған интеграцияның үш моделі осы үшін буынға қалай әсер етуде, олар осы модельдер арқылы интеграцияға түсे алды ма деген сауалдарға жауап іздемес бұрын, біз осы айтылып отырған үш буын кімдер деген сауалға жауап қарастырайық. Батыстағы интеграция мәселелерін исламмен байланыстырмау, олардың ерекшеліктерін жергілікті мәдениетті, дәстүрді толықтыратын артықшылық ретінде қарау, антитеррорлық бағдарламаларды интеграциямен шатастырмау, сондай-ақ радикалды көзқарас нәсілшілдіктен туындастынын мойындау қажет», – делінеді [28, б. 165].

Сонымен I тараудың 1.2 бөлімін қорытындылай отырып, қазақ халқының діндарлық дәстүрлері бір күнде қалыптасқан ұғым емес, ғасырлар бойына әртүрлі тарихи кезеңдермен бір-бірін толықтырып келе жатқан құбылыс екенін сөзсіз. Халқымыздың қанына сінген қасиеттері мен біте қайнасқан діндарлық дәстүрлері әлі де зерттеуді қажет ететін, толықтыра түсетін тұстары бар ғылым саласы. Ұлттық дүниетаным, мемлекеттік тіл, діл бар кезде діни дәстүр философиясы замананың үдерісімен дами үстіне дами бермек. Бірінші тараудан келесі тұжырым алынды: «Еліміздің тарихында зайырлылық пен діндарлықтың өзара ықпалдасуы әртүрлі тарихи кезеңде өзгерістерге ұшырап отырды. Алайда, ұлттың менталитеті мен дініндегі зайырлылық пен діндарлық дәстүрлердің мазмұны негізінен бұзылмады. Халықтың ұлттық дәстүрлерімен және исламның адамгершілік қағидаттарымен қатар, қазақ зиялышарының еңбектерінде қоғамда рухани-адамгершілік қағидаттарының негіздері қаланды». Келесі 2 тарауда қарастыратын маңызды тақырып қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылық пен діндарлық мәселелері турасында, соның ішінде, «Түркілік рухани мәдениет дәстүріндегі зайырлылық пен діндарлық» .

## **2 ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІНДЕГІ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ПЕН ДІНДАРЛЫҚ**

### **2.1 Түркілік рухани мәдениет дәстүріндегі зайырлылық пен діндарлық**

II тараудың 1.1 бөлімінде қарастыратын ауқымды тақырыптардың бірі «Түркілік рухани мәдениет болмысындағы зайырлылық және діндарлық дәстүрлері». Қазақ халқының діндарлық дәстүрлері қазақ халқының халық болып қалыптасуына дейінгі кезеңдерді және Түркілік мәдениет дәстүріндегі ұстанған діни наным-сенімдері мен діндерін қамтиды. Қазақ халқының исламға дейінгі діндарлық дәстүрлерінің қалыптасуына өзіндік ықпалын тигізген діни наным-сенімдеріне Митра, Тәңіршілдік, Шамандық және Зороастрлық наным-сенімдерінің кейбір элементтері кіреді. Демек, діндарлық дәстүрлер ұғымына белгілі бір халықтың, топтың ұстанған діндері мен наным-сенімдерді қамтитын күрделі құбылыстарын жатқызуға болады. Соның ішінде халықтың өзіндік діни дүниетанымы, мәдениеті мен ділі, ойлау үрдісі, киеллік, әулиелік, тақуалық, діни көзқарасы, діни даналығы, діни толеранттығы немесе төзімділігі, діни сенім-нанымдары, сабырлылық, қанағатшылдық секілді ұғымдардың жиынтығы мен өзара байланысы.

Түркі және қазақ ойшылдарының сан ғасырлар бойына зерделеп келген даналығының үлгілері өз замандастары ғана емес, өзінен кейінгі талай үрпаққа нағыз адамгершіліктің сипаты іспетті болғанына күмән жоқжәне оның философиялық мәнін аша түсуге үлес қосуда маңызды іс. Тауада қазақ хандығының пайда болуының 550 жылдығы атап өтілді, дегенмен де оның тарихының одан әріде жатқаны жайында ой-пікірлер аз емес. Біздің кіндігіміз жеті атамызбен ғана жалғасып жатқан жоқ, онан арғы Үнді мен Ніл, Еділ мен Дон жағалауларына қазақ даласының рухын жеткізген бабаларымызбен жалғасып жатыр. Осынау қанатын кең жайып, жанарын алысқа салатын қазақ рухы әзірге өз деңгейінде паракталмай келеді. Арийлер деген атпен ұлы мәдениеттер жасап, ұлы мемлекеттер құру үшін бір кездे Үндістанға қарай бет алған тайпалар. Сондықтан да, даналық пен руханилықтың үлгілері түркілік тарихымыздың және қазақтың өткен тарих жолдарының кейбір ашылмаған беттерінде жатуы әбден мүмкін. Осы орайда тарих қойнауындағы Ұлы Дағын ойшылдарының әлі де табылмаған әрі жарыққа шықпаған шығармаларының сыры ашылып, зерттеліп халқымыздың рухани дүниесін байыта түсе берері сөзсіз. Осы асқақ мақсаттағы табысты әрекеттер болашақтағы ғылыми зерттеулердің үлесінде. Және мұндай қадамдардың түркі тілді халықтардың тарихи зияткерлік күшін, руханиятын біріктіруіне зор үлес қосатын іс болып табылатыны шүбәсіз.

Қазақ халқының қалыптасу тарихына дейінгі сонау ерте кезеңдерден бастап түркілік кезеңдерден бері дейінгі уақыт аралығында қазақ даласында әртүрлі діндер мен сенімдер болғанын және олардың әрқайсысының қазіргі таңдағы исламдық дәстүрдің қалыптасуына өзіндік ықпалын тигізгенін тарихшы, мәдениеттанушы, философ, дінтанушы ғалымдардың еңбектерінде

зерттеліп зерделенді. Қазақ халқының діндарлық дәстүрлерін қалыптастыруда айрықша рөл атқарған Митра, Тәніршілдік, Шамандық, Зороастрлық секілді наым-сенімдері қазіргі таңда қазақ дәстүрлерінің ажырамас бөлшектері болып отыр, қазіргі ұстанып жүрген ислам діні аталмыш наым-сенімдермен синтезделген дәстүрлі ислам және жоғарыда айтылған наым-сенімдердің құндылықтары іспеттес.

Жалпы, наым-сенімдердің ресми мойындалған көлемді формасын дін атایмыз. Дін – бұл әлемдік тарихтағы қолжетімді деректерге қарағанда, адамзат баласы жаратылғаннан бері ең көне және әмбебап қоғамдық сана болып табылады. Адамзат қоғамының ерте сатыларынан бастап, дін күні бүгінге дейін қоғамдық өмірдің маңызды саласы болып келді және солай бола бермек. Г.Г. Соловьеваның пайымдауынша «Діннің пайда болғалы бері оның индивидуалды жеке адаммен ғана емес, белгілі бір тайпамен, румен, қаламен, кейіннен толық бір қоғаммен байланыста дамығанын аңғаруға болады. Дін мен мәдениет, дін мен қоғамдық жүйе, дін мен саяси құрылымды ажыратып, қарастыру мүмкін емес. Ерте тайпалық құрылыштан ұлттық мемлекеттердің пайда болуына дейін дін қоғамдық және саяси тарихтың маңызды бөлігі саналды. Яғни біздің қазіргі таңда саяси құрылым және діни құрылым деп бөліп қарастырып жүрген салалар ерте тарихи кезеңдердегі көптеген қоғамдарда бір жүйені құрды», – дейді [29].

Сонымен, тәніршілдік, шамандық немесе зороастрлық наым-сенімдері дін дәрежесіне көтеріле қоймаса да қазақ халқының рухани өмірінің ажырамас бөлшектері деуге болады. Сонымен Түркілік кезең қандай уақыт аралықтарын қамтиды, ол қандай кезең, қазақ халқының рухани өмірінің бөлшегі ме деген сауалдарға жауап тауып көрейік. Кейбір тарихи деректерде шамамен біздің заманызға дейінгі V-VII ғасырлар аралығын Түркілік кезең дейміз. Ол жайында нақты деректер болмаса да, болжамдар бар. Мысалы, «Солардың бірі түрік этнонимі алғаш рет қытай жылнамаларында 542 жылы аталады. Қытай жылнамалары түркілерді ғұндардың ұрпағы деп атаған. Бастапқы кезде түркі деген сөз түркі тілдес көшпелілердің ішіндегі басқарушы ақсүйек ру өкілдеріне ғана қатысты болды. Содан кейінгі кездерде »Түркі« деген атау саяси мәнгеие болды. Түркі деп түркілердің қол астында болған өзге тайпалар да атала бастады. VIII ғасырдың ортасынан бастап түркі деген атау біраз уақытқа дейін жазба деректерде аталмайды. Бұл кезде түркі деген жалпы атаудың орнына жекелеген түркітекtes тайпалардың аты (теле, қыргыз, тоғыз-оғыз, ұйыр, қарлук, қыпшак) аталады. Түркі атауы X ғасырда қайта тарихи сахнаға шығады. Қашқардағы, Баласағұндағы хандар (қағандар) өздеріне тағы да түркі деген этностық атау таңады», – дедінеді [30].

Тәніршілдік Тәніріге табыну Көк Тәнірінің пір тұту. Негізгі сипаттамасына сай еркін азат өмір кешу. Осы түрғыда Н.Л. Сейтахметова: «Номад өмірінің үлгісі – бұл, ең алдымен, бостандық. Бостандыққа деген сүйіспеншілік, батылдық, батылдық, ерлік, ашықтық, жомарттық – бұл қасиеттердің бәрі адам үшін қажет деп саналды. Номад – еңбекқор және жауынгер, өз зандарын құрметтейтін, Тәнірге сенетін, басқа адамдарды құрметтейтін, бірақ өзінің

қадір-қасиетін білетін және бағалайтын және әлемдегі өзінің ерекше екендігін ұғынатын, сонымен қатар өзінің Тәнір құшағын жайған Ұлы әлемдегі құбылыс екенін білетін тұлға. Тәніршілдік қандайда бір мәдениеттің құрылуына әсер еткен идеологиялық жүйеге айналды. Шын мәнінде, тәнірлік мәдениет – ғылыми дискурста да, құнделікті практикада да мұлдем қолданылмайтын ұғым, сондықтан біз оны жалпы ұғым ретінде – түркі мәдениеті», – дейді [31, б. 17].

Келесі дереккөздеріне сәйкес, Татарстанда жарық көрген Р.Н. Безертиновтың «Древнетюркское мировоззрение «Тэнгрианство»» атты кітабында: «Түркі халықтарында пұтқа табынушылық, христиан, ислам діндерін қабылдамас бұрын да өзіндік көне наным сенімі, дүниетанымы болды. Ол аспан құдайы Тәніріге негізделген. Тамыры біздің заманымызға дейінгі V-IV ғасырларға сәйкес келетін Тәнірі идеясы Ұлы дала түріктері мен монголдарына ортақ құдай образы болды [32, б. 3].

Сонымен, дәстүрлі қазақ мәдениеті әрқашан этностың дамуының негізгі ииетін анықтап, дін тұрғысынан қалыптасты. Оның үстіне, дін құдайдың револьвері ретінде емес, дүниенің психикалық бейнесіне ендірілген белгілі бір дәстүрлер ауқымы ретінде қабылданды. Дін турасында келесі дереккөздерінде мынадай анықтама берілген: «Дін мызғымас қағидаттарды үйретеді, ал дәстүрлер уақытқа байланған өткеннің тәжірибесіне байланған. Мұсылмандардың едәуір бөлігіне жаңа болмысқа бейімделу қынға соғады, және бұл діндарлықтың байланысты болуымен байланысты... дәстүрлі әдет-ғұрыптармен. Демек, кей кездері мұсылмандар өздерінің рухани мақсатына немесе оған барлық адалдықпен қарамай тұрып, алдымен, киіну немесе салт-жораларды орындау тәсілі сияқты сыртқы белгілерге адалдықты жиі жатқызады [33, б. 298].

Қоғамда дін туралы әр түрлі көзқарастар бар, дін турасындағы келесі пікірде Ислам және өрлеу халықаралық аналитикасында: «Бүгінгі заманың шарттарында мәдениет, дәстүр және діни түсініктердің дамуына қатысты адами құндылықтар шеңберінде дискурс жүргізілуі керек. Яғни әр адамды тек адам баласы болғаны үшін, түа-бітті қадір-қасиетке ие болғаны үшін құрметтеу – заманауи діни түсініктер және жергілікті мәдениеттер мен өркениеттердің жаңаша жасалған жорамалдарында негізгі идея болуы керек. Осы арқылы діндер мен жергілікті мәдениеттер және заманауи құқық мәдениеті мен оның негізінде жатқан, сондай-ақ бүкіл халықаралық адам құқықтары құжаттарының арқа сүйеген адам құқықтарының натуралистік тұжырымдама арасында үйлесімділік, тіпті симбиоз, өзара интеграция орнайды» [34, б.104].

А.Д. Шағыrbай: «Дәстүрлі қазақ қоғамында сайын даланың қай жерінен болмасын, бір ілімді адамның аты шықса, жақсылар мен жайсандар соны арнайы ізден барып, айлап, қунделеп қонақ болып, жатажастана сұхбаттасатын әдеті болған. Сондықтан болар қазақтың дәстүрлі дүниетанымында жақсы мен жаман туралы толғам көп, «жақсымен өткізген бір сәтім, мың күніме татиды» деп ән-жырға қосады. Ғасырлар бойы тұғырынан бір қозғалмаған дәстүрлі исламды осындаи сұхбаттардың арқасында ұстанған. Шариғи білімді Сопы Алдиярдың «Шархымен», тасаууфты Яссайдің хикметімен (кейін Бұқара мен

Самарқандтың білім ошақтарында білімін жетілдірген, оның сыртында нақышбандийа ілімін үйренген) үйреніп өскен Мәшіүр Жусіп жас та болса, осындай жақсылардың қатарынан еді» [35, б. 304].

Г.Г. Соловьева: «Б.з.б. I мыңжылдықта қазіргі Қазақстан аумағында тайпалардың үлкен тобы пайда болды. Оларды гректер скифтер, ал ежелгі парсылар – сақтар деп атаған. Б.з.б. III-IV ғасырларда олар Семиречье де орталығымен бірге алғашқы мемлекет құрды. Сақтар жоғары дамыған мәдениеті бар халық ретінде тарихқа енді. Олардың өзіндік жазуы мен мифологиясы болған. Олар өнерде «мол» деп аталағын әйгілі стиль жасады – бұғы, киік, ат, тау ешкісі, жабайы қабандар, барыс, жыртқыш құстар, түйе бейнелері. Бұл өнер туындылары қазір дүние жүзінің көптеген мұражайларында сақтаулы. Мифологиялық дүниетанымның барлық құрамдас бөліктері сақ тайпаларына тән. Орталық дүниетаным кешені Күннің күльті және оның үйсіндерде жер бетіндегі көрінісі болды. Отқа зұлымдық рухтарды айдал әкеткен тазартқыш қуат жатқызды. Жерлеуден Күн мен оттың патронажын білдіретін қызыл бояу табылды», – дейді [36, б. 304].

Қазақ халқының тарихи ата-бабалары өмір сүрген Еуразияның кең-байтақ кеңдігінде Митра наным-сенімі ежелгі Иран діні Тәңіршілдікпен қатар кең тарады. Көшпелі мал өсірушілер үшін ол құндылықтардың терең жүйесін, сөзге жақсылықты, адалдықты, ақиқатты, адалдықты орнықтыруға мәнгілік ұмтылышын білдіретін ерекше мағынаға ие болды. Жаңа жерлердің игерілуі, ұзақ өткелдердегі қындықтар, қатал табиғат, өз аумақтарын жаулардан қорғау қажеттілігі – осының бәрі тығыз ұйымшылдықты, келісімді білдіріп, халықтың қаһармандық рухын тәрбиелеп шығарды. Көшпелі мал өсірушілердің жүргегіне қадірлі қасиеттерді ғарыштық және әлеуметтік интситуттың ұлы ұйымдастырушысы, бейбіт, мейірімді, сонымен бірге қатал әрі қажырлы құдай Митра бейнеледі. Оның абонементі — имменстік, ұшқынды, дөңгеленген жер және биік айқын аспан. Дін өркениеттік бірегейліктің негізі ретінде алғаш рет Митра (Көне индуистік Митра — сөзбе-сөз, дос) әлемдік мәдениеттің көне ескерткіштерінің бірінде, көне үнді мәтінінде айтылады [36, б. 304].

Қазақ ғылымиындағы түркі кезеңін зерттеу барысында орасан үлес қосқан М.С. Орынбеков: «VIII ғасыр» – Қазақстан аумағында түрлі конфессиялардың жарқын синхронды қатар өмір сүргендігімен ерекшеленеді. Оңтүстік Қазақстан мен Семиречье де шоғырланған кішігірім діни космос шын мәнінде адамгершілік-адамгершілік көзқарастардың тиімді ықпалына ұшыраған дала қоғамының рухани өміріне тиімді әсер еткен университеттің негізгі конфессияларының жан-жақты көрінісін ұсынды» [37, б. 139]. Осыдан шығатын түйін қазақ халқының конфессияларың байланысы сонау ерте кезеңдерден бастау алған. Қай кезеңдердегі зерттеулерден қазақ халқының бойынан толеранттық, зайырлылық секілді қасиеттердің болғанын бағдарлауға болады.

Сонымен исламға дейінгі діни наным-сенімдерінің мен оның қазақ халқының қазіргі діндарлық дәстүрлерін қалыптастырудығы орны орасан зор болды деуге негіз бар. Дәстүрлі ислам түсінігі мен ислам дінінің өзара байланысын, ежелгі наным-сенімдермен салыстыра отырып зерттеп-зerdeleу

дінтану саласының басты міндеттерінің бірі. Қазақстан секілді көпұлтты елдердегі діни дүниетанымның қалыптасуы мен дамуы мәселесімен қатар, діни көзқарастардың үйлесімді өрбүі маңызды әрі басты мәселелердің бірі. Бүгінгі таңда көпұлтты елдердегі діни дүниетаныммен қатар, діни көзқарастардың үйлесімділігі маңызды әрі басты мәселелердің бірі. Түркілік мәдениет, түркілік кезең – бұл түркілер өмір сүрген уақыт аралығы. Бұл мәдениет, тіл, құнтізбе, дәстүрлер мен тұрғындар өмір сүрген жердің қоғамдық-тарихи құрамы. Түркілік мәдениеті тарихи кезеңде Орталық Еуропа, Азия және Сібір аумағында жүргізілген ұлттардың жұмысымен тәуелсіз мәдениетті және әдеби тәжірибелерді дамытушы аймақтық-тарихи бірліктердің бірі.

Түркі рухани мәдениетінің яғни түркі халықтарының бай мәдени мұрасын бейнелейтін өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл мәдениетте зайділік және діни қатынастардың күрделі өзара әрекеттесуі жиі байқалады. Тарихи тұрғыдан көптеген түркі халықтары шамандықты – табиғат рухтарымен, ата-бабаларымен және басқа да табиғаттан тыс күштермен қарым-қатынасқа негізделген ежелгі сенім жүйесін қолданған. Шамандық түркі халықтарының мәдениеті мен әдет-ғұрпының ажырамас бөлігі болды. «Шаман немесе шамандық ұғымы бүгінгі таңда Алтай-Саян халықтарының ескі таным-дәстүрі мен наным-сеніміне негізделген ұғым ретінде белгілі. Аталмыш тақырыпты алғашқылардың бірі болып зерттеген ғалымдардың бірі Шоқан Уәлиханов: «Шамандық дегеніміз – әлемдік дүниені сую, табиғатқа деген шексіз махабbat және рухты қастерлеу» деген екен» «Тәңіршілдіктің бойында түркі халықтарының көптеген діни тәжірибесі ұштасқан. Олар Тәңірі мен құдайлардың айтқанымен жүріп қана қоймай, қоршаған әлемнің мәнін де тануға тырысты. «Табиғат пен адам, өмір мен құпияға толы дүние. Адам мен табиғаттан асқан қандай керемет бар?», – дейді [38]. Шамандық – Күн, Ай, жүлдіздар, күн күркіреуі, наизағай, өрт және басқалар сияқты табиғи құбылыстар құдайлар түрінде бейнелеген табиғи политеистік дін. Шамандық – алғашқы діни сенімдердің ішіндегі ең күрделісі, шамандық (бақсылық). Шамандық мен Тәңіршілдікті шатастыратын, ұқсататын адамдар өте көп, және бір ескере кететін жайт, тәңіршілдік пен шамандық элементтері діни сенім ретінде қарастырылды. Бұл діни сенім Сібір, Солтүстік Америка, Орта Азияда, Қазақстан жерлерінде тараған. Бақсылар – жер бетіндегі «жандармен» сөйлесе алатын болғандықтан, қарапайым адамдар бақсыларға сенетін де, олардан қорқатын. Қазақ бақсылары өздерінің тәжірибесінде арнайы бақсылық өлең-сарынды пайдаланды. Қазақ бақсылары қобыз, қамшы пайдаланды [39, б. 125].

Негізінен, әлемдік діндер – христиан, буддизм, ислам қабылданғанға дейін түріктер мен монголдардың көне айрықша діні ол осы Тәңірге табыну, сену болды. Маньчжурия, Қытай жылнамаларынан, араб, иранның көне жазбаларынан, VI-X ғасырларда табылған көне түрік ескерткіштерінен біздің бабаларымыздың о бастағы діні Тәңіршілдік болғанын ғалымдар зерттеп білген.

Біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырларда Ұлы даланы мекен еткен біздің ата-бабаларымызда жер бетіндегі өзге халықтар секілді сенім-наным болған. Сенім-нанымсыз өмір сүрудің өзі мүмкін емес. Төбеміздегі төңкеріле жауып

тұрған аспанның ар жағында әлемді басқарып, адамзатты жаратқан белгісіз күш иесі бар екендігін түйсік арқылы сезген бабаларымыз оны Тәнірі деп есептеген. Тәнірі, айналып келгенде, барлық халықтарға ортақ бір Құдай, яғни жаратушы ие екендігіне еш шек жоқ. «Көзге көрініп тұрғаны төбемізде көк аспан болғандықтан, оны бабалар Тәнірінің рухы деп есептеген. Нәтижесінде, аспанға, Тәніріге табыну пайда болады. Әзірше ғалымдар арасында Тәніршілдіктің мәнін түсінуде толық біржақты келісім орнай қойған жоқ. Олардың бір бөлігі бұл сенім ілімі онтология (біртұтас Құдайға сену), ғарыштық сенім (өзара байланыстағы ішкі әлемнің тұжырымдамасы), мифология және сайтандықты тану (бабалар аруақтары мен табиғат рухтарын ажырату) концепциясы формасын алған дегенді ұстанады. Ал енді бір бөлігі болса, Тәніршілдікке сыйынудың басты канондары белгіленген қасиетті кітaby болған дегенді алға тартады.

«Қазақ халқының діндарлық дәстүрлеріне шолу» атты мақаламда діни наным-сенімдер тұрғысында: «Қазақ халқының діни дәстүрлері мен діндарлық дәстүрлері бір сағатта, бір күнде қалыптасқан ұғым емес, ғасырлар бойына әт түрлі тарихи кезеңдермен, тарихи оқиғалармен қатар, бір-бірін толықтырып келе жатқан дамушы, шұбалаң құбылыс. Халқымыздың қанына сіңген қасиеттері мен біте қайнасқан діндарлық дәстүрлері, әлі де зерттеуді қажет ететін, толықтыра түсетін тұстары бар. Ұлттық дүние-таным, мемлекеттік тіл, ділі бар халықтың діндарлық дәстүрлері де заман үдерісімен дами үстіне дами бермек», - деп айтылады [40, б. 121]. Сол рухтар көзге көрініп тұратын әлемді басқарады, сондықтан да адамдарға өте жақын деген сенім болған. Х ғасырда Тәніршілдікке сыйыну мен исламның өзара тығыз ықпалдастығы барысында тарихи саяси жағдай орнықты. Екеуі бетпе-бет келіп, бірімен бірі жауықкан жоқ. Өйткені екеуі де ізгілік пен игілікке, түсіністікке, табиғатпен етene өмір сұруге бағытталған сала еді. Тәніріге сыйыну Алланы қабылдауға қайшы келмейді. Өйткені екеуінің де ұстанған ғұрыптары бір-біріне өте ұқсас. Ислам діні сондықтан да қазақтар үшін жеңіл қабылданды. Ал от-су, Құн мен Айға табынуға жол берілуі сенімдерінің жемісі. Бұл жолдан барлық адамзат өтті дейді ғалымдар. Бұл жерде байқауға болатыны қазақ халқының діндарлық дәстүрлері табиғи күштерден бастау алуы.

Келесі зерделенетін діни наным-сенім зороastrлық элементтер. Мәри Бойс «Зороастрлық діні қаншалықты қудалауда болса да, дін ретінде өзін сақтап қалған діндердің бірі ретінде мәні орасан зор, сондай-ақ Таяу Шығыста пайда болған иудаизм, христиандық және исламға өзіндік ықпалы болды» [41, б. 4], – дейді. Авеста – зороастрлық дін өкілдерінің қасиетті діни кітабы. Зороастрлықтардың өмір сұру үрдісі, тыныс-тіршілігінің, салт-дәстүрлерінің жиынтығы. Авеста тарихын зерттеген мамандардардың ішіндегі қазақ ғалымдарының арасынан алғашқылардың бірі болып қалам тартқан Әлкей Марғұлан. Ә. Марғұлан өзінің «Ежелгі жыр-аңыздар» атты еңбегінде: «Авеста шығармасы көне түркілерге тікелей ортақ мұра. Бұл қасиетті кітапқа бастан-аяқ арқау болған Тұран даласының тыныс-тіршілігі. Ондағы дәуір тынысы, өмір болмысы, оқиғалар желісі қазіргі қазақ халқының дүниетанымы мен мәдениеті,

дәстүр-салты, әдеп-ғұрпы сабактасып жатқаны байқалады», – деп тұжырымдайды [42, б. 4].

Зороастрлық бір сөзбен айтқанда дін немесе діни наным-сенім. Б.з.д. IV-III ғасырларда Орта Азия жерлерінде пайда болған көне діндердің бірі. Жалпы алғанда, ғасырлар бойына зерттеліп, зерделеніп келе жатқан көне мәдениеттер керуенінен ойып тұрып өзіндік орнын алатын қазақ халқының исламға дейінгі діни ұғымдары мен діни сенімдері деуге негіз бар. Қазақ даласына ислам діні келгенге дейін басқа діндермен діни сенімдердің болғаны және олардың діни элементтерінің қазіргі исламда көрініс өзіндік орын тапқаны мен дәстүрлі исламға сіңіспе кеткені құпия емес. Заратуштра – кім деген сұраққа жауап іздесек, Зороастрлық дінініңabyзы, пайғамбары, адамның әлемдік тәртіп пен әділеттілік, оның жақсылық жағындағы белсененді құресіне тәуелділігі туралы зороастризм дінінің негізін қалаушы. Заратуштра әділдік іздеуші, жақсылықтың жаршысы болуға үндейді, жамандықпен құресуге шақырады. Зороастрлық дінінің қасиетті символы от болған. Осы тұрғыда профессор Алшанов Р.А «Жиырма мыңжылдықтың құпиясы: Ізденістер мен ашылымдар» атты кітабында жалпы әлемнің пайда болу тарихындағы табиғи апаттарға тоқталып, зороастрлардың қасиетті деп танитын стихияның бірі отқа ерекше көңіл бөледі. Осы тақырыптарды зерделей келе, қазақ халқының дәстүрлі исламының зороастрлық элементтермен үндестігі бар екенін айқындауға тырысады. Заратуштраның ілімінше өмір ақ пен қарадан тұрады, жақсылық пен жамандық. Сол жамандық құдайы – Анхра Майню, жақсылық құдайы – Ахура Мазда. Анхура Мазда адамның жақсы қасиеттерін ашуға тырысса, Анхра Майню жамандыққа, зұлымдыққа итермелеген деседі. Мұндағы сәйкестікті қазақ халқының діни сенімдеріндегі он иықта отыратын періштемен сол иығында отыратын шайтанмен байланыстыруға болады.

Сонымен, негізгі тұркі халықтарының рухани құндылықтарының жиынтығы олардың тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін бейнелейтін бірқатар негізгі аспектілерден тұратыны анықталды. Бірінші, табиғатты қастерлеу. Тұркі халықтары үшін табиғат әрқашан ерекше маңызға ие болды. Олар көбінесе күн, ай, жүлдіздар, таулар, өзендер мен ағаштар сияқты табиғи құбылыстарды құрметтейтін және оларға табынатын, оларды қасиетті және өмір сыйлайтын деп санайды. Екінші, ақсақалдар мен ата-бабаларға құрмет, тұркі халықтары аға үрпақтың даналығы мен тәжірибесін бағалайды. Ақсақалдар мен ата-бабаларды құрметтеу олардың мәдениетінде маңызды рөл атқарады, олардың кеңестері мен нұсқаулары үрпақтар бойына беріліп келеді. Қонақжайлыштық, қонақжайлыштық тұркі халықтарының маңызды рухани құндылықтарының бірі болып саналады. Қонақтар жылулық пен жомарттықпен кездеседі, көмек пен қолдау көрсетіледі, ал қонақтар қасиетті болып саналады. Үшінші, отбасылық құндылықтар. Отбасы тұркі халықтарының өмірінде басты маңызға ие. Отбасылық байланыстар ете маңызды және отбасы қоғамның негізі болып саналады. Ата-аналарды құрметтеу, балаларға қамқорлық жасау және жақындарын қолдау олардың рухани құндылықтарының маңызды аспектілері болып табылады. Төртінші, адалдық пен әділдік істердегі адалдық, әділдік пен

адалдық түркі мәдениетіндегі маңызды құндылықтар болып табылады. Өтірік пен алдау жаман әдеттердің бірі болып саналады, ал әділеттілік қоғамның әлауқаты мен өркендеуінің негізі болып саналады. Бесінші, түркі халықтары да өздерінің жеке басын және тәуелсіздігін бағалайды. Олар өздерінің дәстүрлерімен, мәдениетімен және тілімен мақтанады және қазіргі әлемде өздерінің жеке басын сақтауға тырысады. Бұл рухани құндылықтар түркі халықтарының мәдениеті мен бірегейлігінің терең аспектілерін бейнелейді, оларға ғасырлар бойы өз дәстүрлері мен құндылықтарын сақтауға көмектеседі.

Түркілер туралы келесі деректерде: «Түркі» атавы X ғасырда қайта тарихи сахнаға шығады. Қашқардағы, Баласағұндағы хандар (қағандар) өздеріне тағы да түркі деген этностық атав таңады. «Қазақтың қонақжайлышы, дархандығы, аңғалдығы, бейғамдығы төл тарихының он бойындағы гуманизмінен, оптимизмінен, сенімінен анық көрінеді. Ұлт тарихын зерттегендеге осы методологиялық ұстанымды қәдеге жарата білсек, толымды нәтижелерге қол жеткізе аламыз», – делінеді [43].

Қазақ мәдениетінің дамуы түркілік кезеңнен осы уақыт аралығына дейін бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткерді және әрбір тарихи кезең өзіндік ерекшелік пен сипатқа ие. Сондай-ақ, бұл кезеңдердің өзіндік тарихы мен сол замандағы халықтардың өмір сүру салты, өнері, мәдениеті, ұстанған дін үлгісі болғаны табиғи құбылыс. Қазақ даласындағы діни дәстүрді қалыптастырудың маңызды рөлі бар, өзіндік ерекше із қалдырған діндер немесе сенімдер жайында, соның ішінде тәніршілдік, шамандық, зороастрлыққа тоқталдық. Көшпелі қазақ халқының халық болып қалыптасуына дейін, исламға дейін немесе мұсылмандыққа мойынсынғанға дейін бірнеше кезеңдерді басынан өткергенін жоғарыдағы деректер арқылы сарапталды. Қазақтардың тарихының арғы түркілік кезеңінде әртүрлі діни нағым-сенімдердің орын алғанын жасырмауға тиістіміз, өйткені ол біздің нақты тарихымыз және болғаны дәлелденген дүниелер. Аталмыш мәселе тұрғысында келесі «Қазақ даласындағы исламға дейінгі діни нағым сенімдер» атты ұжымдық мақаламызда: «Қазақ халқының сонау түркілік кезеңнен бастап біртұтас халық болып қалыптасуына дейінгі уақыт аралығында дүниеге қатынасы жүйесінде ұстанған діни сенімдері мен көз қарастары және олардың ерекшеліктері атап мыш мақаланың басты зерттеу нысанына айналып отыр. Олардың барлығы тарих те зін де із-түзсіз жоғалып кеткен жоқ және қай қайсының қазіргі исламдық дәстүрлерді қалыптастыруына өзіндік орны бар», -делінеді [44, б. 59].

Сонымен түркілік рухани мәдениет дәстүрі, зайдарлылық пен діндарлық сияқты құқықтық, қуллі және жаңа арқылы жасалған адамдардың әрекеттерінің жүйесін қамтиды. Бұл дәстүрлер адамдар арасында байланысты біріктіріп, өмір сүрген қоғамдардың бірлігін дамытады. Түркілік мәдениеті дінді мәдениеттің алдын алу, мұсылмандық тәрбиелену мен әдеби-етік бақылау, жалпы тұрғыдан шығару сияқты ұқсас жобалар құрмады. Ақыл-парасат, адамдар арасында қайырлылық пен ерекше дегенесе, түркілік мәдениет дәстүрі мен дінділік қолданбаған өнімдер.

Сонымен, наным-сенімдер мен діндер аралық байланыстар мен өзара синтездеріне көз жүгіртсек, Шыңғысханның басшылығымен монғолдар Еуразия кеңістігіндегі көпұлтты және көпконфессионалды империя құрды, бірқатар діни төзімсіздік фактілері тіркелгеніне қарамастан, Монгол хандарының тұсында барлық діндер тең деп жарияланып, бір де бір дінге артықшылықтар берілмеді. Бұл жағдай конфессионалды жамағаттар арасында дұрыс бәсекелестіктің қалыптасуы мен өзара құрмет және толеранттылық дәстүрінің қалыптасуына қолайлы шарттар жасады. Кез келген халық пен мемлекеттің, тілдің жеке дара өмір сүре алмайтыны секілді, дін де жеке дара өмір сүре алмайды, олай дейтін себебіміз олар өзара тығыз байланыста, сабактастықта. Жалпы дін сөзі «дин» араб тілінен аударғанда, мойынсыну, бағыну, бағыну, құлшылық, үкім, есеп, жаза, заң деген мағынаны береді. Яғни бұл дін сенім, мойынсыну арқылы құлшылық арқылы жүзеге асатын құбылыс екенін байқатады.

Төменде сөз қозғалатын діндер мен діни сенімдерде мойынсыну мен құлшылылықтың әр түрлі ұлгілерін көруге болады. «Дін, тіл, діл қатар жүретін ұғымдар. Менталитеттің қазақ тіліндегі мағынасы – діл. Діл тіл мен діннен жеке бөліп алып қарастыратын ұғым емес. Осы үшеуінің өзара қарым-қатынасы арқылы белгілі бір халықтыңбет-бейнесін, өмір тынысын танып-білуғе болады. Қазақжерінде орын алған діндер мен сенімдерге кеңірек тоқталар болсақ, қазақ халқына келіп жеткен ең алғашқы дінді қазіргі ғалымдар тәніршілдік деп атап жүр. Тәніршілдіктің ең жоғары тұлғасы құдай, тәнірі деп аталды. Тәніршілдіктің қасиетті кітaby болмағаны жайында айтылады». Тәнірі тұратын қабаттан кейінгі ортадағы әлемде табиғатты қоршаған рухтар тұрады. Олар – орман, тау, асулар мен қайнар көздердің қожайындары. Ал басқа аруақтар болса, олар басқа нысандардың және өлген адамдардың рухы. Сол рухтар көзге көрініп тұратын әлемді басқарады, сондықтан да адамдарға өте жақын деген сенім болған.

IX-X ғасырларда тәніршілдікке сыйыну мен исламның өзара тығыз ықпалдастығы барысында тарихи саяси жағдай орнықты. Екеуі бетпе-бет келіп, бірімен бірі жауыққан жоқ. Өйткені екеуі де ізгілік пен игілікке, тұсіністікке, табиғатпен етене өмір сүруге бағытталған сала еді. Тәніріге сыйыну Алланы қабылдауға қайшы келмейді. Өйткені екеуінің де ұстанған ғұрыптары бір-біріне өте ұқсас. Ислам діні сондықтан да қазақтар үшін женіл қабылданды. Алот-су, Күн мен Айға табынуға жол берілуі сенімдерінің жемісі. Бұл жолдан барлық адамзат өтті дейді ғалымдар. Бұл жерде байқауға болатыны қазақ халқының діндарлық дәстүрлерітабиғи құштерден бастау алуы. Тарихи-генетикалық әдісті қолдана отырып, мәдени және әлеуметтік құбылыстарды зерттей отырып, Тәніршілдік элементтерінің қазақ қоғамының әлеуметтік институттарының дамуына қалай әсер еткенін жақсы түсінуге болады. Тәнірлік мәдениеттің негізгі аспектілерінің бірі тек діни ғана емес, практикалық маңызы бар ата-баба культі болды. Көшпелі өмір салты жағдайында, тірі қалу тұқымның біртұастығына және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға байланысты болған кезде, ата-бабаларды қастерлеу бүкіл қоғамдастықтың қорғанысы мен

әл-ауқатының кепілі ретінде қарастырылды. Бұл идеялар жерді қорғау және ресурстарды пайдалану мен қалпына келтіру арасындағы тепе-тендікті сақтау қажеттілігі туралы идеялармен тығыз байланысты болды. Тәніршілдікten кейін кенірек тамыр жайған діндердің бірі шамандық діни наным-сенімдері.

Қазақ халқының рухани өмірінің маңызды бөлшегінің бірі шамандықтың негізі бақсылық екені белгілі болды. Алғашқы қауым адамдарының түсінігі бойынша шаман манағаиे, рухтарды басқаруы мүмкін. Шаманның сиқырлы дабылы бар. Дабылдың бетінде көк пен жердің суреті салынған. Шаман сиқырлау арқылы рухтарды дабылдың ішіне кіруге мәжбүрлейді. Осы кезде есінен танғанша есіріп билейді. Ол есінен танғаннан кейін пейіш пен тозакты аралап жүр деп есептелінеді. Шаман сол аралықта аталарының рухтарынан кейбір мәліметтер алып отырады. Азиялықтардың арасында шаманның құрметін асыра түсетін жағдай – олардың адам үйрене алмас, жұмбақ мәліметтері. Бұл дәрежені бағындыру үшін шаман тәнін жаттықтырып, ішіп-жеуді азайта түседі. Қазақ халқының азызға әруаққа деген сенімі, құрметі қазақ халқының діни философиясының бір қыры болып табылады.

Қазақ халқының рухани әлеміндегі атаулы ұстанған діні болмаса да, олардың өміріндегі өзіндік орын алатындін Зороастрлық діні біздің заманызыға дейінгі VII-VI ғасырларда пайда болып, парсы патшалары қабылдаған дін болып саналады. Иран әдебиеті мен тарихын зерттеуші И.С. Брагинский парсы елінің көне әдебиеті мен олардың алғашқы діни кітаптарын талдайды. Ғалым біздің жыл санауымызға дейін жүйеленген «Авеста» діни және әдеби кітабының 17 аяты-йасындары (бөлімдері) түгел дерлік өлең өлшеміндегі Иранның ең ескі жазба әдебиетінің туындылары екенін анықтаған. Оның айтуынша: Авеста аяттарын Заратуштра (Зороастр) пайғамбары жазған. Оның мазмұны өз кезінің адамдарының зұлымдыққа, қарсы ізгілік жолында тәрбиелейтін шешендейтік сөздер, новелла, асқақ эпос, жан-жүйенде толқытар нәзік лирикаға толы [45, б. 42].

Зороастрлардың ілімі бойынша от стихиясы қасиетті ұғым деп саналады. Кейбір кітаптарда зороастрларды «отқа табынушылар» деп береді, әйтсе де зороастрлар бұл пікірге қарсы шығады. Қазақ халқындағы отпен аластау, суды лайламау, күннен жылу тілеу ұқсастықтарға жатса, алайға сәлем беру қазақ халқына тән ерекшелік болып саналады сондай ақ оосындағы құбылыстарды қазіргі ирандықтардың мәдениетінен де байқауға болады. Зороастрлар мен қазақ халқын жақындастыра түскен ортақ мерекенің бірі наурыз болып саналады. Иран жыл санауы бойынша фарвардин айының басында біздің айы санауымыз бойынша наурыз айының 21 нен 22-іне қараған түні жаңа жыл кіреді. Авесталықтардың жазбаларында фарвардин айына он күн қалғанда «фравахар» – яғни зороастрлардың сенімі бойынша адамзат баласының бойындағы жақсы, игі істердің бастамашысы, өлген кісілердің «фравахарлары» қазақша аударғанда «әруақтары» жерге түсіп, жердегі тазалық пен жақсылықтардың, игі істерді бақылауға келеді.

Қазіргі Ирандағы фарвардин айының аты осы «фравахар» деген сөзге тікелей байланысты. Жоғарыда айтылған тазалық пен игі істер демекші, өлген

кісілердің фравахарлары 10 күн жерде болады. Осы орайда зороастрлар үй-жайларын ретке келтіріп, отбасындағы ананың рөлі артып, отбасы мүшелеңінің тазалығы мен жаңа зат, киім-кешек алуға кіріседі. Әсіресе, балалардың киімдерін түгендеп, бүтіндеп, үйлерін жинап, әдемі іісті балауыздарды жағып үйге жаңа рең мен тазалық орнатады. Бұл шараларды жасаудағы негізгі мақсат – фравахарлардың жердегі дүниенің тыныш, әдемі тіршілігін көріп, өз әлемдеріне қуанышпен оралуы деседі. Зороастрлықтар осы наурыз түнін «хамас-пат-майдиәм» деп, яғни «күн мен түннің теңесу» түні деп атады. Осы тұста айта кететін жайт қазақ халқының діни мәдениетінде фраварх «әруақ «ұғымы бар, оған құрмет көрсетіп құран бағыштау ұқсастық болып саналады. Келесі С.Е. Нұрмұратовпен жазылған мақаламызда «Әсіресе, Заратуштра идеялары әлемдік діндер мен грек ойшылдарының философиялық жүйелерінің қалыптасуына түрткі болғаны белгілі. Кейін ислам дініндегі әр түрлі сопылық ағым өкілдері де Заратуштрашылдықтың кейбір рәсімдерін қабылдап алғып, жергілікті қазақтың ежелгі сенімі мен мұсылмандық шарттарын бір-бірімен шебер ұштастыра білді. Әлемдік діни-философиялық дүниетаным мен көзқарастардың бастауы ретінде танылған Заратуштра ілімін зерттеуге дүние жүзінің белгілі ойшылдары ат салысқанын атай аласыз. Ал біздің елімізде әзірге аздаған интеллектуалдық күштер ғана бұл тарихымыз үшін маңызды мәселеге назар аударып отыр» [46, б. 53]. Осылайша, зороастрлықтың қазақ халқының діндарлық дәстүрлер қалыптастырудардың өзіндік маңызды рөлі бар екенін байқауға болады. Заратуштраның діни-этикалық ілімі, философиялық ой-пікірлері ұзак уақыт бойы адамзаттың рухани азығы бола алды.

Ал енді дүниедегі кез келген қазақтың өзіндік мәдениеті, рухани болмысы, өзгеше рухани әлемі болары анық. Тарихи сабактастық мәселесі осы жерде маңызды. Ешқандай қазақ жеке дараланып, тарихи кеңістікте басқа әлеммен рухани және саяси-экономикалық байланыстарсыз оқшауланып өмір сүре алмайтыны секілді, мәдениет те, діни тұсініктер де өзара ықпалсыз, байланыссыз болмайды. Осылаша қазақ халқының діни дәстүрлерінің философиясы бір күнде қалыптасқан ұғым емес, ғасырлар бойына әт түрлі тарихи кезеңдермен бір-бірін толықтырып келе жатқан құбылыс. Халқымыздың қанына сіңген қасиеттері мен біте қайнасқан діндарлық дәстүрлері әлі де зерттеуді қажет ететін, толықтыра түсетін тұстары бар ғылым. Ұлттық дүниетаным, мемлекеттік тіл, діл бар кезде діни дәстүр философиясы замананың үдерісімен дами үстіне дами бермек. Ел басшымыздың болашаққа бағдарлаған Рухани жаңғыру тұжырымдамасы осы ұлттық философиямызды дамытып, ұмытылған рухани дүниемізге жақындалады. «Рухани дамудың қоғамға және жеке азаматтарға қажеттігі қалай маңызды болса, жалпы ұлттың сапасы үшін үйлесімді, әділетті руханияттың өрбүі сондай қажет. Адамзат тарихындағы кез келген ұлттың тарихындағы өзіміздің өткенімізде ежелгі замандағы Заратуштра, Қорқыт ата, орта ғасырлардағы әл-Фараби, Баласағұн, Қашқарилар, қазақ тарихы кезеңдегі Асан қайғы, ақындар мен жыраулар, билер мен хандар және кейінгі қазақтың данагөйлері Шоқан, Ыбырай, Абай мен Шәкәрімдер және Алаш арыстары тарихи тұлғалық биікке көтерілген азаматтар

болды. Олардың негізгі іс-әрекеттері мен көтерген идеялары жеке бастың шектеулі мұддесі мен философиясының төңірегінде қалған жоқ, адам тұлғасын әлеумет мұддесіне, болашағына барынша сәйкес келетін жан-жақты кейіптеуден тұрды және «толық адам» деп аталатын ерекше сапалық тұжырымдаманың төңірегінде қалыптасты, өрбіді және өзгелергі өнеге болды», – деген тұжырым бар [47, б. 22].

Ислам дінінің қазақ жеріне тамыр жаю тарихы түбегейлі шешімін тапты, бір ізге түсті деуге әлі өртерек. Зерттеушілердің бірі көшпелі тайпалар жаңа дін – исламға өз еріктімен мойынұсынды және оны жаппай қабылдады десе, енді бірі бұл күрделі процесстің тым ұзакқа созылғандығын, тек XVIII-XIX ғ. ғ. шегінде ғана аяқталғанын алдыға тартады. Ақиқат ауылы қай жағында, екіудай пікірлердің асылы қайсы? Төменде он ғасырдан дәуірді шолып өтпекпіз. Ондағы мақсат – исламның қазақ жеріне тарауының кезең-кезеңі, атап айтқанда басты төрт кезеңі болғанын дәйектеу, сонымен бірге әр кезеңге тән басты ерекшеліктерді қысқаша барлауға саяды. Олар: VIII-X ғ.ғ., XI-XII ғ.ғ., XIII-XVIII ғ.ғ. аралығы және XIX ғасырдан бүгінге дейін. VII ғасырдың ортасында омейядтық халиф Муавии ибн Суфьянның басқару кезінде Самарқанд, Бұхара, Шаш, Насаф, Кеш, Хорезм, Мерв, Ходжент, Үргеніш, Ниса қалалары орналасқан қос дария Аму мен Сырдың арасы – Мауренахр аумағы жаулагап алынды. Халифат құрамына Мауренахр кіргеннен бастап, дін ислам Орта Азияда салтанат құрды, онаң соң Қазақстан жеріне қадам басты десе де болады. Саманидтер династиясы дәуірінде (IX-X) ислам діні мемлекеттік дін болып жарияланып, өзге діндерді ығыстырып, өз беделін жоғарылата түседі. 893 жылы Исаим Самианд Тараз қаласына жорыққа шығып, қаланы берілуге шақырады. Осыған орай, тарихшы Нершахидің айтуы бойынша Тараз қаласының әмірі көптеген дихандарымен қала сыртына шығып, исламды қабылдаған екен. Мәселен, қаланы жаулагап алғаннан кейін, Тараздағы үлкен ғибадатхана мешітке айналдырылған. «Бұхара тарихы» атты кітабында осы автор Бұхарадағы христиандық шіркеудің орнына Бани Ханзала мешіті салынғанын жазады. Автордың білуінше, осындағы жағдай Мерке қаласында да болған. Яғни, ескі шіркеу орнына жаңадан мешіт салынған. Сол сияқты осындағы көрініс Саманид мемлекетінің шығыс шетінде де орын алған. Мервте де шіркеу орнына мешіт салынған. Дей тұрсақ та, бұл кездері Орта Азия қалаларында зороастризм дініндегілер және христиандық қауым мұсылмандармен қатар әмір сүріп жатты. Сөйтіп, жазба тарихтың деректеріне сүйене отырып, тарихшы мамандар қазіргі Қазақстан территориясына ислам дінінің алғашқы келу кезеңін VIII-X ғғ. байланыстыра қарастырады. Бұл ретте еліміздің онтүстігі мен онтүстік-шығыссында орын тепкен әулиелі жерлер қосымша дәлел ретінде ұсынылады. Атап айтқанда, Әулие Қарахан, Айша Бибі, Бабаджа Хатун, Исхақ Баб, Әбд әл-Әзиз Баб, Хорасан Ата т. б. әулиелі жерлер түркілер арасына ислам дінін алғаш әкелген тарихи тұлғалардың аттары деген болжамды зерттеушілер бірауыздан бекітеді.

Түркітекtes халықтарға ислам дінін жеткізу мәселесінде мұсылман әскерінің жалаңаш қылышынан гөрі, сауда-саттық арқылы бейбітшілік жолмен

тарату әдісі әлдеқайда жемісті болды. Айталық, түркі халықтары ішінде түркі қарлуктары мұсылманшылдыққа ең алдынғылардың бірі болып бас ұрды. Әйткені, Жібек жолы бойындағы сауда-саттық оларды арабтар және тибеттіктермен тонның ішкі бауындағы тығыз байланыстырыған болатын. Х ғасырда саманидтік мемлекет құлап, тұңғыш рет көшпелі түркілердің мұсылман мемлекеті құрылды. Осы кездерде Шығыс және Батыс Түркістанда Қараханид немесе Илек хан династиясы биліктегін жүргізген еді. Бұл династия түркі халықтары арасында исламның таралуына ерекше үлес қосты. Дәлелге ұлан-байтақ ареалда мешіттердің молая түскенін айтсақ та жеткілікті. Ибн әл-Асир өзінің жазбасында 960 жылы құрамында 200 000 тұтіні бар түркі халықтарының бірі исламды қабылдағанын мәлімдейді. Бұл хабар бәлкім, Жетісу тұрғындарына да қатысты. Келтірілген дерек-дәйектер түгел дерлік тек Қазақстанның оңтүстік белдігіне ғана қатысты. Естеріңізге салсақ, осы жеті тас мешіттің қалдығы ХVІІ ғасырдың басына дейін жетіп, көне Қимакия, қазіргі Семей қаласы орнына салынған орыстың әскери бекінісінің «Семьпалат» деп аталуына себепкер болды. Астана қаласы іргесінен табылған Бозоқ сияқты құм астына көмілген Арқа төсіндегі көне қалашықтарда ислам дініне қатысты айғақтар ұшырасуы ықтимал Қазақ даласын мекен еткен алуан түрлі тайпалардың болғанын ғалым, философ М.С. Орынбековте: «Мәдени мұраны зерттеушілердің анализі бойынша қазақ топырағында түркілер, парсылар, соғдылар, монғолдар мен басқа да халықтардың өмір сүрген. Түркі қағанаты осы тайпалардың басын қосып оның дамуына зор үлес қосты» [48], – дейді.

Түркі халықтарының ерекше мәдениетіндегі ғылыми-ағартушылық дәстүрлердің мұрагерлерінен басқа, замандастарымыз да діни дәстүрлерді ұстанушыларды да ұмытпайды. Осы контексте зерттеушілердің назарын түркілердің байырғы діні ретіндегі тәңіршілдікке ғана аудармай, исламның түркі халықтарының рухани өміріндегі орны мен маңызына, бұл мәселені зерделеу қазіргі жаһанданып бара жатқан әлем жағдайында тарихи жалғасын табуды қажетсініп отыр. Қазіргі түркі тілдес халықтар исламмен рухани жіп арқылы байланысқан. Бірақ қазіргі мәдениетте таралған ислам өзгешелеу, оның Қазақстанның қалыптасқан «дәстүрлі исламнан» айырмашылығы бар және ол өз кезегінде еліміздің ғылыми қауымдастықтығын бірегейлік мәселесіне және жаңа өзгерген жағдайларға сәйкес бұрынғы рухани дәстүрлердің бейімділік мүмкіндіктеріне назар аударуға шақырады.

Түркі әлемінің ұлы философтарының шығармашылығы арқылы ислам философиясының жетістіктері, оның руханилығы ашылып көрсетіледі. Қазақ ойшылдарының дүниетанымын, әсіресе Қазақстан аймағына исламның таралуынан кейін, жалпы тарихи-мәдени және рухани саладан бөлек қарастыруға болмайды. Біздің ойымызша, түркі заманы мен кейінгі қазақ ойшылдарының дүниетанымының қалыптасуындағы діндарлық пен зайырлылықтың өзара қатынасының маңыздылығы толықтай зерттелмегені анық. Қазіргі уақыттағы тәуелсіздіктің нығаюы кезеңі күрделі мәселені тиімді шешуді іздестіруге және мәдени және өркениеттік өзіндік болмысын қалпына келтіуге жаңа мүмкіндіктер ашады.

Исламды тарихи тұрғыдан зерделеуге және түркі мәдениетіндегі философияға әсерін, сонымен қатар мәдениеттің рухани тамырларының ортақтығы XII ғасырда (қазіргі Түркістан қаласы) Яссы қаласында тұрып қызмет еткен ұлы ойшыл, дана Қожа Ахмет Ясаудің шығармашылығы ерекше маңызға ие. Оның негізгі іргелі еңбегі «Диван-и-Хикмет» («Даналық кітабы») діни-этикалық құндылықтарға, діни сананы өрбітуге арналған. Сонымен қатар жұмыста түркі тайпаларының сол тарихи кезеңдегі рухани және әлеуметтік өмірі мен зайырлы түсініктегі туралы да көптеген ақпараттар бар. Қожа Ахмет Ясауи исламдық құндылықтар әлемі аясындағы сопылықты насиҳаттайды және осы негізде бүтін бір діни-дүниетанымдық мектеп ашты. Оның көптеген шәкірттері болды.

Оның идеялары – өзін-өзі тану түбінде бұл Құдайды тану деп саналатын, құдайылық биікке ұмтылған салиқалы асқақ адамның идеялары. Ол ислам мистикасын түркілік халықтың сеніммен ұштастыруды. Ясаудің «Хикметтері» адамның Құдайға қарай ұмтылуының рухани-адамгершіліктік үлгісі болды, өйткені әрбір адам өзінің дамуында ішкі жетілуге қол жеткізуі мүмкін, ал кемелділікке жетудің өзегі Құдайға деген махабbat деп танылды. Құдайды сую және сол арқылы адамға деген махабbat, міне рухани-адамгершіліктік дамудың бағыты осындағы. Қазір таңдағы қазақ халқының рухани өміріндегі маңызды орын алатын дін ол ислам. Бүгінгі таңда бұл сома мұсылмандардың трансұлттық қауымдастығы ретінде анықталады. Исламдық сәйкестік санада қалыптасады, өйткені ол ислам дәстүрінің принциптері мен нормаларын тарататын әлеуметтік ұйым болып табылады. Исламдық сәйкестендіру ислам дәстүрінің негізін құрайтын исламның негізгі ережелерінің орындалуы мен сақталуына сәйкес жүзеге асырылады:

Қазақ халқының тарихы тек тарихи Қазақ халқының ғасырлар сынынан еткен құндылықтар жүйесі бірінші орында тұруы керек. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының «Дін мен дәстүр» атты кітабында «Дәстүрлі дінінен, ділі мен тілінен, әдет-ғұрпынан ажыраған елдің болашағы жоқ. ... Ата-баба дінін мансұқ еткен адасқақ ағымдардың бірі «Қазақ даласында бір құдайшылдық, таухид жиырмасыншы ғасырдың тоқсаныншы жылдары ғана келе бастады» деген қасаң пікір ұстанады... Қазақ халқының негізгі құндылықтары мен салт дәстүрі исламмен үйлесімді келеді... Олар шаригат пен қазақтың дәстүрлі әдебінің етене қосылуының нәтижесінде қалыптасқан» дедінген [49, б. 15].

«Авестада» «байтақ патшалық», онда мол тамақ пісіреді, үлкен кесек тамақ береді, аттары пысқырады, дөңгелектер сықырлайды, онда қамшылар ысқырады, көп шайнайды» [50, б. 52]. Осы тұста қазақи мәдениеттің элементтерін, соның ішінде ас беру, мал ұстая, арбамен жүк тасу, атқа міну секілді т.б. ұқастықтарды байқауға болады. Зороастрлық тақырыбын зерделеу барысында қарастырылған түркі халықтарына ортақ сөздер топтамасынан тубі бір түркілер деген түйіннің бекер айтылмағанына көз жеткізуге болады. Бұл сөздерді ұжымдық Scopus мақаламызда ағылшын тілінде қолдандық, төменде сілтемесі бар.

## Түркі халықтарының қолданыстағы ортақ сөздер

Берілген сөздердің мағынасын ашу барысында Өзбекстан Республикасының ғалымдары Икрам Абдуллаев пен Махмудов Рауфжанның «Этимология некоторых авестийских слов, имеющие отношение к культу и вере в староузбекском языке» атты мақалалары пайдаланылды. Жалпы алғанда тілдік үндестіктер, ұқастықтар біршама анықталды:

1. *Пашиман* پشیمان – авеста тілінде қолданыста болған сөз, парсы тіліне – пүшайман болу, қазақ, қырғыз, өзбек, тәжік, ұйғыр тілдерінде – мағынасы өкініп қалу, шарасыздық болып аударылады, ал орыс тіліндегі беретін мағынасы – сожалеть.

2. *Барадар*, *pīradar* بارادار – парсы тілінде – авеста тілінде қолданыста болған brotheraғылшынша, түп негізі санскрит тілінен енген, қазақ тілінде пірадар – діндарлық тұрғыда бауыр болу, бір діни ұйымға тиесілі болу, бауырластық деген мағынаны береді, орыс тіліндегі мағынасы – братство .

3. *Фрагард* nemese فراگردد – қазақ тілінде пәруардігер-Құдайдеген қос тіркескүйінде қолданылады, архаизмге жатады, әдеби тілде қолданыста, мағынасы Жаратушы Құдай, Жаратушы ием, өзбек, парсы, тәжік, қырғыз тілдерінде – мағынасы жаратушы, орыс тілінде – создатель .

4. *Зендеги* زندگی – қазақ, парсы, хинди, тәжік, өзбек, ұйғыр тілдерінде өмір деген мағынаны береді, түбірі *zendeh* – тірі болу, орыс тіліне-жизнь деп аударылады.

5. *Сил* سیل – парсы тілінде – сел қазақ, өзбек, тәжік тілдерінде – мағынасы су басу, су алу, сел басу, орысша наводнение.

6. *Джанангир* جهانگیر – парсы тілінде – жиһангер қазақ, өзбек тілдерінде – мағынасы саяхатшы, жер жаһанды аралаушы дегенді білдіреді, көбінесе адам аттарына қолданады, орысша – путешественник.

7. *Пишане* پیشانه – авеста тілінде қолданылған сөз Рахман Алшановтың «Жиырма мың жылдықтың құпиялары» атты кітабында кездесті, парсы тілінде – пешене, қазақ, қырғыз тілдерінде, тәжік тілдерінде – мағынасы тағдыр, Пешенеге жазылған, яғни тағдырга жазылған, орысша – судьба.

8. *Фраварх* فراورخ – авеста, парсы, араб тілдерінде – әруақ қазақ тілінде – елген адамның рухы, орысша – души умерших людей.

9. *Асеман* آسمان – авеста, парсы, өзбек, тәжік, ұйғыр, тілдерінде – аспан қазақ тілінде – мағынасы көк аспан, орысша – небо.

10. *Гунаг* گنگ – парсы тілінде – күнә қазақ, араб, тәжік, хинди, өзбек, қырғыз, ұйғыр тілдерінде – көп жамандық жасау, орысша аудармасы-грех .

11. *Бидава* بیداوا – дауасыз, қазақша, өзбекше, қырғызша, парсыша дауасыз адам, дауасыз ауру, екінші мағынасы-тегін, орысша – неизлечимый, бесплатно.

12. *Жал* парсы тілінде – ажал қазақ, араб, қырғыз, тәжік тілдерінде, мағынасы өлімнің келуі, орыс тілінде- смерть.

13. *Фереште* فرشته – авеста, парсы тілінде – періште қазақ, өзбек, қырғыз тілдерінде мағынасы күнәсіз, орыс тілінде-ангел. Періште ұғымына байланысты атаулардың бірі – фаришта сөзі, ол фаришта *فریشتہ* сөзінде

кездесетін пайғамбар сөзінен жасалған элемент жолағы. Өйткені фаришта сөзінің өзі санскрит тілінде *prēshita* түрінде қолданылған, *êsh + pra* құрылымы бар және «хабарлау», «хабарлама жеткізу» дегенді білдіреді.

14. *Аманат* امانت – парсы тілінде – аманат ету, сену қазақ, қыргыз, араб тілдерінде, мағынасы тапсыру, орыс тілінде-доверие.

15. *Пайамбар авеста*, парсы, қазақ, өзбек тілдерінде пайғамбар, орыс тілінде- пророк. Пайғамбар сөзі тарихи түрде екі бөліктен пайда болған: *raugom* پیغام және барбр. *Raigom* – «хабарлама» дегенді білдіреді, зебоки тілінде *pēghām*, гийлаки тілінде – *reuyham* түрінде қолданылады. Бұл форманың түбірі *rauom* сөзімен бірдей және оның синоним болып табылады. «Авестадағы» паём пайтигама, пехлеви тілінде *pētām* түрінде берілген.

16. *Рузе* روز қазақ, парсы, тәжік, араб, ұйғыр тілдерінде ораза – таңнан күн батқанға дейін тамақ пен сусыннан бас тарту, сонымен қатар басқа қажеттіліктерді қанағаттандыру

17. *Дузан* دوزخ (тозақ) – жұмаққа қарсылық ретінде белгілі. Діни термин ретінде кәпірлердің шәнид болған жері деген ұғымды анықтайды. Авестада бұл сөз *dujangha* دوژانگه немесе *dujanghu* دوژانگه түрінде қолданылып, жаман дүние, ұсқынсыз, арам дүние, жаман өмір деген мағынаны білдіреді, орыс тіліне – ад деп аударылады.

18. *Ужмағ* اوجماق жұмақ. Көне түркі тілінде XXII ғасырдан бастап *uṣmak*, шамамен XXII-XXIII ғасырлардан – *uṣṭmaḥ* түрінде қолданылған. Қазіргі түркі тілдерінде бұл сөз белгілі бір таралуға ие болды, орыс тіліне – рай болып аударылады.

19. *Зендан* زندان зындан, түрме – парсы, қазақ, өзбек, тәжік, ұйғыр тілдерінде түрме деп аударылады, орыс тіліне – тюрьма деп аударылады.

20. *Хафте* هفت – авеста, қазақ, парсы, тәжік, ұйғыр тілдерінде апталолып аударылады, хафт деген 7 деген мағынаны береді, яғни аптаның 7 күні, орыс тіліне – неделя деп аударылады [51, б. 15]. (Scopus мақаладан қазақшаға аударылып алынды).

Сондай-ақ II тараудың 2.1 бөлімін қорытындылай отырып, қазақ халқының рухани әлеміндегі Түркілік кезеңдегі зайырлылық пен діндарлық дәстүрлері тақырыбынжан жақты зерделей келе келесі тұжырым алынды: «Түркілік дәуір өзінің ерекше құндылықтарымен, тарихи тұлғаларымен ерекшеленеді. Түркілік дәуірдің рухани әлемінде зайырлылық пен діндарлық дәстүрлері бір-бірімен тікелей байланыста сабактасты. Біздің ата-бабаларымыз тәніршілдік, зороастрлық, шамандық дәстүрлерін синтездей отырып рационалдылық пен иррационалдылықтың, қастерлілік және прагматикалықты байланыстырған. Түркі әлемі зайырлы-діни контентті рухани мәдениетіне бойына сіңірді, кейіннен қазақ мәдениеті өзінің эволюциясында ислам дәсүрлерілерімен синтезделді».

Келесі II тараудың 2.2 бөлімінде «Тарихи дамудағы зайырлылық құбылысы» (Қараханидтер дәуірінен бастап) атты тақырып қарастырылады.

## **2.2 Тарихи дамудағы зайырлылық құбылысы (Қараханидтер дәуірінен бастап)**

Әл-Фараби мен Ибн Синаның діндарлық пен зайдарлыққа қатысты философиялық көзқарастары ортағасырлық шекараны аттап өтіп, өздерінің тарихи және интеллектуалдық өмірлерін жалғастырды. Қызықты да жемісті сұхбаттың тоқталмауы себепті олар біздің замандастарымызға айналды. Олар өздерінің философиялық ізденістерінде білім мен ақыл-ойдың шығармашылық күшінің, практикалық істегі даналық пен қоғамды басқарудағы әділдіктің, адамның өмірінің ой-сезімдерінде, өзгелермен қатынасында үнемі кемелденудің жеңімпаздығын көрсеткендіктен, олардың идеялары өмірін жалғастырып келеді. Олардың көзқарастары Орталық Азия халықтарының мәдениетінде жоғары бағаланатын гуманизм, ағартушылық, әділеттілік және сұлулық идеяларын бейнелейді.

Әл-Фарабидің ойынша немесе пайымдауынша, «ақшаны артық шашу ысырапшылықтың, қатты қысу сарапдықтың белгісі», яғни Әл-Фараби заманындағы сауда және экономикалық қатынастың барынша белсенді болғанының дәйегі бола алады. Бұл жерде ғұлама-философ ақшаның адамның

бақытты болудағы ерекше маңызын айтқысы келгендей, яғни қай ғасыр болсын, қай заман болсын материалдық құндылықтарға қатысты ғұламаның бұл тұжырымдары өзекті мәселелердің бірі екеніне көзіміз жетеді. Ұлы философтың тұжырымында бұл өмірде өзін-өзі тапқан, Алланың берген ырзығын адал және әділдікпен пайдалана алған, өмірде өз жолын тапқан адам бақытты бола алады. Демек, ойшылдың дүниетанымында, шығармашылығында діндарлық пен зайырлықтың арасында өзіндік үйлесімді қатынастарды орнатуға болатындығы көрсетілген. Бұл үйлесімділіктің негізгі субъектісі жеке адам, жеке тұлға. Ол қоғамнан оқшауланып емес, тек басқа адамдармен, немесе қоғаммен қарым-қатынасқа тұсу арқылы өзінің қатынасын айшықтай алатынын ескертіп тұрғандай.

Қазақ халқының діндарлық дәстүрлері жоғарыда айтқанымыздай, оның осы уақыт аралығына дейінгі ұстанған наным-сенімдерімен қатарқазақ фольклорының да маңызы зор. Олай дейтін себебіміз діни әдебиеттер, жырдастандардағы батырлардың ерлігі, махаббат оқиғалары, олардың мән-мағынасы саналы ұрпақ тәрбиелеудегі көмекші құралдар болып саналады. Алқазақ мақал-мәтелдерінің әлеуметке берерлік тәрбиелік мәніне келер болсақ, онда олардың орны халық болмысын, санасын, дәстүрін жетілдіруде орасан зор. Мақал-мәтелдер арқылы даналықты таныту, руханилықты аша тұсу, өскелең ұрпақты тәрбиелеу, дұрыс жолға бағыттау кез келген этникалық болмыс пен сананың маңызды тұғыры.

Этникалық санадағы мақал мен мәтел топтамасы халықтың философияның тұрмыстық деңгейдегі даналығының көрінісі. Мақалдар бұқаралық сана деңгейінде белгілі зайырлықтың үлгісін ұсынады және адамдарды надандықтан алшақ болуға, өмірлік терең қысындарға назар аударуға үйретеді. Атап айтатын жәйт: мақалдар көбінесе діндарлыққа шақырмайды және ол өзінің ауқымында, өзінің шектеулі мүмкіндіктері деңгейінде әлеуметті кейбір маңызды құндылықтарға назар аудартады және сынни ойлаудың өзіндік сипатын қалыптастырады. Өмір мен өлім туралы, отан мен тәрбие туралы, жастық пен кәрілік туралы мақалдар топтамасы көптеген халықтардың мақалдарында мағынасы жағынан ұқсас келеді және оның бағыт-бағдарлары этикалық мазмұнға толы болады.

Ежелден қазақ халқының ойшылдары ақиқатты тануда, өмірді түсінуде үлкен рөл атқаратын құбылысты ағартушы білім деп санайды. Әрине, адамның өміріндегі білімнің рөлі өте жоғары, адамды адаммен салыстыруға болатын өлшем – білім, ақыл мен таным және олар өмірді толық мәнді ететін адам бойындағы жоғарғы қасиеттер. Ақыл – әлеуметтік дүниедегі құнды құбылыс ретінде адами дүниенің кез-келген құпиясын түсінуге әзір. Бірақ сол ақылды адам шындалап отырмаса, оның құрылымы сүренсізденіп, акпараттар ағыны заманында тоқырап, сипаты кешеуілдеп, мардымсызданып, дормаланып қалуы мүмкін. Мәселен, Кожа Ахмет Ясаудің «Диуани хикмет» (Даналық кітабы) атты еңбегінде Хақ дидарын іздеген көруге ұмтылған әрбір діндар өзінің білімін көбейтіп, даналығын арттыруы керек. Онсыз ешқашан рухани жетілу процесі адам өмірінде орын алмайтындығы алға тартылады.

Ғылымына амал қылған – сауап алар,  
Өлгендеге ертең тар лахатта дауа болар [67, б. 15].

Қожа Ахмет Ясаудің шығармашылығында діндарлықтың мазмұны тақуалықтан басталып, нәпсіні жеңіп, түбінде ғылымды үйренумен жалғастырылады. Демек, діни сенімге шақырған ғұлама фанатистік, радикалды діншілдік емес, қоғамдағы жасампаздықты ескерген діндарлықты, сопылықтың ерекше формасын алға тартқанын байқаймыз. Ақиқаттың терең сырын іздеген адам әр уақытта өзін шектей білу керек, тәкаппарлыққа салынбау қажет деген терең этикалық ұстанымдарды насиҳаттау арқылы ойшыл өз заманында үлкен рухани беделге ие болды. Қоғамның дамуы адамның рухани жетілуімен астасып жататындығын өзінің уағыздары мен зікірлерінде ұндеумен болғаны белгілі. Қоғамда зайділік прогрессивті тұстарын дамытып отыру тек мұсылмандық ортадаған емес, сонымен қатар басқа діни ағымдарда да кеңінен қолданылады.

Әрине, діни фанатизм немесе діни асыра сілтеушілік адамзат тарихында көптеген теріс әрекеттер жасағанын жүргіштілікке белгілі. Мәселен, Еуропалықтар христиандар ортағасырлардағы өзінің дамуында зорлық пен зомбылықтың символы болған инквизиция дәуірін басынан кешірді, ғылымдағы жаңалықтарға барынша қарсылық көрсетті. Көптеген ғалымдар діни қара күштің кесірінен құрбан болды. Ал енді осы оқиғаларға керісінше үдеріс Кеңес дәурінің алғашқы жылдарында діндарларды құдалауға ұшыратқан деректермен айшықталды. Көптеген ислам жолындағы діндарлар кеңестік атеистік режимнің құрбанына айналды. Бұл жағдайды енді авторитарлы, тоталитарлы саясаттың дін мәселесіне тікелей араласуы деп түсінуге болады.

Діндарлықтың барлық формасын жоққа шығарған Кеңес үкіметі сонымен қатар ұлттық сананың да барынша тілдік және жалпы мәдени нигилистенуіне өзінің идеологиясын бағыттады. Сондықтан көптеген шағын ұлттар, аз санды этностар елімізде XX ғасырда мәдени ассимиляцияға ұшырады және олар өздерінің тілдерінен, ділдерінен, діндерінен айрыла бастады. Қазақ халқы сондай мүшкіл деңгейдегі халықтардың қатарына қосылудың алдында тұрды. Қазіргі кезеңде өзінің ана тілінде сөйлей алмайтын, жаза алмайтын өзіміздің қандастарымыз көпtek саналады. Тіпті қазақ тілін мемлекеттік тіл дегеннің өзінде оған менсінбеушілікпен қарайшылық байқалып қалады. Осындай жағдайды әлеуметтік диссонанстың көрінісі, «дәстүр мен инновация арасындағы кейбір қайшылықтар мәселелер» деп бағалайды кейбір отандық мамандар [68, б. 94].

Ондай қауіп түркі тілдес халықтардың көбісінің басына түскең еді. Шын мәнінде түркі тілдес халықтар ғасырлар бойы өздерінің рухани және мәдени әлемін ұқыптылықпен қалыптастырған келгенін атап өтуге болады. Түркі тілдес халықтардың ұлттық тідерінің ұқсастығы мен айырмасын зерттеуге үлкен үлес қосқан ойшыл, тарихи тұлға Махмұт Қашқари еді. Оның негізгі іргелі енбегі «Диуани лұғат ат-түрік» [69]. Ол түркілік негіздегі 25 тілді талдаудан өткізген еді. Осылай тілдік сипаттамаларды талдаудан өткізу зайділік қоғамның көріністерін зерттеу екені анық. Бұл ғылыми сипаттаудың ұлттық

лингвистикаға қатысты өзіндік көрінісі деуге болады. Орталық Азиядағы барлық халықтар өздерінің рухани мәдениетінде М. Қашқари еңбектерін кеңінен қолдана алады. Оны сондықтан тұтқі тілдес халықтарға ортақ тарихи тұлға деп қабылдаймыз.

Орта ғасырлардағы түркілік ойдың хас шебері Жұсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» атты еңбегінде саяси әлеуметтің өзекті мәселелерін сынни талқылаумен айналысады және оларды сол замандағы этикалық ұстанымдармен астастырады. Бұл маңызды мәселелер топтамасы кейінгі ғасырларда өзектене түсті [70]. Сөйтіп, Ж. Баласағұнның рухани мұрасы қоғамдағы әділеттіліктің бастауы қоғамдағы іргелі зайырлылықтың негіздерін нығайтуда екендігін ойшыл замандастарына ескерткендей әсер қалдырады. Ж. Баласағұнның саяси философиясы далалық демократияны дамытудың идеялық бастауы және сонымен қатар оның діндарлыққа деген қатынасы барынша ұстамды екені байқалады. Ойшылдың астарлы ойлары саяси өмірдегі мәдениеттің маңызын, адами моральдің биік мәртебеін асқақтатумен маңызды. Оның шығармасындағы кейіпкері үнемі рухани ізденістегі әлеуметтік субъектідей хал кешеді. Бұл әлеуметтегі дамуға жетелейтін рухани сұхбаттың өзіндік қыры екені белгілі

Дәстүрлі қоғамда өмір сүрген көптеген қазақ жыраулары мен ақындары, шешендері мен билері өз орталарында әлеуметтік әділеттіліктің жаршысы бола жүріп, үнемі зайырлылықтың далалық сипатын насиҳаттаумен болады. Олар исламға қарсы әрекеттерге бара қойған жоқ, дегенмен азаматтың қоғамдық ортада рухани тұлға болып қалыптасуына үлкен мән беріп отырғанын байқаймыз. Мәселен, Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы) өз заманында бұл дүниенің өтпелі екенін және жастар үнемі жасампазбілім жинауы тиіс екенін, ал ғұмырда адамның негізгі арқа сүйейтін құдіреті имандылық екенін айтумен болған. Осындай көзқарасты қазақтың басқа да ақын-жыраулары мен би-шешендері шығармашылығынан байқаймыз. Сондықтан қазақ даласының мәдени қеңістігі дәстүрлі қоғамды қалыптастыру барысында әлемдік адамдық эволюциядан шеттеп қалған жоқ, өзінің ерекше орнын анықтай алды деуге болады.

Қазіргі кезеңде өзекті мәселе ретінде көтеріліп жатқан «әділеттілік» пен «адалдық» қағидаттары қазақ қоғамында ертеден күн тәртібінде болғанын байқауға болады. Әрине, сынни талдау түрғысынан алғанда көптеген зайырлы қоғамның маңызды қырлары қазақ қоғамында тым баяу орныққанын мойындауымыз керек. Міне, осындац жағдай қазақтың болмысын кейінгі ғасырларда қуатты көршілермен қажырлы бәсекелестікке түсуге мүмкіндік бермеді. Бодандықтың тұсауы сол замандарда орынққаны белгілі. Осындай жағдайларға қарамастан қазақ жерінде жарқыраған жұлдыздай көріне бастаған тарихи тұлғалар зайырлылықтың өркениеттік сипатта айшықталуына үлес қоса бастады. Мәселен, қазақтың көрнекті ойшылдары арасынан өзінің әмбебап ғалымдығымен көзге түскен Шоқан Уәлиханов қазақ даласындағы мұсылмандық пен тәніршілдік сияқты құбылыстарға өзіндік сынни бағасын бергені белгілі. Ойшыл өзінің ғылыми ізденістерінің негізінде «Тәнірі (құдай)»,

«Сахарадағы мұсылмандық жөнінде» және сонымен қатар «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» сияқты еңбектерді жазды [71]. Қазактың әдет-ғүрпінда берік орныққан көптеген этникалық таптаурындар біршама өзгерістерге ұшырағаны жөн екенін байқаған ғалым Еуропа мәдениетінің озығ үлгілеріне назар аударды, олардың кейбір элементтері дала мәдениетіне келгенін қалады. Бірақ қоғамды бірден өзгерте қою өте қын, Соны сезген Шоқан өзінің ғысқа ғұмырында көптеген зерттеулерін шығармаларын түрінде кейінгі ұрпаққа рухани мұра ретінде қалдырып үлгерді.

Зайырлылықтың озық үлгісі білім беру ісінен басталатын байқаған қазақ ағартушысы Ыбырай Алтынсарын өзінің еңбегін практикалық бағытқа бұрып, мектептер ашып, сауаттандыру ісімен айналысты. Өзінің атақты «Кел, балалар, оқылық!» деген жыр-ұндеуін Кеңес қоғамы кезінде мектептерде алдыңғы қатарда айтылған бір қатар жолсыз айтқызып келді. Ол жерде ойшыл: «Бір Аллаға сыйынып!» деп бастағаны белгілі болып отыр. Бұл жерде білім мен ғылымға шақырған Ыбырай мұсылмандықтан да бас тартпау қажет екенін ескерткендей әсер қалдырады. Ыбырай өзінің ғұмырын толықтай қазақ балаларына арнады және олардың ерекше білімді болуына барынша еңбегін сінірді.

Балғожа бидің өзінің баласы Ыбырайға оқуға жіберіп тұрып айтқан өсиетжыры төмендегідей еді:

Үміт еткен көзімнің нұры – балам,  
Жаңына жәрдем берсін Хақ тағалам,  
Атаң мұнда ананмен есен-аман,  
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.  
Атаңды сағындым деп сағынарсың,  
Надан боп білмец қалсаң, ах ұрарсың.  
Шырағым, мында жүрсөң не етер едім,  
Қолыңа құрық алып кетер едін,  
Тентіреп екі ауылдың арасында  
Жұргенмен, не мұратқа жетер едің?! [72]

Қазақ халқының ұлы ақыны, ойшылы Абай Құнанбаев өз еңбектерінде діндарлық пен зайырлылық туралы тұжырымдарын өрнектеген еді. Абай өз заманында болашақтағы білімнің құрылымы мен мазмұны күрделене түсетінін аңғарған. Абайдың шығармаларынан діндарлық пен зайырлылық ұғымдары қатар кездеседі, яғни Абай екеуіне де зор мән беріп, оларды тең қабылдаған. Абай үшін адамгершілік тәрбиеден кейін қазақ жастарына бірінші қажеттілік – білім. Міне, сондықтан басқаларға үлгі ретінде өзінің ұлдарын Семейге оқуға жіберді. Абай қазақ халқына білім және ғылымды зайырлылықтың ерекше құндылықтары ретінде ұсынды. Ол өзінің «Қара сөздерінде» шынайы, ағартушы діндарлықпен бірге занды түрде әлеуметтік ағартушылықты, білім, ғылым, өнер мәселелерін көбірек қозғайды .

Қазіргі заманда белен алып жатқан үздіксіз білім беру, дуалды білім беру сияқты тұжырымдамалардың өзі заманауи өмір қажеттілігінен, проблемалардың зәрулігінен туындаған іспетті. Ал енді қазіргі заманның талаптарына сәйкестік

тұрғысынан Абай сөздеріне бағалаулар жасасақ, онда ақын өситетінің тарихи маңыздылығын өзектендіре түсеміз және ғылыми білімнің күн өткен сайын күнделікті тіршілікке бойлап келе жатқанына құмән келтірмейміз. Тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық рухымызды бекіте түсуіміз үшін білімнің қабылданған әрбір сәтіне халқымымыздың рухани мұрасымен астастыра отырғанымыз абзал. Қазақ халқының кеменгер ақыны Абай Құнанбайұлы өзінің Оныншы қара сөзінде дінге қатысты ойын былай білдірген: «Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды», – дейді [73, б. 29].

Ж.М. Әбділдин мен Р. Ж. Әбділдина өздерінің «Ш. Уәлиханов – ұлы ғалым және ойшыл» [74] және «Абай – ұлы ойшыл және қазақ рухани мәдениетінің шыңы» [75] атты іргелі еңбектерінде ойшылдардың рухани мұраны зерттеудегі ғылыми әдіснамасы мәселелерін зерттейді және сонымен қатар қазақ руханиятындағы көрнекті тұлғалардың көзқарастарындағы зайырлылықтың белгілерін айшықтай отырып, олардың діни санаға деген қатынасындағы кейбір ерекшеліктерді көрсетеді. Мәселен, Абай өзінің ислам дініндегі ұстанымдары аса ұқыптылықпен қарастыру қажеттегін және думше молдалардың шынайы руханилықты барынша бүрмалайтынын көрсетеді. Ал Шоқан Уәлиханов шамандық этностың діни санасында өзіндік көзқарас ретінде келе жатқанын көрсетеді.

Қазақстандық авторлар тарихи болмысты мәнді, тұтас, нақты және жанжақты зерттеудің маңыздылығын атап көрсетеді және философиялық танымның басты мақсаты осы өзара байланыстылық пен біртұтастықта екендігін атап өтеді [76]. Еліміздің тарихшылары тарихи дәуірлерді зерттеу мен ғылыми пайымдау барысында заманауи тәуелсіз Қазақстанның рухани-саяси және ұлттық мұддесімен қатар тарихи және гуманитарлық ғылымның даму логикасынан туындағанжаңа әдіснамалық және құндылықтық-мағыналық бағдарлардың маңыздылығын атап өтеді [77, б. 6].

Абай ілімін игеру заманауи кезеңдегі қазақстандық рухани болмыс үшін өте маңызды екенін еліміздің президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің «Егемен Қазақстанда» жарық көрген іргелі мақаласында айтқаны белгілі [78]. Шыныменде, зияткерлік ұлтты қалыптастырудің қайнар көзі – Ұлы даланың рухани байлығын, әсіресе даналыққа толы ғұламалардың ілімдерін терең игеруде екені анық. Міне, өткен кезеңдердегі тарихи тұлғалардың дүниетанымын, жасампаз идеяларын үнемі қастерлеп, насихаттап отыруымыздың маңыздылығы да осында деген ойдамыз. Еліміздің барлық мектептері мен жоғары оку орындарында Абай ілімі айтылатыны белгілі. Дегенмен, бұл ілімнің бұрынғы рухани дәстүрлермен, әсіресе зайырлылық дәстүрімен сабактасқандығын атап өткен жөн, сонымен қатар ойшылдың идеяларын кеінгі ұрпақ қалған жалғастырғанын айтып отыру да маңызды деген ойдамыз.

Қазіргі заманда халқымыздың тарихи тұлғаларының, оның ішінде Абай мұрасы Шығыс пен Батыс философиясындағы озық дүниетанымдық ұстанымдардың қазақ топырағындағы тоғысусы ғана емес, бұл – халқымыздың тереңнен тамыр тартқан рухани қуатының жаңадан қалыптасып жатқан дүниені

түсінү бойынша өзіндік сипат пен жаңа көркемдік әдіс тауып, әлемдік рухани мәдениет төріне қарай асқақтауы. Ұлы Абай ұлттық мәдениетіміздің, ұлттық ой жүйеміздің бойындағы булықтан қайнар бұлақтың көзін ашты. Оның кепілі оның әлеуметтік болмыс туралы терең ілімінің қазіргі кезеңге дейін ел руханиятының маңызды қыры болуында. Осыған орай Мемлекет басшысы өркениеттілікке шақырған Абай мұраларына, шығармашылығына ерекше назар аударуы бекер емес.

Абай өз заманында орыс тілі мен мәдениетін үйренудің қазақ қоғамына ерекше маңыздылығын атап өтті. Бұл қадам XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басындағы тарихи кезең үшін халқымыздың ұлттық болмысы пен санасты үшін аса прогрессивті қадам болғаны анық. Ал, енді Кеңес дәуіріндегі қазақтардың тоталитарлық саясаттың негізінде мәдени және тілдік ассимиляцияға ұшырауы кездейсоқ құбылыс емес еді. Бірнеше толқын жасалған қыспак, қазақ интеллигенциясының қаймағын репрессияға ұшырату, аштық пен шетелдерге қоныс аудару халықтың ұлттық рухани иммунитетін әлсіретті, зайырлы дамудың пәрменділігін бәсендедті. Халықтың жалпы саны өзінің Атамекенінде азшылыққа айналғандығы тарихи келеңсіз дерек екені айқын. Сөйтіп, жоңғар шапқыншылығынан кейінгі ауыр кезең ел тарихында Кеңес дәуірінде болды. Оның үстіне Екінші дүниежүзілік соғыс та халықтың ахуалығы теріс ықпалын тигізді.

Дегенмен, тарихи процестің қисыны өзіндік тосын сыйын да беріп отырды. Мәселен, Екінші дүниежүзілік соғыстың салдарынан көптеген оқу орындары мен мәдени ошактар Қазақстанға көшіп келгені белгілі. Сөйтіп, осылай стихиялық түрде өзгерістер қоғам эволюциясында орын алғып, негізінен monoэтностиқ сипаттағы Қазақ елі бірте-бірте «көп этносты» форматтағы мемлекетке айналды. Осындағы қыспак заманында халқымыз өзінің ерекше ұлттық руханиятын түзегені белгілі. Оныңбасында елдің қамын ойлайтын, ұлттың болашағына алаңдайтын азаматтар тұрғаны белгілі. Міне, соның арқасында Қайта жаңғыру процестері халқымыздың ұлттық болмысында Тәуелдік дәуіріне дейін-ақ басталып кеткенін атап өту керек.

Абай қазақ қоғамының тап болған әлеуметтік дағдарысының қайшылықты да күрделі ахуалын пайымдай отырып, ерекше «болмыстық жобаны» ойластырады. Дәстүрлі қазақ қоғамы болмысының іргетасы едәуір сөгілгендіктен және оның бұрынғы бағытта дамуы ешқандай пайда әкелмейтінін білгендіктен ол бұрынғы әлеуметтік онтологияны қабылдай алмайды. Бірақ қоғам да, Абайдың өзі сияқты болмыстың мызғымас іргесіне, мықты тіреуге мұқтаж болды. Оны іздеу Абайды жан азабына салады, ол мұратқа деген сағынышпен қатар жүреді, терең қайғы-мұнды бойына сіңіреді, дегенмен, бірақ бұл ізденіс адамды рухани тұрғыдан көтеретіндей мұратты бекітуге және оның бақытқа жетуіне бағытталған. Сондағы ойшылдың ізімен жүретін болсақ, онда руханиятқа іргетас болатын ерекше құбылыс – зайырлылық пен діндарлық дәстүрлерінің өзара ықпалдасуы, астасуы және синтезі деген тұжырым жасай аламыз.

Мұндай негіз, ойшылдың толғаулары бойынша, абсолютті бастау, адамның өмірдегі басты әрі жалғыз тірегі – құдай деп танылады. Құдайдың барлығын ұйымдастыруши, үйлестіруші құдіретін аша түсіп, адамның рухани болмысына жақындейді. «Адам өміріндегі ең басты нәрсе руханилық», – деген түйінге келеді. Мәселен, Абай өзінің «Қара сөздерінің» алтыншы сөзінде – «Өзің тірі болмай, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен, ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың» [73, б. 36], – дейді. Ақыл табудың ең негізгі кілті – адалдық пен еңбекқорлық деп тұрғанын байқаймыз. Руханилықтың өзі ерекше құбылыс ретінде осы екі адами негізге арқа сүйейтіні белгілі.

Өз шығармашылығында Абай өмірлік жолайрықта тұрған адамның кейпін суреттейді. Ол өзінің ілімінде өмір сүрген қоғамның бұрынғы тұғырлары мен құндылықтары келмеске кеткендіктен өткенінен айрылған және қазіргісі тайғанақ әрі тұрақсыз болғандықтан осы шағы жоқ адамның жағдайын кескіндейді. Ақырында, бұл осы тайқымалы, түсініксіз әрі кейде қасіретті болмыстан көңілге үміт ұялататын келешектің кескінін құрастыруға тырысатын адамның жағдайын бейнелейді. Әсіресе, мұның соңғысы өте қажет, өйткені ойшылдың кәміл сенімінше, «ұлы мақсаты немесе ортақ ақиқаты жоқ халық рухани өлік. Ал өмір болмаған жерде, кемелдену де болмайды». Бұл жерде әлеуметтік болмыстағы үнемі үздіксіз жаңғырып, жаңарап отырудың маңыздылығы атап өтілгендей. Әлеуметтік ғылымда жаңармаған, дамуы тежеліп қалған қоғамды стагнациядағы әлеуметтік құрылым деп есептейді. Даму жолында болмаған әлеуметтік субъект құлдырау жолына түсетіні де анық.

Абайдың ұстанымының, біздің пікірімізше, Абайға дейінгі әлеуметтік онтологиямен (болмыс туралы іліммен) қайшы келетіні қырлары мына тұста: адамның барлық жан-дүниесі бай болса, әуел бастан қоғамдағы рухани бай болып келетін адамға айналады және өзге адамдармен өз қатынасын дұрыс құра білген адам қоғамдық жүйенің бастапқы іргелі нұктесіне айналады. Егер бұрынғы онтологиялық ұстын рудың тұғырларына басымдылық берे отырып, рулық қауымның жетекшілігін ұстанса, ал Абай үшін бұл ұстын тобырдың, оның үстіне қараңғы тобырдың үстемдігіне, бөтен пікір мен рулық пайымның үстемдігіне айналып шығады. Міне сондықтан әлеуметтің болмысы сияқты, адамның болмысы да, Абайдың пайымдауынша, ағартусыз, білімді игермей мүмкін емес, міне сондықтан қазақ халқын білім мен ғылымды игеруге шақырған Абайдың үндеуі барған сайын маңызды бола тұсуде. Қазақ ойшылдың бұлундеуі, жанайқайы қазіргі цифрлы технологиялық прогресс заманында да өзінің өзектілігін жойған емес. Сондықтан, еліміздің әлеуметтік болмысында зияткерлік ұлтты қалыптастырудың және оны пәрменді дамытудың маңыздылығын зиялды қауым назардан тыс қалдырмағаны азбал.

Абайдың әлеуметтік онтологиясында немесе болмысында әлеуметтік сатыдағы немесе әлеуметтің ұйымдастыруындағы жеке адамның алатын орны, ондағы рөлі – қайта жаңғыртылған және өндірілетін құбылыс. Оның үстіне оны Абай толыққанды адам емес, шенеунік, Жаратушының нұрымен шабыттанбаған тұлға, табынушылықты ғана жақтаушы, басқарылатын

әлеуметтік өзара әрекеттердің жағымсыз нәтижесі ретінде қарастырады. Абай адамдарды екіжүзділікке, өтірікші немесе өсекшіге айналдыратын, достықты сатып кетуге және жағымпаздыққа мәжбүрлейтін, бөлектенуден туындайтын руханилықтан жүрдай және тылсым сыртқы күштің ықпалымен болатын күнәһар әсерді де айқын түсініп, көрсетіп береді. Демек, қоғамдағы адами қалыптасудың әр қылышы бар екеніне мензейді. Бірақ ешкім де «қолын мезгілінен кеш сермемесін» дегендегі тілегін білдіріп отырады.

Ол адами тұлғаның мән-манзызын алғырлықпен терең түсіне білді, адамды асқақтатты және «Адам бол!» тұжырымын философиялық денгейіне дейін көтерді. Бұл негіздер біздің ойымызша, оның әлеуметтік онтологиясының мәнін білдіретіні анық. Мұндай онтологияда қоғам адамға қысым көрсетпейді және оны әлеуметтік жүйенің жәй бүрандысы немесе оны өндірістің механикалық қосымшасы етпейді, керісінше, әрбір адам рухани және адамгершілік тұрғыда дами отырып, жүргегінің тұқпірінде Фарыштық зандалықтың, Жаратқанның өсиеттеріне деген адалдықты сақтай отырып, өзінің ар-ожданының үніне құлақ түре келе, қоғамдық тұтастықты құрайды, қоғамның бірлігін нығайтады. Дәл осы себепті, біздің пікірімізше, Абай адамдардың достығына, бауырмалдығына соншалықты үлкен көңіл бөледі. Қоғамдық қатынастар мен қоғамдық өзара әрекеттердің осы басты екпіні ойшылдың поэзиясында да жүйелі түрде естіледі және оның философиясында да бірдей табандылықпен жүргізіледі. Адамдардың бір-біріне көмектесуі қайырымды қоғамның алғашқы шарты екендігін кезінде Шығыстың ғұламасы Эбу Насыр әл-Фараби де айтып кеткен болатын. «Ұлы ойшыл, энциклопедист-ғалым Эбу Насыр әл-Фарабидің (260-339 һижри/870-950 милади) Түркия кітапханалары мен қолжазба қорларында түрлі атаумен сақталған нұсқалары, қол- жазбаларды көшірушілер мен олардың көшірілген мерзімдері, жазу түрі мен қолжазбаларға басылған мөрлердің түрлері сақталған. Кітапханаларда отырарлық Эбу Насыр әл-Фарабидің жазба мұрасының бірқатар нұсқалары мен әлі де жарық көріп ұлгерменең еңбектері қолжазба күйінде сақтаулы түр» [79].

«Адам бол!» ұстанымы ақылдың адамгершілік қатынастар саласына енүінің мәнін ұғынуға да септігін тигізеді, өйткені ол адами қарым-қатынасты тек адамның адамға деген сыртқы бағыты тұрғысынан ғана емес, адамның өз-өзіне ішкі бағыттылығынан да, әрбір жеке адамның ішіндегі ар-ұяттың үнін де сипаттайты. Адамгершілік қасиеттері, Абайдың көзқарасынша қашанда тек сыртқы жағдайларға, нормалар мен дәстүрлерге ғана сәйкес болмай, ішкі ақыл-ойына саналы түрде бағыну арқылы, ішкі еркің арқылы әрекет етуі білдіреді. Ақылға сай әрекет ету сондықтан нағыз шынайы адами әрекет, адамгершілік әрекет ақылды әрекет ретінде пайымдалады.

Абайдың көзқарастарына ақыл-ой адамның сезімдерін, эмоциясын, еркін қадағалауға қабілетті деген тұжырым тән және сонымен бірге адам, Абай бойынша, өз «жаратылысының» тұтқынында қалып қоймауы тиіс, ол одан тысқа шығып, өз табиғатынан жоғары тұруы тиіс. Тәрбиенің, мәдениеттің арқасында және білімді молайтудың арқасында адам өзінің табиғи нышандарын, табиғи болмысын жетілдіруі керек. Демек, табиғи

зандылықтардың шеңберінде қалып қою адамды асқақтапайды, белгілі бір шамада ұстап отырады. Адами тұлғалық дамуда болу үшін шектеулі формалардан шығып, жаңа әлемнің зандылықтарын игеруге ұмтылуы қажет. Бұл Абайдың этикалық ұстанымдарының, ағартушылық-философиялық тұжырымдамасының күре жолы, нағыз руханилықтың биік рәмізі.

Абайдың тұлғасына қатысты, оның адамгершілік туралы ойларының оның өмірлік практикалық ұстанымынан алшақтамағанын, оның нық сенімі болғанын сипаттайтын тағы бір маңызды сәтті атап өту керек. Оның ар-ожданының ішкі дауысы одан өзінің туған қазақ халқының тағдырын шынайы пайымдауды талап етті, өзі туралы аңы да болса халыққа шындықты айтуда шақырды, өйткені, оның іліміне сәйкес, алға жетелейтін ұлы мақсаты немесе ортақ ақиқаты болмаған халық рухани сырқат күйде болады. Ал өмір болмаған жерде рухани жетілу де болмайды. Қазақ халқының рухани күш-жігерінің сарқылмас бастауына айналып, үздіксіз рухани кемелденудің ұлы жолында оны асқақтата білген өзінің «Адам бол!» ұстанымына негізделген философиясының адамгершілік талабын өмірге енгізген Абайдың өмірлік ұстанымы осындай болды. Бізге бүгінгі күні жүрекпен сезініп, ақылмен саралап ойланған алатын адамның қабілетін қалыптастыруымыз керек.

Абайдың әлеуметтік онтологиясының жоғарыда аталған қырларынан басқа бір өзгешелігі, біздің пікірімізше, оның енді рулық центризм ұстанымында қалып қоймай, одан жалпы халықтық, адамзаттық биікке асқақтағанында, бірақ қазіргі заманда белең алған дараышылдық ұстанымына, капиталистік өзімшілдікке де дең қойған ділдік бағдарлар өзгеруге мұлдем «асықпайтынымен» сипатталатынын байқаймыз. Мұны ойшыл мына сөздерімен тамаша әрі ерекше мәнді білдірген: «Өзімшілдіктің кез келген көрінісі сияқты, дарақы мақтаншақтық та бұл дүниеде талай адамды бұзады. Сондықтан молда болу аз, адам болуға ұмтылған абзал. Абай қоғамдық қатынастар мен байланыстарға енген адам қоғамдық жүйенің басы мен аяғы, оның дамуының кепілі деген тұжырымнан шығады. Бірақ соған қарамастан, қазақ қоғамында орын алған қайшылықтар мен жағымсыз айғақтарды көре отырып, ол ақылды өзімшілдікті қатаң түрде қабылдай алмайды, өйткені бұл мұрат, бұл ұстаным адамды бұзады, оны қарым-қатынастың басты және анықтаушы формасы «араласу, өзара қатынас» болып табылатын әлеуметтік онтологияның қойнауынан өсіп шығатын адамгершіліктен айырады.

Бұл – «Мен» және «Өзгенің» бетпе-бет кездесуі іске асатын, ән-айтыстарда дара тұлғалардың біріккен шығармашылығынан туындастын, жолаушыға құрметпен қарайтын қонақжайлышық түрінде адами қатынастарды бекітетін іргелі негіз болатын және Абайдың тілімен айтқанда, «адам болмысының негізін» құрайтын жеке адамдардың тікелей байланысының ерекше формасы. Бұл, Абайдың іліміне сәйкес, дүниедегі құбылыстарды «қабылдаудың тірілігін», «жақын тектінің тартылыс күшін» және «жүрек сезімталдығын» білдіреді. Адам өзінің «менін» үнемі сынни талдаудан өткізіп отырмаса болмыстық дағдарысқа тап болады. Бұл тіршіліктің мәні жоғалып кеткендей сезінеді және психологияда оны «депрессиялық жағдай» деп

түсіндірсе, бірақ оның қақпанына түсіп кету қаупі зор екенін Абай да, оның ақылғөй замандастары да анғара білген. Әсіресе, інісі Шәкіріммен құрдас Мәшіүр Жұсіп Көпееев сияқты данагөйлер діндарлықтың жақсы үлгісін ұсына алған ойшыл болатын [80]. Ол үнемі халқымыздың сан ғасырлар бойы қордалаған рухани байлығынан, мәдениетінің озық үлгілерінен жастар сусындан отыру қажеттігін айтумен болған діндар тарихи тұлға еді.

Абай үшін адам болу нені білдіреді? Адам болу, ең алдымен, өз жүргегінде Құдаймен үндесуді және білімге, әділдікке және қайырымдылыққа ұмтылуды білдіреді. Бұл Жаратқаның адамның мандайына жазған жазмышына сәйкес болуды аңғартады, бұл адамдарға жақсылық жасауды, оларға білім нұрын әкелуді және адаптацияның мейірімді болуды байқатады. Бұл адамгершілік қасиеттерге ие болу және оларды жетілдіру, Абай бойынша, ғылымға, сенімге және өмірге деген адалдық пен жігер арқылы мүмкін болады. Адамшылық – онда қоғам өзін-өзі іске асыруы тиіс жалпыға ортақтықтың формасы. Қоғамда негізгі орынды саяси, экономикалық немесе басқа қатынастар емес, адамшылық, адамгершілік қатынастар алуы тиіс. «Адамның мәнін, – деп түйіндейді ойшыл, – махаббат, әділдік және руханилық құрайды. Адамдардың бұл бастауларсыз күні жоқ. Олар араласпайтын және қандай да бір адами тағдырдың алдын алмайтында өмірде бірде-бір жағдай болмайды. Алла тағалағаламды осылай жаратқан».

Абай шығармашылығы – қазақ халқының бай руханилығының шоғырланған көрінісі, Абай – қазақ халқының ар-ожданы! Қазақ мәдениетінде халықтың кемшиліктері мен жамандықтары туралы одан өткір жазған кім бар? Кім одан артық ағартушылық арқылы қарандылықтан құтылудың қамын ойлады? Абай қазақ қоғамының ішіндегі алауыздық пен қырқыстан, жамандық пен қайшылықтардан шаршағаны мен көңілі қалғанына қарамастан, бұл қоғамның өзінің жетілмеген әлемін өзгертуге, кемелдіктің биігіне жетуге мүмкіндігі бар екенін көрсетіп берді. Абайдың философиясы әртүрлі мәдениеттердің түйіскен түсын білдіреді, ол мәдениеттердің бір-бірімен және автордың өзімен өзінің сұхбатын айқара ашады. Абай уақыттан тыс және кеңістік шекарадан тыс биік кемелдікке деген жалпыадамзаттық ұмтылысты білдіруші, сондықтан ол арқылы және оның шығармашылығы арқылы қазақ мәдениеті әлемнің көптеген мәдениеттеріне үйлесе түсінікті болып шықты. Қазақ халқы және оның бай рухани мұрасы өзге халықтардың өкілдерінің жүргегінен орын тепті және бұл үдеріс – жаңа бүгінгі адамзаттық қауымдастықты қалыптастырудың, оның гуманистік құндылықтары мен мұраттарының бастауы.

Бұл жағдай өткен заман мен қазіргіні түсінудің кілті деген белгілі ақиқатты дәлелдей түседі. Біздің қазіргіміз – бұл барған сайын жаһандана түскен әлем, онда халықтар мен мәдениеттер барған сайын бір бірінен өзара тәуелді бола түседі. Абайдың онтологиялық көзқарастарынан өніп шыққан рухани әлеуетті сақтау, оны жаңа тарихи жағдайларда дамыту – біздің бүгінгі кезеңнің және замандастарымыздың міндеті. Біздің болмысымыздың қаншалықты шынайы екендігін пайымдауға бізді жақындана түсептін тарихи

өткеннің нәрлі дәні оны баға жетпес қазынаға айналдырады, ал бізді рухани кемелдікке және бәсекеге қабілетті қазақ ұлтының ұмтылуына итермелейді деген ой туындаиды. Міне сондықтан, Абай – қазақ халқының жан-жүргі мен ақыл-ойы – XXI ғасырдағы жаһандық әлеуметтік-мәдени өзгерістер дәуірінде рухани өсу мен ағартудың қайнар көзіне айналады. Сонымен Абайдың онтологиялық ілімі қазіргі жаһандануға байланысты туындаитын күрделі мәселелерді, олардың ішінде еркіндік пен руханият проблемасын талдауға үлкен септігін тигізері айдан анық.

Кешегі кеңес заманында да іштегі арманын сөзбен жеткізе алмаған зиялы азаматтарымыздың ұлы баба сөздерін әспеттеп, үнінің алысқа жетуіне жағдай жасауының бір сыры осында жатыр. Қазақтың қүйлері мен өнер туындыларын үзбей тындаған үрпақтың өршіл рухын бойына сіңіріп өспеуі мүмкін емес. Сол рух, міне, бүгін жаһандану заманында біздің егемен елімізді дербес демократиялық жолмен қайта құрып, мәдениетімізді дамытып, бүкіл дүниетанымызды тұлетудеміз. Мәдени және рухани мұраны игеру, ұлы тұлғаларымыздың есімдерін жас үрпақ жадына орнықтыру – заманауи кезеңде халық рухын жандандырудың, жаңғыртуудың бірден-бір жолы, зиялы қауымның тарих алдындағы парзы.

Шәкәрім Құдайбердіұлы – қазақтың көрнекті кәсіби философи. Ол Абай идеяларын жалғастыра отырып «Мұсылмандық шарты» еңбегінде «Адам өзін таныса, құдайды да танымақ» [81, б. 17]. деген сөздері арқылы таным процесінің, оның ішінде адам болмысының маңыздылығын атап өтеді. Қазақ халқының таңдаулы ұлдары XX ғасырдың басында өзінідік үлкен рухани секіріс жасады. Халықтың жаңа саяси, рухани және мәдени деңгейге көтерілетін жағдайға келгенін түсініп, Міржақып Дулатов айтқан «Оян, қазақ!» идеясын өздеріне басшылыққа алды. Сөйтіп, зайырлылықтың жаңа дәстүрін қазақ жерінде қалыптастыруға әрекеттенді. Көптеген игілікті бастамалар осы бағытта бұқаралық санада өзінің жалғасын тапты. Бірақ қазақ интеллигентиясының көбісіне «ұлтшылдар» деп тағылған айдардың кесірінен зайырлылықты кемелдендіруге талпыныстар Кеңес саясатына, идеологиясына сәйкес емес бағыттағы реакцияшыл қимыл деп танылды. Халықтың рухани түлеуі біршама кешеуілдетілді. Бұл туралы да Шәкәрім атамыз:

Дін тазасын діннен ізде,  
Дін шатағын сынға ал.  
Анық айна өзінізде,  
Айда ақылды қаттырак, – дейді [82, б. 274].

Абай ұнатпайтын кейбір моральдік бүрмаланулар мен антируханилықты қалыптастыратын қасиеттер тек Кеңестік кезеңде ғана емес, сонымен қатар Тәуелсіздік дәуірінде орын алғып келгені өкінішті тарихи дерек. Мәселен, «жағымпаздық», «жемқорлық», «әділетсіздік» сияқты келеңсіз құбылыстар әлеуметтік ортада өзінің белсенділігін барынша танытқандығының күесі болғанымыз айқын. Діндарлық жолындағы беделді азаматтар, дін басылары (қай діннің болсын да) аталған салада жартымды ешнэрсе тындыра алмады. Міне осындағы типтегі саяси режим, саяси билік инергті, баяу өмір кешті,

сонымен қатар объективті шындық әлі күнге дейін жаңаша дәстүрлерді орнықтыруға біршама кедергі болып келді. Абайдың шығармашылығын, даналығын, философиялық дүниетанымын зерттеуге үлес қосқан отандастарымыз барышылық [83]. Дегенмен, арасынан ерекше атап өтетін бірнеше ғалымдарды атап көрсетуге болады. Әсіресе, философ мамандар арасындағы белсенді зерттеушілер қатарына Фарифолла Есім мен Гаухар Финаядқызы Барлыбаеваны, филологтар арасынан Мекемтас Мырзахметовты және әдебиетшілер арасынан көптеген ақын-жазушыларды атап көрсетуге болады. Фарифолла Есімнің «Хакім Абай» еңбегі кең тараған іргелі шығармалардың қатарына жатады [84]. Автор шығармасында ойшыл еңбектеріне арнап ғылымда кеңінен белгілі герменевтикалық тәсілді қолдана отырып, әлеуметтік-философиялық, тарих философиясы тұрғысынан талдау жасайды. Ақынның жырларына, оның әрбір шумағына, әрбір жолына тереңінен бойлап, ойларын тұжырымдайды. Абайдың атақты «Қара сөздерінің» ішкі мағынасын бағамдап, толғаныстарын саралап, ойшыл көтерген маңызды мәселелерді өзектендіреді, заманауи кезеңге бейімдейді. «Адамзаттың берін сүй, бауырым, деп» деген Абайдың қанатты сөзін Фарифолла Есім өзінің шығармашылығында руханилықтың нағыз символы ретінде бағалап, оның діндарлығы мен зайырлылығы бір-бірімен үйлесіп отырғанын терең зерделеп берген белгілі қазақстандық ғалым. Абайдың

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас,  
Рас сөз еш уақытта жалған болмас.  
Көп кітап келді Алладан, оның төрті

Алланы танытуға сөз айырмас...» – деп иман шарттарын талдауы ислам емес пе? Әрине, ислам. Қазақ философиясының барлық даналықты жинақтаушы қасиетін айшықтай отырып, осы процесте ұлты ойшылдарының этикалық көзқарастары басымдық танытқанын атап өтеді [85]. Зерттеуші Абайдың «Толық адам» концепциясын ғылыми талдауға мән беріп, ғылыми-зерттеу жобасын ұжымдық монография ретінде жарыққа шығарды. Сөйтіп, Абай мұрасын зерттеушілер ұлтымыздың рухани келбетіні анықтау үстінде және жаңа зерттеулермен болашақта Абайтану ісі жалғаса беретіні анық. Ахмет Байтұрсынов Абай Құнанбаевтың Қазақтың бас ақыны» деді.

Осылайша II тараудың 2.3 бөлімінен келесі тұжырым алынды: «Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай және басқа ойшылдардың шығармашылығында қазақ халқының зайырлылық және діндарлыққа қатысты ұстанымдарын айқындалған. Абай қарапайым халықтың үстірт діншілдігін, дін жолында жүрген кейбір азаматтардың дүмшелігін, сауатсыздығын сынға алады, сонымен қатар білім жолын таңдамаған жастардың болашағына аландайды. Сөйтіп, ойшыл «Толық адам» концепциясын қалыптастыру арқылы адамның қоғамдағы ерекше әмбебап қырларын ашуға шақырады».

Келесі III тарауда қарастыратын тақырып «Отандық әлеуметтік кеңістіктегі зайырлылық пен діндарлықтың арақатынасы хақында».

### **3 ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАН РУХАНИ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ПЕН ДІНДАРЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ**

#### **3. 1 Отандық әлеуметтік кеңістіктегі зайырлылық пен діндарлықтың арақатынасы хақында**

Көптеген басқа дамыған елдердегідей біздің отандық әлеуметтік кеңістіктегі зайырлылық пен діндарлықтың арақатынасы қурделі және жанжақты сипатта өрбіді. Қазақстанда жоғарыдағы қоғамдық қатынастар векторлары мен үйлесімдік сипаты елдің қоғамдық өміріне, мәдениеті мен саясатына, азаматтардың құндылықтық әлеміне айтарлықтай әсер етеді. Енді бұл қатынастардың кейбір маңызды қырларына назар аударайық. Алдымен зайырлы мемлекет ұғымының мән-мағынасын зерделей келе, жоғарыда берілген пайымдаулардың негізі бар екенін бағдарлауға болады. Зайырлылық ерекше рухани және әлеуметтік құбылыс ретінде дінді толықтай жоққа шығару емес, сонымен қатар діни сенімнен толықтай бас тартқан атеизммен де сәйкес келетін құбылысқа да жатпайды. Діндарлықтың тарих пен қоғамдағы гуманистік, демократиялық және өркениеттік орны мен мәртебесін мойындағы отырып зайырлылық адамзат эволюциясының негізінен Жаңа Дәуір кезеңінде пайда болып, руханият пен әлеуметтің ғылым мен білімге, саяси еркіндікке бағдарланған азаматтардың діни басымдылықтың қоғам өміріндегі тотальді және кешенді түрдегі ықпалында қалмауына негіздер жасайды.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік институттар мен зандар деңгейінде өркениетті елдерге ұқсас діни ұйымдарға және олардың басшылыққа алғатын нормалары мен өмір салттарынатікелей тәуелді емес зайырлы мемлекет. Бұл дегеніміз, өзінің даму жолында мемлекет қандай да бір нақты дінге, конфессияға басымдық беріп насиҳаттамайды және барлық азаматтар үшін діни сенім бостандығына кепілдік береді. Елдегі дін мәселесі мемлекеттің зайырлы құрылымына, идеологиялық бағдарына қарамастан көптеген қазақстандықтардың өмірінде маңызды рөл атқарады. Қазақстандықтар әлемнің өркениетті елдерінен үлгі алады және әлеуметтік дамудың озық үлгілерін өздеріне өнегі ұстаным ретінде бағдар жасауға ұмтылады. Әрине, әрбір қоғам, мемлекет пен ұлт өзінің азаматтық бірегейлігін сақтай отырып әлеуметтк прогресс жолында болуға талпынады. Бұл тарихи-табиғи қажеттіліктерден туындаған қадамдар.

Қазақстандық қоғам контекстіндегі зайырлылық құбылысын жақсы түсіну үшін тек дінтанулық зерттеулермен шектелмей тарих, әлеуметтану, философия және құқық сияқты түрлі салаларды қамтитын жан-жақты зерттеулер жүргізу қажет. Дін саласындағы қазіргі бағыт-бағдарларды талдауға, діни бірлестіктерге қатысты мемлекеттік саясатты зерделеуге, сондай-ақ зайырлылық пен дінді қоғамдық қабылдауға ерекше назар аудару керек. Сонымен қатар, зайырлылық қагидаттарын іске асырудагы басқа көпшілттүү және көпконфесиялы мемлекеттердің тәжірибесін қарастырған жөн. Бұл Қазақстанда Кеңес мемлекетінің одан әрі дамуы үшін ұсынымдар әзірлеуге көмектеседі. Зайырлылық контекстінде Қазақстанның жүріп өткен тарихи жолын терең

тұсіну зайырлы және діни өзара іс-қимылмен байланысты қазіргі заманғы проблемаларды тиімді шешу үшін жаңа көкжиектер ашады. Бұл тұсінік сонымен қатар толеранттылық, сыйластық және өзара тұсіністік принциптеріне негізделген қоғамның тұрақты дамуына негіз жасайды.

Баса ескеретін маңызды жайт, зайырлылық қағидаты – діни догманы мемлекеттен алшақтату, бірақ дінді қоғам өмірінен ажырату емес. Зайырлылықтың құндылықтар жүйесі адамның ойлау мәнері мен машықтарынан бастап киім ұлгілеріне дейінгі мәдени феномендерді қамтиды. Мемлекеттің зайдылылығы діннен бөлектігінен ғана емес, сонымен бірге басқа дүниетанымның басымдығын мойындауымен сипатталады.

Зайдылы мемлекетте діннің өзіндік орны бар. Дін мемлекеттен бөлек болғанмен, халықтың болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен бөлек емес. «Зайдылылық» ұғымы мемлекеттің дінге деген ұстанымының демократиялық сипатта екенін, діни сенім бостандығының қамтамасыз етілетінін білдіреді. Мемлекет пен діннің арасында зайдылы әрі рухани құндылықтарға сүйенген жанды байланыстар орнаған.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, Қазақстанда тұратын халықтың, жергілікті тұрғындардың көпшілігі ислам дінін ұстанады. Бұл адамдардың әлеуметтік ортадағы басымдық танытатын мәдениетіне, әдет-ғұрпына және өмір салтына айтарлықтай әсер етеді. Исламнан басқа елімізде христиандық-православтар, иудейлер соңғы кездегі пандемия, соғыс жағдайларына байланысты, көші-қон үдерістерінің салдарынан бірен-саран пүтқа табынушылар, және басқа да көптеген діни қауымдастықтар қатар өмір сүретіні белгілі. Елдегі толеранттылық пен өзара тұсіністік ұғымын бағдарласақ, Қазақстанда көптеген жылдардан бері әртүрлі діни және этникалық топтар арасында өзара тұсіністік пен толеранттылық, сыйластық дәстүрі орнықсан. Мемлекеттік билік пен қоғамдық институттар әртүрлі діндер мен мәдениеттерді құрметтеу саясатын қолдайды, бұл әртүрлі діндердің бейбіт қатар өмір сүруіне ықпал етеді.

Мәдени қарым-қатынас тұрғысында дін Қазақстан халқының мәдени әртүрлілігіне және өзін-өзі анықтауға әсер етеді. Діни салт-дәстүрлер, мерекелер, иконография және рәміздер қазақстандықтардың мәдениеті, өнері мен өмір салтының әртүрлі аспектілеріне енеді. Осылайша, қазақстандық қоғамдағы зайдылылық пен діндарлықтың арақатынасы мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы, сондай-ақ әртүрлі діндарлар мен этникалық топтар арасындағы өзара іс-қимыл мен өзара тәуелділікпен сипатталады. Бұл өркениетті елдердегі бағдарлармен сәйкес келетін көпұлтты және көпконфессиялы қоғамның қалыптасуына ықпал етеді. Дегенмен, Қазақстан территориясында қазақ ұлтының тарихи жетекші ұлт екенін ескерген де жөн. Бұл жерде осы ұлтқа көптеген артықшылықтар беру деген мақсат қойылмайды, бірақ ол әлеуметтік субъект ретінде оған заманауи тарихи кезенде үлкен жауапкершіліктің артылатынын ескерген жөн. Қазақ мәдениеті мен менталитеті елдегі біртұастық пен бірліктің іргетасына айналуы шарт.

А.М. Әмребаев Қазақстан Республикасындағы зайырлылық және діндарлықтың өзара арақатынасы мен Қазақстандағы зайырлылық пен діндарлықтың ортақ коммуникациялық нүктелері тұрғысында: «Біріншіден, мемлекет өзінің тиімді дамуындағы қоғамдық мұдделерді көрсететін институт болып табылады және ол адамның мақсатты және тұрақты әлеуметтену қажеттіліктерін білдіретін кешенді, көп факторлы құбылыш болып көрінеді. Маслоу пирамидасының классикалық формуласына сәйкес жеке әлеуметтенудегі адамның қанағаттануына әсер ететін факторлар: рухани өзін-өзі жүзеге асыру, экономикалық өзін-өзі қамтамасыз ету, саяси көрініс, құқықтық қауіпсіздік, мәдени өзін-өзі сәйкестендіру. Тиісінше, мемлекет өзінің нақты саяси режиміне байланысты өз қоғамының «мәдени және психикалық табиғатының» ерекшеліктерін, өткен тарихи қақтығыстарды, құндылық бағдарларын және адамдардың өзін-өзі сезінуін көрсететін арнайы «ойын ережелерін» әзірлеуге тырысады, мұнда жеке адамдардың маңызды қажеттіліктері неғұрлым ұтымды түрде жүзеге асырылады. Бұл «ойын ережелеріне» тек заңдар мен құқықтық ережелер ғана емес, сонымен қатар жеке және қоғамдық құқықтар мен бостандықтарды автономды өзін-өзі жүзеге асыруға үйлестіруге арналған моральдық-моральдық кодекстер де кіреді», – дейді [86].

Макс Вебердің пікірінше, дінадамдардың сенімге деген институционалды қажеттілігі ретінде, қасиетті кітаптарда және сенушілердің мінез-құлық нормаларында жазылған діни канондар түріндегі өз белгілеріне ие болса, онда зайырлы мемлекет «заңды зорлық-зомбылыққа» құқылы сонымен қатар өз азаматтарына дүниедегі адамның дұрыс мінез-құлқының мағыналарын, құндылықтары мен нормаларын «тағайындауға» міндепті (зайырлы) өмір. Зайырлы және рухани-діни өмірдің бұл салалары іс жүзінде ажырамас және өзара байланысты. Сондықтан, егер мемлекет қоғамдық қатынастардың жауапты өкілі болуды талаң етсе, мемлекет өз мұдделерін білдіруден және өзінің адаптациялық нормаларын алшақтай алмайды. Тарихта, біздің отандық тәжірибеліден білетіндей, Мемлекет сенушілердің мұдделерін елемейтін, тіпті мемлекеттік атеизм мен оларды қоғамдық қудалау режимін орнатқан кезеңдер болған.

Қазақстанда зайырлылық пен діндарлықтың тепе-тендігі қоғамдық өмір мен мемлекеттік саясаттың маңызды аспектісі болып табылады. Елде діни нағылар құрметтелетін, бірақ саяси және қоғамдық істерге араласпайтын зайырлы мемлекет құруға деген ұмтылыш бар. Қазақстандағы зайырлылық пен діндарлықтың тепе-тендігін сипаттайтын бірнеше қырлары бар, зайырлылықтың конституциялық қағидаты, яғни қазақстандық конституциялық жүйе мемлекеттің ресми діні жоқ және барлық азаматтар үшін діни сенім бостандығына кепілдік беретін мемлекеттің зайырлылық қағидатын белгілейді. Діни бостандық туралы заңнамасында көрсетілгендей Қазақстанда азаматтардың ар-ождан мен дін бостандығына құқықтарын қорғайтын, діни негізде кемсітушілікке тыйым салатын және діни үйымдардың қызметін реттейтін заңнама қолданылады.

Діни қызметті мемлекеттік реттеу мәселесі Қазақстанда діни үйымдар мемлекетте тіркелуге және қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған белгілі бір зандар мен нормаларды сақтауға міндетті. Діннің қоғамдық өмірдегі рөлі діни дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар Қазақстанның мәдени және әлеуметтік өмірінде маңызды рөл атқарады, алайда мемлекет діннің саяси процестерге араласпауына немесе қоғамда шиеленіс тудырмауына үмтүлады. Зайырлы институттар және білім беру саласы Қазақстанда зайырлылық қағидаттарына негізделген және білімді діни доктриналардан бөлетін білім мен ғылымның дамыған жүйесі бар. Толеранттылық және әртүрлілік түсінігі Қазақстан мемлекеті мен қоғамы әртүрлі діндер мен нанымдардың үйлесімді қатар өмір сүруіне ықпал ете отырып, әртүрлі діни және мәдени дәстүрлерге төзімділік пен құрметке баса назар аударады. Бұл аспектілер Қазақстанда зайырлылық пен діндарлық арасындағы тепе-тендікті құруға ықпал етеді, бұл қоғамдағы тұрақтылық пен үйлесімділікке ықпал етеді.

Р. А. Подприораның «Мемлекет және діни үйымдар (әкімшілік-құқықтық мәселелер)» атты анықтамалық құжатында: «Мемлекет пен діни үйымдар, құқық пен дін сияқты, адамзат тарихында күрделі қарым-қатынаста болды. Бірақ барлық уақытта дін де, құқық та басқа қасиеттер мен функциялармен қатар адам мінез-құлқының қуатты реттеушісі болды және әрекет етіп келді, ал діни үйымдар мен мемлекеттер деңгейінде осындай мінез-құлқытарды байқататын үйымдық формалар болды. Кейбір құқықтық жүйелер, мемлекеттер, ғалымдар тұрғысынан біздің зерттеуіміздің атауына да жол берілмеуі әбден мүмкін, өйткені құқықтық, мемлекеттік және діни институттар соншалықты өзара байланысты болуы мүмкін, сондықтан мемлекеттік және діни реттеуді ажырату өте қыын немесе діни принциптер әлі де көптеген құқықтық және мемлекеттік құбылыстардың негізінде жатыр. Біздің ойымызша, ұсынылған зерттеу жұмысы қазіргі уақытта көптеген елдердің әлеуметтік шындығында болып жатқан жалпы процестерді ескере отырып жүзеге асуы мүмкін, олар кейбір ерекшеліктерді қоспағанда, зайырлылық процестеріне, әлеуметтік және әсіресе, мемлекеттік-құқықтық институттарды діни ықпалдан көбірек босатуға дейін ықпал етеді. Сонымен қатар, кейбір елдердегі діннің қайта өрлеуі, мысалы, жақындаған дінді мемлекеттік, қоғамдық және жеке өмірден алып тастауға тырысқан посткеңестік елдер, адамдардың діндарлығының себептері соншалықты терең екенін және әртүрлі діни институттардың соншалықты күшті екенін тағы бір рет дәлелдейді, тіпті қуатты идеологиялық және мәжбүрлі аппаратты қолданса да, мемлекет діндарлықты жоққа шығармайды. мұндай ерекшелікке қол жеткізу мүмкіндігібар. Кейбір елдерде дін мен діни үйымдар негізінен құқық пен мемлекетті алмастырады немесе мемлекет пен құқықты саяси діни билікті жүзеге асыру құралы ретінде пайдаланады; басқаларында дінге деген сенімсіздік, оны қоғамдық өмірден шығару адам мен қоғам дағдарысының себептерінің бірі ретінде қарастырылады. Діни үйымдар-қазіргі қоғамдардың әлеуметтік құрылымының ажырамас элементі. Діни бағдарланған үжымдық құрылымдардың болуы дінге, тарихи немесе мәдени дәстүрлерге қатысты әртүрлі елдерге тән. Дін әлеуметтік қауіпті құбылыс ретінде

қарастырылатын жерлерде де мұндай үйымдардың болуы сөзсіз, бірақ оларды мемлекеттік органдар мойындауы немесе қудаламауы мүмкін», – деп атап көрсетілген [87]. Жалпы зерттеушінің жоғарыдағы құбылыстарды бағалауы және оларға сараптамалық бағалаулар жасауы көптеген дамыған елдердің діндарлық пен зайырлылықты құқықтық мәдениет пен нормативтер тұрғысынан бағалауларымен сәйкес келіп жатқанын байқадық. Демек, зерттеуші халықаралық денгейдегі мәселе бойынша әдебиеттермен, ұстанымдармен жақсы таныс деген ойдамыз.

И.В. Понкин зайырлылық жайлы: «Қолданыстағы зайырлылық туралы түсініктер зайырлылық ұғымынбір қарағанда қарапайым және біржакты санатта етіп көрсетеді. Зайырлылықты зерттеу сөзсіз талдау қажеттілігіне әкеледі. Мемлекет пен діннің өзараіс-қимылдың рұқсат етілген және мүмкін болатын шаралары (араласу, өзараықпалдасу, ынтымақтастық) мемлекеттік және діни бірлестіктер, сондай-ақ және олардың өзара оқшаулануы мен бөлінуінің тиісті шаралары. Мемлекеттер мен діни бірлестіктердің өзара ықпалдастырыныңшекті мөлшеріне зайырлық мемлекеттің сипатындағы құқықтық қызмет ету нормалары жатады. Мемлекеттер мен діни бірлестіктерді құқықтық тұрғыдабөлмеу шараларына: Азаматтарды олардың белгілері бойынша кемсітүге тыйым салатын нормалар, мәдени құқықтарға кепілдік беретін дінге қатынастар, өзінің ұлттық мәдениеті аясындағы даму, саяси әртүрлілікті орнату және дүниетанымдық плюрализм, институттардың құқықтары мен бостандықтары мен азаматтық қоғам құру жатады», – деген ойларын ортаға салады [98].

Қоғамда әртүрлі азаматтық құқық заң жүзінде бәрінен биік қорғалуы тиіс. Демек, өркениеттілікке қарай қадам жасаудың биігінде адам болмысының еркіндігі мен даралылығының сипаты тұруы тиіс. Құқықтық реттеудің негізгі тұптамыры дүниетанымдық ққптүрлілікті мойындауда жатыр. Бірақ айта кететін жағдай төмендегідей: кез келген мемлекеттің әлеуметтік кеңістігінде кейбір ұлт өкілдерінің, немесе конфессия өкілдерінің басымдығы болуы мүмкін. Мемлекет көбінесе сол әлеуметтік және діни топтың ыңғайына жығылып, солардың жағдайын жасауға ұмтылады. Бірақ осы әрекеттердің үлкен шеберлікпен, мораль зандалықтарына сәйкес жасалғаны орынды. Өйткені, қоғамдық қатынастардың іргетасын мұдделердің үйлесімділігі құрайды. Олар үйлесімденбесе әлеуметті міндетті түрде дағдарысты жағдайға экелуі мүмкін.

Зайырлылық пен діндарлық қоғамның рухани үйіткышына айналып отыруы тиіс. Ал енді мемлекет пен діннің өзара әрекеттесуі тұрғысында әлеуметтік ортада екі түрлі көзқарастар бар. «Зайырлылық – бұл мемлекеттің бағыт-бағдарына толық сәйкес келетін құбылыс болғандықтан дін мен шіркеуден бөлінуі керек, ал екінші көзқарас бойынша діни нанымдар мен тәжірибелер Биліктің, Үкіметтің араласуы мен бақылауынан оқшаулануы керек» деген қағида немесе идеологиялық ұстаным кездеседі. Зайырлылықтың негізгі мақсаты – қоғамда азаматтардың діни сенімдеріне немесе олардың болу-болмауына қарамастан барлық тұрғындар үшін ар-ождан мен дін бостандығын қамтамасыз ету. Ол сондай-ақ қоғамдағы діни кемсітүшілік пен

қақтығыстардың алдын алуға тікелей ықпал ететін пәрменді тетік. Зайырлылық принципін әлеуметте діни бостандық туралы зандар, шіркеу мен мемлекеттің бөлінуі, зайырлы білім және діни ұйымдарды реттейтін зандар арқылы тиімді жүзеге асыруға болады.

Діндарлық ерекше дүниетанымын ретінде бұл табигаттан тыс және құдайлыш болмысқа немесе күшке сенуге байланысты нанымдар, тәжірибелер мен рәсімдер жүйесі. Ол әртүрлі конфессияларда, діни тәжірибелер мен рәсімдерде айқын көрініс береді. Діндарлық қоғамдағы моральдық принциптерге, әлеуметтік нормалар мен рухани құндылықтарға біршама негіз бола алады. Ол адамдарға өмірдің жайлылығын, үмітін және мағынасын қамтамасыз ете алады және оларды ортақ діни нанымдар негізінде біріктіре алады. Діни тәжірибелер мен рәсімдерге дұға ету, ғибадатханаларға бару, шомылдыру рәсімдері, үйлену тойлары мен жерлеу рәсімдері, діни өсietтер мен әдет-ғұрыптарды сақтау оның құрамдас бөліктері болып табылады. Қазіргі қоғамда зайырлылық пен діндарлықтың арақатынасын сипаттау бойынша әртүрлі көзқарастар бар. Кейбір Батыстағы дамыған елдер мен қоғамдар қатаң зайырлылыққа қарай ұмтылады, мұнда дін мемлекеттен мұлдем бөлек, ал басқа типтегі елдерде діни және мемлекеттік институттар арасында тығыз байланыстар бар. Мәселен, Шығыс елдерінде осындай жағдайларды көбірек байқауға болады.

Ресей зерттеушісі И.В. Понкин: «Зайырлылық термині мемлекет пен діни бірлестіктер арақатынасына қатысты көп қолданылады. Мемлекеттің зайырлы сипаты, мемлекеттік және муниципальдық білім берудің зайырлы мазмұны туралы қоғамдық және ғылыми пікірталастар қарама-қарсы көзқарастардың бар екенін көрсетеді», – деген еді [89]. Соңғы уақытта Қазақстан жағдайында да осы мәселелерге қатысты біршама пікірлер алуандылығы байқалуда. Кейбір әлеуметтік орталарда мектептегі тәртіптерге түзетпелер енгізу талпыныстары да байқалып отырад. Елде діни тұрғыда алауыздық бола қоймағанымен, ара-тұра ұлтаралық кикілжіндер орын алғып тұрады. Мысалы, Түркістан облысынаның бір топ зейнеткерлері Үкіметке ислам қағидаттарының азаматтық мектептерде насихатталғанын қалайды, кейбір облыстарда оқушы қыздардың мектепке хиджап киіп баруына рұқсат беруін қалайды. Әсіресе, Қазақстанның Батыс облыстарында осындай деректер көптеп кездесе бастағанын алаңдатады.

Зайырлылық пен діндарлықтың арақатынасына қатысты мәселелер қоғамдағы әртүрлі қайшылықты мүдделер мен құндылықтарға байланысты туындауы мүмкін. Мысалы, ежелден адамзат тарихында үнемі орын алғып келген діни кемсітушілік мәселесі. Кейбір жағдайларда діни азшылықтар өздерінің сенімдеріне байланысты қоғамдық ресурстарға, қызметтерге немесе мүмкіндіктерге қол жеткізуде кемсітушілікке немесе шектеулерге тап болуы мүмкін. Бұл жерде Қазақстан Республикасының басты Заңы – Конституция нормаларының азаматтардың құқығын толықтай қорғай алатығын атап өткен жөн. Тек соған үнемі кепілдік берілгені абзal.

Келесі түйіткілді мәселе діннің саясатқа және саяси үдерістерге араласуы мәселесі. Саяси күштер өз мақсаттарына жету үшін дінді қолдануға тырысы

мүмкін, бұл мемлекеттің саяси кеңістігінде зайырлылық принципін бұзуға және азаматтарды діни негізде кемсітуге әкелуі мүмкін. Діни қақтығыстардың туындауы да осы процестермен астасып жатады. Алегер толеранттылық пен өзара сыйластық пен құрметтеу принциптері сақталмаса, онда діни нанымдардағы айырмашылықтар қоғамдағы, әсіресе көпшілтің және көп діни қоғамдардағы қақтығыстардың қайнар көзі болады. Сондай-ақ, діни бостандықты шектеу маңызды мәселелердің бірі. Кейбір жағдайларда мемлекет діни бостандықты шектеуі немесе діни тәжірибеге араласуы мүмкін, бұл ар-ождан мен діни бостандық принциптеріне қайшы келеді.

Адам құқықтарының бұзылуы да маңызды мәселе: кейбір діни тәжірибелер немесе нанымдар адам құқықтарының бұзылуына әкелуі мүмкін, әсіресе, әйелдер құқықтарына, ЛГБТ қауымдастығына және басқа да әлеуметтік осал топтарға қатысты мәселе әлемде жиі талқыланады. Өркениеттіліктің белгісі «қоғамда ЛГБТ-ға рұқсат беру» деген шолақ түсініктер кейбір елдерде орын алғып келе жатқаны белгілі. Әсіресе, Еуропа мен Солтүсітк Америка елдері бұл жағынан белсенділік танытып отыр. Дәстүрлі қоғамның құндылықтарын толықтай жоққа шығара қоймаған елдер үшін бұл ұстанымдар қолдау таппай отыр. Себебі, талай ғасырлар бойы қоғамдағы ер адам мен әйел адамның өзіндік рөлдік қызметтері туралы түсініктер тұрақтылық танытып отырған елдер көпшілікті құрайды. Қазақстан да солардың қатарында деген ойдамыз.

Келесі үлкен мәселе мемлекет пен шіркеу арасындағы шиеленістер мен конфронтациялардың орын алу жағдайлары. Кейбір жағдайларда дін мемлекеттік істерге қандай әсер етуінебайланысты мемлекеттік және діни институттар арасында шиеленістер мен қақтығыстар туындауы мүмкін деген пікірталастар жүйесі туындаиды. Бұл мәселелерді орнықты шешілуі үшінәлеуметтегі мұдделер тепе-тендігін бағалау және қоғамның барлық мүшелерінің құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу қажеттілігі талап етіледі. Осы түбекейлі мәселелер жиынтығының сипатына қарап қоғамдық өмірдің сапасы анықталады. Азаматтардың өмірінің сапасы болмаса қоғамдағы өмірдің өзіндік сыртқы көрсеткіштері зайырлылықтың шынайы белгісі бола алмайды. Зайырлылық адам болмысының толыққанды өзін паш етуімен астасып жатады. Азаматтардың өздерін бақытты сезінуіне қол жеткізген қоғамғана өзінің нақты прогрессивті жолын анықтаған деуге болады.

Әлеуметтік әділеттілік принциптерін сақтау, діни азшылықтардың құқықтарын қорғау және толеранттылық принциптерін сақтау және діндердің әртүрлілігін құрметтеу осы мәселелерді шешудің негізгі қадамдары екені белгілі. Заманауи кезеңдегі зайырлы мемлекетпендердің саласының арақатынасы, қазіргі қоғамдағы діннің орны мен рөлі тәуелсіздігін жариялаған Орталық Азия мемлекеттері үшін аса маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Орталық Азия мемлекеттерінің Конституцияларында олардың зайырлы сипаты айқын көрініс тапты. Бұл конституциялық норма осы мемлекеттердің азаматтарының басым көпшілігі тарапынан қолдауға ие болды. Тәуелсіздікке қол жеткізген соң билікке келген осы елдердегі саяси элита бұрын кеңестік коммунистік партия

мен комсомолдың сүзгісі мен мектебінен өткенін атап өтуге болады. Сонымен қатар, қоғамда ұstemдік етіп келген дүниетаным мен құндылықтар жүйесі де «жаңа жағдайда мемлекет зайырлы сипатта болуы керек» деген көзқарасқа күмән келтірмеді [90].

Зайырлылық ұстанымы тұрғысында Досай Кенжетай: «Қазақстан үшін зайырлылық – елдің ертеңі. Исламның тынысы. Тыныштық пен тұрақтылық кепілі. Ең басты құндылық. Сосын зайырлылық пен азаматтықты да ақыл таразысына тарта отыру керек. Мына дүниені жұмаққа айналдыру, Абайша айтқанда, «мимари деңгейде» қабылдаған кез келген қазақ – ұлтын сүйеді деген сөз. Мемлекет құқықсыз болмаған. Бірақ сол құқықтың иесі бар. Мемлекеттің де құрушы мәдениеті, ұлты бар. Сол мәдениет – құқықтың да иесі. Ал құқыққа бағыну, мойынсұну, сыйлау, құрметтеу деген психология адамға, алдымен мемлекеттен бұрын сол құқық иесіне деген құрметтен басталады. Діни білім беру мәселесі де қоғамымызда өзекті тақырыптардың бірі. Себебі білім берудегі қоғамдық қажеттіліктер мен сол қажеттіліктерді қамтамасыз ету мәселесі арасында жер мен көктей айырмашылық бар. Неге десеңіз, діни білім берудің теологиялық, зайырлылық және атеистік тенденциялары арасындағы ескі мен жаңа тартысы, сондай-ақ мемлекетіміздің ата заңында қорсетілген «зайырлылық ұстанымының» функциялық қызмет қорсету кеңістігі нақты емес. Ал қоғамда шешүсіз діни мәселелер қордаланған үстіне қордаланып жатыр», – деді [91].

Зайырлылық пен діндарлықтың арақатынасына байланысты мәселелерді шешу кешенді тәсілдерді және қоғамның әртүрлі жақтарын ортақ мақсатқа тартуды талап етеді. Міне, осы мәселелерді шешуге көмектесетін бірнеше жолдар:

Зайырлылық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету, мемлекет діни орталықтарды мемлекеттен бөліп, діни институттардың саяси істерге араласуына жол бермей, зайырлылық қағидаттарын қатаң сақтауы керек. Бұл барлық азаматтардың діни сенімдеріне қарамастан заң алдындағы теңдігіне кепілдік беретін заңдар мен саясаттарды құруды білдіреді; Диалог пен өзара түсіністікке келу, яғни дінаралық және мәдениетаралық диалогқа жәрдемдесу қоғамдағы шиеленістер мен қақтығыстарды азайтуға ықпал етуі мүмкін. Білім беру, пікір алмасу және діни қауымдастықтар арасындағы ынтымақтастық бағдарламалары жақсы түсіністік пен құрметке ықпал етуі мүмкін; Діни азшылықтардың құқықтарын қорғау: мемлекет діни азшылықтардың құқықтарын қорғауға кепілдік беріп, барлық діндер үшін тең мүмкіндіктер беруі керек. Бұған діни азшылық мүшелерінің кемсітушілігі мен құқықтарының бұзылуын болдырмау және олардың діни бостандығына ықпал ету кіреді; Толеранттылықты насихаттау және көп мультимәдениеттілік пен әртүрлілікті құрметтеу: толеранттылықты насихаттайтын білім беру бағдарламалары мен кампаниялар және әртүрлілікті құрметтеу әркім өзінің діни сенімдерін қорқынышсыз немесе кемсітусіз еркін жеткізе алатын толерантты қоғам құруға көмектеседі; Мемлекет пен діни институттар арасындағы ынтымақтастықты дамыту мәселесі мемлекет пен діни институттар әлеуметтік мәселелерді шешу

және қоғамның әл-ауқатын арттыру үшін әлеуметтік қызмет, білім беру, ғылым және мәдениет салаларында ынтымақтаса алады; Жанжалдарды шешу тетіктерін құру тұрғысында діни және азаматтық мұddeлер, соның ішінде сот органдары, төрелік органдар және медиация арасындағы жанжалдарды шешудің тиімді тетіктерін құру маңызды. Осы тәсілдерді біріктіру арқылы зайырлылық пен діндарлықтың арақатынасына қатысты мәселелерді шешуге және үйлесімді және құрметті қоғам құруға ықпал етуге болады.

Сонымен, зайырлылық феномені қазіргі заманда аса маңызды бола бастаған әлеуметтік-саяси ұйымдастықтың негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Бұл ұғымның мәнін түсіну үшін оның тарихи дамуын зерттеу қажет, өйткені мемлекет пен діни институттардың өзара іс-қимылдының принциптері мен тәсілдерін қалыптастырып отырған тарих. Зайырлылықты зерттеуде батыстық ұғымдарды ғана емес, оның Шығыс мемлекеттерінде, соның ішінде Орта Азияда қалыптасуының бірегей жолдарын да қарастырудың маңызы зор. Бұл өнірде зайырлылық идеясының қалыптасуы мен дамуына негіз болған исламизация мен мемлекеттілікті нығайтудың аса маңызды процестері басталған қараханидтер дәүіріне ерекше назар аудару керек. Зайырлылық турасында В.В. Лазарева: «Зайырлылық, немесе зайырлылық – тарихи, мәдени және әлеуметтік контекстке байланысты көптеген анықтамаларға ие бола алатын сан қырлы ұғым. Жалпы мағынада зайырлылық діни институттардың мемлекеттік биліктен бөлінуін білдіреді» [92].

А.Казанцев: «Орталық Азияда бұл ұғым өнірдің тарихи-мәдени мұрасымен байланысты бірегей ерекшеліктерге ие болады. Теория жүзінде зайырлылық дін бостандығына кепілдік беретін және діни көзқарастардың саясат пен заңнамаға ықпалын болдырмайтын құқықтық және әлеуметтік нормалар жүйесі ретінде айқындалуы мүмкін. Сонымен қатар зайырлылық мемлекет пен діни ұйымдардың сындарлы өзара іс-қимылдың да қамтуы мүмкін, бұл қоғамдық қелісімге қол жеткізуге септігін тигізеді», -деді [93].

Сонымен III тараудың 3.1 бөлімін қорытындылай келе, зайырлылық пен діндарлықтың арақатынасы қоғамдық өмір мен мемлекеттік құрылымды қалыптастыруды маңызды рөл атқарады. Қазақстан, көптеген басқа елдер сияқты, осы арақатынасқа байланысты сын-қатерлер мен түйіткілдерге тап болады, бірақ сонымен бірге қоғамда үйлесімділік пен әділдікті нығайту үшін мүмкіндіктер де бар. Зайырлылық қағидаттарын сактау және діни азшылықтардың құқықтарын қорғау барлық азаматтар үшін ар-ождан мен діни бостандықты қамтамасыз етудің негізгі аспектілері болып табылады. Басқалардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтей отырып, әркім өзінің діни нанымдарын еркін қолдана алатын қоғам құруға ұмтылу маңызды. Диалогты, төзімділікті және әртүрлілікті құрметтеуді ілгерілету зайырлылық пен діндарлықтың арақатынасына қатысты мәселелерді шешудің негізгі нұктелері болып табылады. Бұл қоғамға әртүрлі конфесиялар мен мәдени дәстүрлердің үйлесімді және құрметті қатар өмір сұруіне көшуге мүмкіндік береді. Сайып келгенде, зайырлылық пен діндарлық арасындағы тепе-тендікке назар аудару азаматтық бостандықтар мен құқықтар қорғалатын қоғам құруға

мүмкіндік береді, ал азаматтық ынтымақтастық пен әртүрлілікті құрметтеу қоғамның өркендеуі мен дамуына негіз болады. III тараудың 3.1 бөлімінен келесі тұжырымдар алынды: «Зайырлы Қазақстан қоғамындағы дін руханиятты Қазақстанның зайдарлы мәдениетінің ландшафтында, діндарлық және зайдарлылық өзара тығыз байланыста және олардың тендерінде біздің қоғамның рухани-адамгершілік парадигмасының күшеюі байқалады».

Откен ғасырларда өмір сүрген қазақ ойшылдары жеке адам үшін де, жалпы ұлт үшін де саяси және мәдени еркіндіктің әлеуметтік өмірдегі орны мен маңызын ұғындыру жолында үлкен шығармашылық жұмыстар атқарды. Еліміздің тарихында зайдарлылық пен діндарлықтың өзара ықпалдасуы әртүрлі тарихи кезеңде қандайда бір құндылықтардың басымдық етуіне байланысты өзгеріп отырды. Алайда, ұлттың менталитеті мен діні саяси режимдердің қатаандығына қарамастан, қоғамдық сананың зайдарлы және діни мазмұнын бұза алмады. Қазақ мәдениетіндегі адам – зайдарлы-діндар, ақылды-рационалды, Құдайға сенетін, дінді адамгершілікке үндейтін фактор деп санайтын, басқа діндерге төзімді және жаңа білімді қабылдауға дайын адам. Халықтың ұлттық дәстүрлерімен және исламның адамгершілік қағидаттарымен қатар, қазақ зиялыштарының еңбектерінде қоғамда рухани-адамгершілік қағидаттарының негіздері қаланды Руханиятқа деген саналы қажеттілік, адам өмірінің негізгі рухани бағдарларының моральдық құндылығымен ұштасу қазақ қоғамының ерекше сипатын айқындады. Тарихи кезеңдерде этникалық сана құрылымының сапасын білдіретін жаңа және жасампаз білімге деген ұмтылыш ұлт руханиятының рельефин анықтай бастады. Сондай-ақ, қазақ мәдениеті рухани діндар болғанына қарамастан, әрдайым зайдарлылық парадигмасын рационалды қолданды деген идея ұсынуға болады. Діни экстремизм сияқты заманауи синтегеуіндер дәүірінде зайдарлы институттардың тарихи тамырын түсінудің маңызы ерекше. Зайдарлылық – плюрализм мен адам құқықтарын қорғауға құрылған іргетас. Бұл, әсіресе, Қазақстан сияқты көпұлтты және көп конфессиялы елдер үшін аса маңызды. Соған сәйкес зайдарлылықтың тарихи тәжірибесін зерттеу қазіргі қоғамдағы діни және зайдарлы мұдделерді теңестіруге көмектесетін анағұрлым тиімді тетіктер жасауға мүмкіндік береді.

Келесі 3.2 бөлімінде «Қазақ халқы мәдениетінің дамуы болашағындағы діннің алатын рөлі мен маңызы» тақырыбы зерделенеді.

### **3.2 Қазақ халқы мәдениетінің дамуы болашағындағы діннің алатын рөлі мен маңызы**

Қазақ халқының рухани әлеміндегі діннің рөлі айрықша маңыздылық беруге лайықты өзекті әрі маңызды мәселе. Дін, діл, мәдениет қазақ халқының рухани өмірінің ажырамас бөліктерінің бірі. Дінге деген сенім рух пен жүректің сакралды қазыналарының ең асылы. Елімізде діни бостандықта сүйене отырып, әр адамның басына оның ұлтына, дініне, жынысына құрметпен қарайды. Бұл сөздер КР Конституциясында айтылған. Сондай-ақ КР Конституциясы негізінде: «Республиканың конституциялық құрылышын құштеп өзгертуді, оның

тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нүқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, насыра, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді», – делінген [1]. Яғни тек ауызекі тілдегі қолданыстағы сөздер емес, заңмен бекітілген жарғы.

Діндарлықтың да өз өлшемдері бар, мысалы, шектен шыққан көрсоқыр діндарлық асыра сілтеушілікті «діни фанатизм» немесе діни ауытқушылық терминдерімен түсіндіреді. Ал зайырлылықтың шектен шығуы атеизмге айналады. Халықтың көп бөлігі зайырлылық пен діндарлықтың өзара үйлесімділігін тапқан. Осы орайда зайырлылық құбылысын зерттеуші А.К. Косиченко: «Қазақстандағы діни сананың эволюциясы субъективті жағынан – оның діншіл де, діншіл емес те қазақстандықтардың санасында қалай көрініс табатынын көрсететін кешенді және интегративті көрсеткіш болып табылады. ҚР халқының діни санасының құрылымы қыын: діншілдердің бір бөлігі Қазақстан үшін дәстүрлі болып табылатын дінді ұстанады, ал екінші (анағұрлым аз) бөлігі жаңа діни қозғалыстардың ұстанушысы болып келеді. Дінге қатысты халықтың енжар бөлігі, сонымен қатар өздерін атеисттер деп анықтайтын қоғамның едәуір ұлken бөлігі бар. Атеистік және діни көзқарасты ұстанушылар болып табылатын Қазақстан халқының бұл сегменттері жиынтығында діни сананың феноменін қурайды», – дейді [94].

Қазақ халқы мәдениетінің болашақ дамуындағы діннің рөлі мен маңызы әртүрлі болуы мүмкін және әлеуметтік-мәдени үрдістер, саяси шешімдер, білім беру және бұқаралық ақпарат құралдары сияқты көптеген факторларға байланысты. Қазақ халқының мәдениетінің болашақ дамуындағы діннің рөлінің бірнеше мүмкінболатын келесі аспектілеріне тоқталайық:

1) Дәстүрлер мен құндылықтарды сақтау, дін, әсіресе ислам, қазақ халқының дәстүрлерін, әдет-ғұрыптары мен құндылықтарын сақтау мен оны өскелен ұрпаққа жеткізу маңызды рөл атқарады. Ол тарихи және мәдени сәйкестікті сақтаудың кілті болуы мүмкін мәдени нормалар мен мінез-құлық стандарттарын қалыптастырады.

2) Моральдық және этикалық принциптер, діни ілімдер қоғамдағы моральдық және этикалық принциптердің дамуына негіз бола алады. Олар адамдарға әлемді шарлауға, дана шешім қабылдауға және ізгілік пен әділеттілікке үмтүлуға көмектесе алады.

3) Әлеуметтік келісім және әлеуметтік даму, діни қауымдастықтар әлеуметтік келісімді қамтамасыз етуде және қоғамдық дамуға ықпал етуде маңызды рөл атқара алады. Бұл қоғамдастықтың нығауына ықпал ете отырып, қайырымдылықты, білім беруді және мәдени бастамаларды ынталандыра алады.

4) Мәдениетаралық және дінаралық диалог, діни көшбасшылар мен қауымдастықтар мәдениетаралық және дінаралық диалогта белсенді рөл атқара алады, әртүрлі этникалық және діни топтар арасындағы түсіністік пен ынтымақтастықты дамытады.

5) Жаһандық қоғамға интеграция жасау, жаһандану және ақпараттық технологиялардың дамуы жағдайында дін қазақ халқы мәдениетінің маңызды аспектісі болып қала береді, бірақ оның рөлі мен маңызы қазіргі әлем контекстінде өзгеруі мүмкін. Діни қауымдастықтар жаңа жағдайларға бейімделу және олардың жеке басын сақтау қындықтарына тап болуы мүмкін. Осылайша, дін қоғамдық өмірдің басқа аспектілерімен өзара іс-қимыл жасай отырып және қазіргі заманғы сын-тегеуріндер мен үрдістерді ескере отырып, қазақ халқының мәдениетін дамытуда маңызды рөл атқара алады.

Дін құбылысына жоғарыда біраз интерпретациялар берілді. Түркістан облысы Дін мәселелерін зерттеу орталығының басшысы Жангелді Битанов «Дін және идеология» атты мақаласында: «Діндер тарихын зерттеушілер, дінтанушылар әлемдегі діндердің шығу тарихы мен ерекшеліктеріне қарай бірнеше топтарға бөледі», – деп діндердің келесі класификациясын береді:

1. Тайпалық діндер (алғашқы тайпаларда кездескен діндер).
2. Ұлттық діндер (бір ғана ұлт өкілдері ұстанатын діндер: индуизмді үндістер, сихизмді жапондар ғана ұстанады).
3. Әлемдік діндер (әлемдегі көптеген ұлттар мен ұлыстардың ұстанатын діні: Ислам, Христиан, Буддизм. Дін және идеология [95].

Қазақ халқының мәдениетіндегі діннің рөлі көптеген ғасырлар бойы қазақтар өмірінің әртүрлі салаларына әсер еткен терең және көп қырлы аспектілерге ие бола алды. Соның ішінде қазақ халқының мәдениетімен, ділімен, әдет-ғұрыптарымен үйлесім таба білген ислам дініне тоқталайық. Ислам діні қазақ халқының мәдениетінде басты рөл атқарады. Орта ғасырларда ислам қабылданған сәттен бастап қазақтар өздерінің мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен өмір салтын осы діннің қағидаларына сәйкес құрды. Ислам қазақтардың адамгершілік құндылықтарына, әдет-ғұрыптарына, мерекелеріне және діни салттарына негіз болды. Этникалық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлері дін исламмен тығыз байланысты қазақтардың көптеген этникалық әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін қалыптастыруды. Бұл дәстүрлерге үйлену рәсімдері, жерлеу рәсімдері, исламдық мерекелік рәсімдері, дұға ету рәсімдері және т. б. Мифтер мен аңыздарға толы қазақ фольклоры-халықтың діни идеялары мен нағымдары туралы ақпарат қоймасы. Фольклорда қолданылатын рәміздер мен бейнелер жақсылық пен зұлымдық идеяларын, жоғары құштердің тағдыры мен ерік-жігерін бейнелейді. Әулиелердің немесе әулиенің бейнелері көбінесе адамдарды зұлым рухтардан қорғайтын меценаттар ретінде әрекет етеді. Ертегілер мен аңыздарда бұл кейіпкерлерге табиғаттан тыс құштер беріледі, бұл адамның рухани әлеммен байланысын көрсетеді. Сонымен қатар, мифологиялық сюжеттерде аспан құльті және ата-баба рухтарын қастерлеу сияқты ежелгі тәнірлік көріністердің іздерін табуға болады. Бұл элементтер исламдық ұғымдармен араласып, сиқыр мен діни нағымдар бір-бірін байытатын ерекше мәдени ландшафт жасайды. Мәдениеттанушы Б. Төлегенов атап өткендей, қазақ фольклорындағы діни рәміздер ислам мен көшпендейлердің дәстүрлі нағымдары бір-бірін толықтыратын синкретизмнің күрделі үдерісін айғақтайды.

Қазақ халқының мәдениетіндегі діннің рөлі – күрделі тарихи, әлеуметтік және мәдени процестердің даму контекстінде ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық бірегейліктің сан қырлы және елеулі қыры. Жаһандану және мәдениеттер диалогының нығаюы жағдайында бұл компонентті зерттеу аса өзекті болып отыр, себебі қазіргі қазақстандық қоғам өзінің мәдени болмысын нығайтуға ұмтылады және рухани тамырға бет бұрады. Діни мұраны зерттеу тарихты ғана емес, қазіргі мәдени болмысын да жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Қазақтардың діни дәстүрінің тарихи негіздері қазақ халқының мәдениеті ғасырлар бойы қазіргі Қазақстан аумағында тоғысқан көптеген діни-рухани оқулардың әсерінен қалыптасты. Бұл жүйелердің әрқайсысы Еуразия даласының кең-байтақ көндігінде өмір сүрген көшпелі тайпалардың дүниетанымы мен мәдени болмысына ықпал етті.

Ислам дініндегі отбасылық құндылықтар жүйесі ислам дінінің қазақ халқының мәдениетімен үндесуі олардың өзара байланыстарын нығайта түседі. Дін қазақ қоғамындағы отбасылық құндылықтар мен қатынастарды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ислам қазақ халқына отбасының маңыздылығы, ізгіліктері, адамгершілігі мен этикасы, сондай-ақ туыстар арасындағы қарым-қатынас туралы дәріптейді. Діндеңгі отбасы жайындағы түсініктердің қазақ халқының ділімен үндестікте екенін Құран хадистерінен аңғаруға болады. Отбасын кішігірім мемлекет деп алсақ, осы кішкене мемлекеттерден үлкен мемлекет пайда болатынын ескере олтырып, ислам құндылықтарының Құран хадистеріндегі тәспіріне назар аударайық:

1. «Мына дүниенің жалғандығы – ол өткінші бір өмір ғана. Өткінші өмірдегі қолдануға берілген жақсылық – ол салиқалы, жақсы әйел».

2. «Жанұяңыз үшін нені сарп қылсаңыз да, оның сыйын аласыз, тіпті ол әйелініздің аузына қолыңызбен салған бір тілім ас болса да».

3. «Шындығында, Қиямет күні Алланың алдында дәрежесі тәмен адам, ол ері әйелімен сырласса және әйелі ерімен сырласса, кейін екеуінің бірі жұбайының сырын басқаларға таратып қоятыны».

4. «Ері мен әйелі бір-біріне сүйіспеншілікпен, мейіріммен қараса, Алла Тағала да оларға сүйіспеншілікпен, мейіріммен қарайды».

5. «Әйелдерге жақсы қарандар. Өйткені әйел заты қабырғадан жаратылған. Ал қабырғаның ең қисық жері – жоғарғы жағы. Егер оны түзеймін десен, сындырып аласың. Ал тиіспей қойсан, сол қисық қалпында қалады. Сондықтан әйелдерге жақсы қарандар».

6. «Әйелмен қарым-қатынас жасауда Алладан қорқындар! Шындығында, Алла оларды сендерге аманат етті және оларды алар кездерінде сендер Алланың атымен ант еттіндер».

7. «Сендердің ең жақсыларың – отбасы мүшелеріне жақсы мәміледе болғандарың...»

8. «Әйел бес уақыт намазын оқып, ар-намысын қорғап, еріне бағынса, жәнненнаттың қалаған есігінен кіреді».

9. «(Әйелің!) Өзің жегеніңнен жегізу, өзің кигеніңді кигізу. Және оның бетінен үрма, сондай-ақ балағаттап жаман сөз айтпа! Үйіңнен тыс орында дауысынды көтеріп үрыспа!».

10. «Әйеліне бір мәселені үйреткенге жетпіс жылдық құлшылық сауабы беріледі».

11. «Мұмін ер өз әйеліне ренжімесін. Себебі, мінезінің нашар тұстарымен қатар, жақсы жақтары да болады».

12. «Әйел әлсіз болып жаратылған. Сондықтан ол әлсіздікті үнсіздікпен жеңіндер және оның кемшіліктерін елемеуге тырысындар».

13. «Ең жақсы мұсылман – көркем мінезді және жұбайына жақсы қарайтыны».

14. «Кімде-кім әйелін ұрса, қияметте ол менің дұшпаным болады. Әйелін ұратын ерлер – Аллаға және Оның елшісіне қарсы шығатындар».

15. «Әйелдеріңе қиянат жасамандар! Олар – Алланың сендерге берген аманаты. Олармен жұмсақ болындар және оларға жақсылық жасандар».

16. «Әйеліне жұмсақ болған және құлімсіреп қараган кісіге бір құл азат еткендей сарап жазылады» [96].

Жалпы исламның келесі қыры мәдени мұра ретінде исламның діни мәтіндері, ілімдері мен символикасы да қазақ халқының мәдени мұрасында маңызды рөл атқарады. Олар қазақтардың әдебиетіне, өнеріне, сәулетіне және музыкасына әсер етіп, мәдениеттің осы салаларына бірегей ерекшеліктер мен тақырыптар береді. Исламның қазақ халқының бірегейлігімен және өзін-өзі тануына ықпалы зор, дін де қазақ халқының бірегейлігі мен өзін-өзі тануын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Ислам қазақтың бірегейлігінің маңызды аспектісіне айналды, ал оның салт-дәстүрлері қазақтардың ұжымдық өзіндік санасының бір бөлігіне айналды. Осылайша, дін, әсіресе ислам, олардың әдет-ғұрыптарына, дәстүрлеріне, отбасылық құндылықтарына, бірегейлігі мен өзіндік санасына әсер ете отырып, қазақ халқының мәдениетінде іргелі және үздіксіз рөл атқарады. Исламдық бірегейлік діни, мәдени және ұлттық бірегейліктің проблемалық өрісінде қарастырылады. Иргелі сипаттағы ғылыми зерттеулер үшін исламдық бірегейлік исламдық сананың идеологиялық парадигмаларын құрылымдау және құру ретінде қызығушылық тудырады. Оның коммуникативті практика үшін маңызын анықтау оның әлеуметтік-мәдени маңызын анықтауға мүмкіндік береді. Исламдық болмысты қалыптастыратын қағидалар мен себептерге қатысты гуманитарлық ғылымдарда орын алған талқылаулар мәселенің екіүштылығы мен күрделілігін көрсетеді.

Қолданбалы зерттеулер үшін исламдық бірегейлік мәселесі саясаттағы, қоғамдық санадағы және мәдениеттегі исламдық мәселелермен байланысты. Исламда құқық пен теңсіздік мәселесі оңтайлы шешілген. Н.Л.Сейтахметова: «Ислам толеранттылығы: концептуалдылық, контекстуалдылық және тәжірибе» атты ұжымдық мақаласында: «Ислам әлемінің толерантты тәжірибесі Көптеген жолдармен Медина Конституциясына (622) және Худайбия Келісіміне (628) енгізілген негізгі принциптерге негізделген. Медина Конституциясы діни сенім

бостандығына құқықтарды және Мұсылмандар мен мұсылман еместер арасындағы қатынастарды құқықтық реттеуді жариялады. Бұл Келісім (Конституция) Мединада тұратын діни бірлестіктердің мәдени және діни егемендігіне құқықтарды құрды. Худайбия Шарты сонымен қатар қоғамдағы қатынастарға төзімділік пен байланыстарды нығайту перспективаларын ашты», – деді [97].

Ислам дініндегі үмбет мәселесі төңірегінде Бектенова М.К. «Постсекулярлық қоғамдағы исламдық бірегейлік құбылысы: Қазақстан үлгісінде» атты диссертациялық жұмысында: «Үмбет немесе қоғам, ұлт тарихи қалыптасқан және ислам дінінің дәстүрімен бекітілген исламдық қауымдастықты білдіреді. Ислам үмбетінің қалыптасуы 622 жылы аяқталды деп саналады. Құран мәтіндерінде үмбеттің біріктіруші қүш ретіндегі әлеуметтік және мәдени маңызы туралы айтылады, сонымен қатар қоғамға бірігудің орындылығы исламның негізгі тіректерін орындаумен байланысты. Басында Үмбет деп тек алғашқы мұсылмандар мен яһудилердің мединалық бірлестігі түсінілді, онда бірлескен әлеуметтік өмір сұру заңдары құрылды, кейінрек үмбет тек мұсылмандар болып саналады, ол исламдық үммаға айналады. Бірте-бірте исламдық ақыл «дар әл-ислам» ұғымымен анықталып, исламдық әлеуметтік-мәдени кеңістіктің белгісі болады. «Үмбет» және «әл-умма» терминдерінің лингвистикалық нәзіктігіне назар аударғым келеді, мұнда біріншісі жалпы қауымдастыққа, ал екіншісі мұсылман қауымдастығына қатысты қолданылған, дегенмен мұсылман емес қауымдастық «дар әл-харб» деп те аталады. Үмбет бүгінде әр түрлі мағынада қолданылады: ұлт, діни қауымдастық: Араб үмбеті, ислам үмбеті және т. б., жалпы әлемдік мәдени кеңістікте умма бүгінде Ислам қауымдастығының маңыздылығына ие. Үмбет және оның мұсылман қоғами ретінде сәйкестендірілуі ислам дәстүрі арқылы анықталады, ал исламдық дәстүрлі қоғам-ислам құндылықтары, заңдары басым қоғам, исламдық өмір салты өсіріледі. Мұндай қоғамда исламдық сәйкестікті қалыптастыру процесі жүреді», – дейді [98].

Қазақ халқының мәдени даму болашындағы діннің рөлін қазіргі әлемдегі діни үдерістердің дамуы, олардың динамизмі, түрленуі және конверсиясы исламдық бірегейлік тақырыбын тек ислам әлемі үшін ғана емес, бүкіл өркениеттік қоғамдастық үшін өте маңызды деп анықтайды. Ислам мен христиандықтың диалогы, діни және зайырлы құндылықтар диалогы, сайып келгенде, өркениет диалогы туралы мәселені қозғамай, исламдық бірегейлік мәселесін қарастыруға болмайды. XXI ғасыр діни диалог мәселесінің тұжырымын нақтылап қана қойған жоқ, керісінше, оны шиеленістіріп жіберді. Ал бүгінде біреулер мұндай диалогтың қажеттігін алға тартса, енді біреулер оның мүмкін еместігін айтады. Дегенмен, мәдениеттер мен діндер арасындағы диалог мәселесі гуманitarлық зерттеулердің ең өзекті тақырыбы болып табылады, сонымен қатар оны жүзеге асырудың әртүрлі стратегиялық тұжырымдамалары ұсынылады; Мысалы, мәдениеттер мен өркениеттер диалогы, Өркениеттер альянсы, Әлемдік және дәстүрлі діндер диалогы.

Қазақстанда діндер съезінің негізгі баяндамаларында діннің бейбітшілікті қамтамасыз етуші рөлін ерекше атап өтеді.

Қазақстанда өтіп жатқан әлемдік және дәстүрлі діндер съездері әлемдік қауымдастықты топтастыруға, өркениеттерді жақындастыруға және біріктіруге, траншекаралық терроризмге қарсы бірігүе бағытталған. ҚР діндер съезін турасында бүкіләлемдік діндер съезінің Қазақстанда өтуі дінаралық диалогтың орнауына негіз бола алды: «2023 жылғы 11 қазанды Астанада Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы – Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары Съезі Хатшылығының Басшысы М. Әшімбаевтың төрағалығымен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары Съезі Хатшылығының XXI отырысы өтті. Хатшылық отырысы аясында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII Съезінің қорытындылары бойынша пікір алмасу болды, соңдай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың VII Съезде бастама жасаған «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары Съезінің 2023-2033 жылдарға арналған даму тұжырымдамасы» қабылданды», – делінеді [99].

Жаһандық әлемдегі өркениет процестері ыдырау мен тұрақсыздық процестеріне әкелетін ақаулық нұктелердің анықталуымен байланысты. Толеранттылық, сенім және өзара түсіністік парадигмасын қалыптастыру әрекеттеріне қарамастан, бұзылу нұктесін фобия мәселесі, төзімсіздік мәселесі деп атауға болады. Бұл мәселелердің ауқымында ең маңызды мәселе толерантты исламдық бірегейлікті қалыптастыру болып табылады, өйткені қоғамның топтасуы көбіне соған байланысты, ал қоғамның рухани-адамгершілік ахуалы исламдық болмыстың қандай болатынына байланысты. Әлемде болып жатқан исламдық сананың радикалдану процестері сан ғасырлар бойы қоғамды және тұтастай мұсылман әлемін біріктірген исламдық бірегейлікті жоюға бағытталған. Дәстүрлі исламдық бірегейлікті деконструкциялау ислам қоғамының жойылуының, құндылықтардың идеологиялық бағдарларының бөлшектенуі мен өзгеруінің жағымсыз салдарларына әкеледі. Соңдықтан діни және зайырлы ұстанымдардың өзара әрекеттестігіне бағытталған тұрақты дүниетанымдық парадигманы қалыптастыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Қазақстанның дін саясаты дәл осы жолда жүргізілуде. Постсекулярлық қоғамдағы исламдық болмыстың өзгеруі мүмкін. Бұл объективті процесс. Дегенмен, мәдени ислам әлемін екі негізгі мәселе толғандырады: исламдық бірегейлікті қалай сактау керек және әлемдік мәдени кеңістікке қалай кірігу керек. Исламдық бірегейлік мәселелері, Еуропа мен АҚШ-тағы ислам азшылықтары, исламдық білім, исламдық модернизация, исламның стереотиптері мен теріс имидждерінің тез таралуына байланысты исламофobia проблемалары (террорға қарсы соғыс), мұсылман дінін ұстанатындардың жекелеген топтарының радикалдануы және т.б., бұлардың барлығы гуманитарлық ғылымдар саласындағы қазіргі заманғы зерттеу саласының негізгі объектілері болып табылады. Бұл бүкіл әлемде танымал бола бастаған постсекулярлық процестерді заманауи зерттеулер аясында ерекше байқалды.

Бірақ постсекулярлық және постсекулярлық туралы не білеміз, діннен кейінгі дәуірде діни, бұл жағдайда исламдық болмыс қалай өзгерді?

Қазіргі гуманитарлық ғылымдар, соның ішінде дінтану ғылымдары өз зерттеулерінде постсекулярлық мәселесіне көбірек жүгінуде. «Пост» префиксі бар барлық белгілер сияқты, постсекулярлық зайдыдан кейін келетінді білдіреді. Бұл жерде талқылаудың көптеген себептерін табуга болады, өйткені академиялық ортада көптеген құбылыстар, нақтырақ айтқанда, оларды білдіретін терминдер, зерттелетін уақыттық, кеңістіктік және сапалық интерпретацияларға байланысты, басқа префиксстер де қолданылады, мысалы, «де», – «re», – «neo», “post-neo” т. б. Зайдың концепциясының трансформациясы және оның қазіргі замандағы рөлі мәселесіне көшпес бұрын батыстық және мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды реттеудің негізгі факторларының бірі ретінде зайдың феноменінің өзіне тоқталу қажеттігін көреміз.

Келесі мәліметтер «The Role of Religion in Shaping Sociocultural Self-Identification of Society in Kazakhstan» атты ұжымдық Scopus мақаламыздан алынды: «Қазақстандағы діндарлық белгілері елдің көпшіліктерінде және көп діни сипатын көрсетеді. Басымдық көрсеткіші бар дін Ислам, халықтың шамамен 70%-ы өздерін мұсылмандар деп санайды. Олардың көпшілігі сунниттік ағымға жатады және ханафи мазхабын ұстанады. Елде шейттер мен сопылардың кіші топтары да бар. Екінші мәлшері жағынан көп дін өкілдері православтар: Православие шіркеуінің Қазақстанда, әсіресе орыс тілінде сөйлейтін халық арасында ұзак тарихы бар. Халықтың шамамен 26%-ы өздерін православтық христиандары деп санайды. Протестанттықтар да аз болса да бар, ол Қазақстандағы ең жылдам дамып келе жатқан христиандық ағымдардың бірі. Евангелиялық христиандар, баптистер, елуінші күндер және басқалар сияқты әртүрлі протестанттық қауымдастықтар бар, олар шіркеулердің санын көбейтуде. Басқа діндерге келсек, Қазақстанда буддистер, яңудилер, индуистар және бахаистер сияқты басқа діни қауымдастықтардың өкілдері де тұрады, дегенмен олардың саны мұсылмандар мен православтармен салыстырғанда аз» [100].

Қазақстандағы зайдың қалашағы көптеген факторларға, соның ішінде әлеуметтік-мәдени тенденцияларға, саяси шешімдерге, білім беру және ақпараттық бастамаларға, сондай-ақ әртүрлі діни және зайдың қауымдастықтар арасындағы өзара іс-қимылға байланысты болады. Зайдың қалашағы пен діндарлықтың өзара үйлесімділін арттыру мақсатында келесі қадамдар жасалуы қажет:

Зайдың қалашағы нығайту шіркеу мен мемлекеттің бөлінуін растай отырып, сондай-ақ діни сенім бостандығы мен діни негізде кемсітушіліктің болмауына кепілдік бере отырып, Қазақстан зайдың мемлекет ретіндегі мэртебесін нығайтуды жалғастыруы мүмкін. Бұл зайдың институттарды нығайтуға және барлық діни және діни емес қауымдастықтардың тенденгін қамтамасыз етуге бағытталған жаңа заңдар мен саясаттарды әзірлеуді қамтуы мүмкін. Дінаралық диалогты дамыту болашақтың маңызды аспектісі әртүрлі діни қауымдастықтар

арасындағы дінаралық диалог пен ынтымақтастықты дамыту болуы мүмкін. Бұл діни жанжалдарды азайтуға және әртүрлі конфессияларға сенушілер арасындағы түсіністікті арттыруға ықпал етуі мүмкін.

Діни қауымдастықтардың құқықтарын кеңейту, болашақта Қазақстан діни қауымдастықтардың, мысалы, білім беру, қайырымдылық және қоғамдық қызмет саласындағы құқықтары мен бостандықтарын кеңейте алады. Бұл діни қауымдастықтардың қоғам өміріне белсенді қатысуына және оның құндылықтарының қалыптасуына ықпал етуі мүмкін.

Мәдени әртүрлілікті сақтау, Қазақстан түрлі этностиқ және діни топтардың дәстүрлі әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін қорғауды қоса алғанда, мәдени әртүрлілікті қолдау және сақтау саясатын жалғастыра алады. Қолданыстағы кейбір салт-дәстүр, жоралғылардың ислам дінінде жоқтығы және оның сонау зороастризм, шаманизм, тәніршілдік элементтері екенін байқауға болады. Мысалы, отпен аластай, жеті шелпек пісіру, әруақтарға табыну, суға, айға, аспанға қатысты наными-сенімдер жоғарыдағы діни сенімдердің элементтері болып табылады. Осылардың біраз бөлігі исламдағы «ширк» ұғымы «Аллаға серік қосу» болып саналса да, еліміздегі заманауи термин «дәстүрлі исламда» қолданыстағы жоралғылар болып табылады. «Дәстүрлі ислам» – деп ислам үрдістерінің қазаки салт-дәстүр, әдет ғұрыптарының үйлесімді қолданыс табуын айтады. Мысалы, отпен аластап, отқа май қую, Тәніріге табыну және тағы басқалар исламда жоқ, дегенмен халық арасында кеңінен кездесетін элементтер. Кез келген халықтың рухани құндылықтары өз алдына жеке мәселе. Осындай рухани құндылықтарымыздың бірі ол діни көзқарастар мен діни түсініктер екені даусыз.

Жаһандық тенденциялар мен сын-қатерлер, Қазақстандағы зайырлылық пен діндарлықтың болашағы экстремистік идеялардың таралуы, көші-қон ағындары, технологиялардың дамуы және әлемдік саяси ахуалдың өзгеруі сияқты жаһандық үрдістер мен сын-қатерлерге де тәуелді болады. Қазақстан бұл сын-қатерлерге тиісті стратегиялар мен шараларды дамыта отырып жауап бере алады. Тұтастай алғанда, Қазақстандағы зайырлылық пен діндарлықтың болашағы ішкі және сыртқы факторлар контекстінде қалыптастырылатын болады, ал мемлекет пен қоғам ашық, инклузивті және тұрақты қоғам құру бойынша жұмысты жалғастыратын болады, мұнда әрбір азамат діни сенім бостандығына және қоғамдық өмірге қатысуға құқылы.

Елдегі исламның болашағының жарқын болуына кепілдік беретін келесі маңызды түсінік Қазақстандағы төзімділік әлеуметтік-мәдени өмір мен мемлекеттік саясаттың маңызды аспектісі болып табылады. Қазақстандағы төзімділіктің бірнеше негізгі түсініктері қарастырылады. Елдегі көпұлттылық және көпмәдениеттілік, Қазақстан – әртүрлі этникалық топтардың өкілдері тұратын көпұлтты мемлекет. Мемлекеттік саясат барлық халықтардың мәдениеттерін сақтау және дамыту, олардың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын құрметтеу үшін жағдай жасауға бағытталған. Төзімділіктің көрсеткіштерінің бірі діни бостандық, Қазақстан Діни сенім бостандығына кепілдік береді және азаматтардың өз дінінің практикасына құқықтарын қорғайды. Мұнда ислам,

православтық, протестанттық, Пұтқа табынушылық және басқалары сияқты әртүрлі діни қауымдастықтар қатар өмір сүреді. Сонымен қатар осылардың ішіндегі ең аңыздысы, этносаралық және дінаралық қатынастар. Қазақстанда түрлі этникалық және діни топтардың өкілдері арасында диалог пен өзара түсіністікті дамыту бойынша түрлі іс-шаралар мен бағдарламалар өткізіледі. Көптеген дінаралық ұйымдар мен қоғамдық бастамалар әртүрлі конфессиялардағы сенушілердің жақындастыру мен өзара әрекеттесуіне ықпал етеді. Төзімділіктің маңызды элементтерінің бірі кемсітушілікке қарсы іс-қимыл туралы заңнама, Қазақстанда нәсіліне, этносына, дініне және басқа да өлшемдеріне қарай кемсітушілікке қарсы құрес үшін шаралар қабылдайды. Барлық азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған заңдар мен ережелер бар.

Кез келген мемлекеттің діңгегі білім беру және мәдени бағдарламалар саласы, төзімділікті қолдаудың маңызды аспектісі мәдени және діни топтар арасындағы әртүрлілікке, төзімділікке және түсіністікке деген құрметті арттыруға бағытталған білім беру бағдарламалары мен мәдени іс-шараларды өткізу болып табылады. Эрине, Қазақстанда, кез келген басқа елдегідей, төзімділікке байланысты сын-қатерлер мен ішінәра мәселелері болса да, мемлекет пен қоғамдық ұйымдар ашық, инклузивті және толерантты қоғам құру бойынша жұмысты жалғастыруды. Қазақстандағы зайырлылық пен діндарлықтың болашағы көптеген факторларға, соның ішінде әлеуметтік-мәдени тенденцияларға, саяси шешімдерге, білім беру және ақпараттық бастамаларға, сондай-ақ әртүрлі діни және зайырлы қауымдастықтар арасындағы өзара іс-қимылға байланысты болады. Аталмыш мәселелерді шешу барысында келесі іс-қадамдарды ұсынамыз.

Зайырлылықты нығайту, шіркеу мен мемлекеттің бөлінуін растай отырып, сондай-ақ діни сенім бостандығы мен діни негізде кемсітушіліктің болмауына кепілдік бере отырып, Қазақстан зайырлы мемлекет ретіндегі мәртебесін нығайтуды жалғастыруы мүмкін. Бұл зайырлы институттарды нығайтуға және барлық діни және діни емес қауымдастықтардың теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған жаңа заңдар мен саясаттарды өзірлеуді қамтуы мүмкін. Дінаралық диалогты дамыту, болашақтың маңызды аспектісі әртүрлі діни қауымдастықтар арасындағы дінаралық диалог пен ынтымақтастықты дамыту болуы мүмкін. Бұл діни жанжалдарды азайтуға және әртүрлі конфессияларға сенушілер арасындағы түсіністікті арттыруға ықпал етуі мүмкін. Діни қауымдастықтардың құқықтарын көңейту, болашақта Қазақстан діни қауымдастықтардың, мысалы, білім беру, қайырымдылық және қоғамдық қызмет саласындағы құқықтары мен бостандықтарын көңейте алады. Бұл діни қауымдастықтардың қоғам өміріне белсенді қатысуына және оның құндылықтарының қалыптасуына ықпал етуі мүмкін. Мәдени әртүрлілікті сақтау, Қазақстан түрлі этностық және діни топтардың дәстүрлі әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін қорғауды қоса алғанда, мәдени әртүрлілікті қолдау және сақтау саясатын жалғастыра алады.

Жаһандық тенденциялар мен сын-қатерлер, Қазақстандағы зайырлылық пен діндарлықтың болашағы экстремистік идеялардың таралуы, көші-қон

ағындары, технологиялардың дамуы және әлемдік саяси ахуалдың өзгеруі сияқты жаһандық үрдістер мен сын-қатерлерге де тәуелді болады. Қазақстан бұл сын-қатерлерге тиісті стратегиялар мен шараларды дамыта отырып жауап берे алады. Тұастай алғанда, Қазақстандағы зايырлылық пен діндарлықтың болашағы ішкі және сыртқы факторлар контекстінде қалыптастырылатын болады, ал мемлекет пен қоғам ашық, инклузивті және тұрақты қоғам құру бойынша жұмысты жалғастыратын болады, мұнда әрбір азамат діни сенім бостандығына және қоғамдық өмірге қатысуға құқылы.

Сонымен қатар диссертациялық жұмыстың шетелдік жетекшісі Б. Шенай дін тұрғысында аталмыш тақырып төңірегінде келесі көзқарасты білдіреді: «Діни көптүрлілік ислам дінінде көрініс тапқан. Құран мен хадисте діни және мультимедиетті қоғамға қатысты көптеген жолдары да бар. Діни экстремизмге қатысты шешімдердің мақсаты белгілі нәрсеге тыйым салу емес, бұл шиеленістер аясындағы қауіпсіздік мәселесі. Бұл халықаралық ұйымдардың алдында тұрған күрделі мәселе. ЕҚҰҰ-ның адам құқықтары және діни бостандық туралы консультативті кеңесінің мүшесі ретінде, біздің басты мақсаттарымыздың бірі – дін тандау еркіндігі мен дінді ұстану еркіндігі арасындағы теңдікті ұстау деп толыққанды айта аламын. Күннен күнге біздің қоғамдағы мәдениетаралық азаматтық туралы келісімнің маңыздылығы артуда. Геосаяси кодтар мен діни мәтіндермен танысу өте жақсы мүмкіндік, дегенмен бұл геосаясатқа тастап жатқан үндеу емес. Оның міндеті діндарлықтың әлемге тигізіп жатқан әсерін анықтау. Дін ұлттық мемлекетке жақындастырылған жоқтардың дүниетанымын алмастырады [24].

Көшбасшылар діни-саяси кодтарды мобилизациялануға қолдана алады, себебі, дін көвшілік үшін күйбең тіршілікten құтылып, ынтымақтастыққа, бірлікке жетудің бірден-бір жолы. Біз өз шешімізді айқындауымыз қажет. Діннің мәдениетаралық азаматтық білім саласындағы рөлін анықтау үшін, эмоциялар мен мәдени зорлық арасындағы байланысты анықтауымыз қажет. Біздің XX ғасырдағы адам құқығы мен діни еркіндік саласындағы тәжірибелізге қарамастан, XXI ғасырға аяқ баса отырып, «мәдени терроризмнің» куәгері болып жүрміз. Мәдени терроризм дегеніміз не? Антропологтар өмір мен өлім мәдениеті, мисогинизм мәдениеті, төзімсізділік мәдениеті және террористер мәдениеті бар деп жатады. Мәдени терроризм – құндылықтар кешені емес, жанның сипатын білдіретін қатынас түрі, ал мәдени терроризмнің мақсаты – қоғам санасын улау. Бүгінгі күнде мәдени терроризмнің бірден-бір дәлелі исламофобия. Ислам діни диффамацияның ортасында қалып, мәдени шабуылға тап болды. Ислам құндылықтары мен рәміздері «антисламдықтардың» құрбанына айналып бара жатыр. Бұл диффамацияның нәтижесі – ислам дінін ұстанатындардың принциптеріне бағытталған өшпендейтілік және жағымсыз стереотиптер. Бұл мұсылмандарды өнегесіз, мәдениетсіз лаңқестер ретінде сипаттады».

Академик Ә.Н. Нысанбаев былай деп атап көрсетеді: «Көптеген гуманитарлық ғылымдар мамандары этносаралық және конфессияларлық келісім мен әртүрлі мәдениеттер диалогы мәселесін көпэтносты шындықта

зерттеуді жан-жақты дамытуды және оның терең негіздерін іздестіруді ұсынып отыр. жалпы адамзаттық құндылықтардағы қауымның руханияты, адамдардың ішкі дүниесі» [101, б. 300].

Ғасырлар бойы діни дәстүрлер қазақ қоғамының өмірінде шешуші рөл атқарды, оның дүниетанымын қалыптастырыды және мәдени бірегейлікті қолдады. Алайда, XX ғасыр бірқатар маңызды тарихи оқиғалардан туындаған діни саладағы елеулі өзгерістер кезеңі болды. Олардың арасында кеңестік секуляризация және посткеңестік кезеңдегі руханияттың жандануы бар. Қазіргі заманғы сын-қатерлер Қазақстанның діни мәдениетіне оның күрделі трансформациясына ықпал ете отырып, ықпал етуді жалғастыруда. 1917 жылдан 1991 жылға дейін созылған кеңестік секуляризация кезеңі қазақ халқының діни санасында терең із қалдырыды. Кеңестік саясаттың негізі марксистік-лениндік идеология болды, ол дінді «халық үшін апиын» деп санады. Мешіттердің жаппай жабылуымен, діни рәсімдерге тыйым салумен және діни қызметкерлерге қарсы құғын-сүргінмен бірге жүретін дінге қарсы үгіт-насихат діни институттарды жоюға бағытталған. Кеңес мемлекеті дәстүрлі мәдениеттің діни негіздерін жоюға белсенді түрде ұмтылды, оларды атеистік дүниетаныммен алмастырыды. Зерттеуші А. Әлиев 2008 жылы жарияланған жұмысында мұндай саясат дәстүрлі діни құрылымның бұзылуына әкеліп соқтырғанына назар аударады, бұл өз кезегінде қазақ қоғамының құндылық бағдарларының өзгеруіне әкеп соқтырды [102].

Кудалау мен тыйымдарға қарамастан, Ислам дәстүрлері мен рәсімдері жасырын түрде өмір сүруді жалғастырыды. Олар туылу, үйлену және жерлеу сияқты өмірлік циклармен байланысты құнделікті рәсімдердің мәдени кодтарына тоқылған. Діни рәсімдер көбінесе жасырын түрде өткізілді, оны мәдени қарсылық әрекеті және жеке басын сақтау тәсілі ретінде қарастыруға болады. Бұл құбылыс отаршылдық немесе идеологиялық қысымға ұшыраған қоғамдарда байқалған мәдени қарсылықтың түрлеріне ұқсайды. Кеңес өкіметі атеистік мемлекеттің азamatы ретінде қазақтың жаңа бейнесін жасауға ұмтылды. Алайда, «ата-баба дәстүрімен» байланыс және діни дүниетаным езін-еzi танудың маңызды құрамдас бөлігі болып қала берді.

Жалпы Қазақстанның болашағы экономикалық даму, саяси тұрақтылық, әлеуметтік-мәдени үрдістер, білім беру, ғылыми және технологиялық жетістіктер және т.б. сияқты көптеген факторлармен айқындастырын бірнеше факторлар:

Экономикалық даму. Қазақстан езінің табиғи ресурстарының, соның ішінде энергетикалық ресурстардың, металдардың және ауыл шаруашылығының арқасында экономикалық өсу үшін үлкен әлеуетке ие. Экономиканың әртүрлі секторларын дамытуды жалғастыру, инвестициялар тарту, инфрақұрылымды дамыту және кәсіпкерлікті қолдау маңызды.

Саяси тұрақтылық пен демократиялық реформалар: саяси жүйенің тұрақтылығы мен демократиялық институттардың дамуы Қазақстанның болашағында маңызды рөл атқарады. Құқықтық мемлекетті нығайтуды

жалғастыру, адам құқықтарын қорғау, сөз бостандығы мен медианы қамтамасыз ету және азаматтық қоғамды дамыту маңызды.

Әлеуметтік даму және әл-ауқат: азаматтардың өмір сүру сапасы Қазақстанның болашағы үшін басымдық болуға тиіс. Бұл сапалы білімге, денсаулық сақтауға, тұрғын үйге, әлеуметтік қорғауға және мәдени мүмкіндіктерге қол жеткізуі қамтамасыз етуді қамтиды.

Халықаралық ынтымақтастық және интеграция. Қазақстан басқа елдермен және халықаралық үйымдармен қарым-қатынасын нығайтуды жалғастырады. Бұған сауда және экономикалық қатынастарды дамыту, ғылым мен технология саласындағы ынтымақтастық, сондай-ақ жаһандық мәселелерді шешу жөніндегі халықаралық бастамаларға қатысу кіруі мүмкін.

Мәдени мұраны және мәдени әртүрлілікті сақтау. Қазақстан өзінің мәдени мұрасына, соның ішінде көшпелі халықтардың дәстүрлі мәдениетіне, көпмәдениетті қоғамға және көптеген этникалық және діни топтарға бай. Елдің мәдени және дәстүрлі құндылықтарын сақтауды және дамытууды жалғастыру маңызды.

Орнықты даму және қоршаған ортаны қорғау: климаттың өзгеруі және экологиялық қатерлер жағдайында орнықты даму Қазақстанның болашағы үшін барған сайын маңызды бола түсude. Бұған табиғи ресурстарды қорғау, жаңартылатын энергия көздерін дамыту және қоршаған ортаға әсерді азайту кіреді. Бұл аспектілер Қазақстанның болашағын өзгермелі жағдайларға бейімделуге және өмірдің түрлі салаларында табыстарға қол жеткізуге қабілетті өркендейген, тұрақты және көпұлтты мемлекет ретінде айқындағы алады. Сондай-ақ діни фактордың ел болашағының жарқын болуына өз ықпалын тигізбей қоймайды.

Қазақстандағы діни үдерістің зерттеушісі Бурова Е.Е. пікірінше: «Дінтану әрдайым айқын құбылыс емес, ол нақты әлеуметтік-мәдени ел жағдайында пәнаралық мүмкіндіктерді (әдістемелер, әдістер, тәжірибелер) жаңартуды талап етеді. Дінтану факторларын анықтау және индикаторларын бөліп көрсету, ерекшеліктерін көрсету, үрдістерді анықтау, трендтерді талдау үшін нақты әлеуметтік өлшемдердің фактологиялық базасы қажет. Олардың ішінде: діни ахуалды мониторингілеу; діни сәйкестендіруді зерттеу; дін институтын қабылдауды, оның рөлі мен функцияларын, қоғам мен тұлғаға оң және теріс әсерлерін бағалау; маңызды субъектілердің діни процеске әсерін талдау; Қазақстан үшін дінтану дамуының перспективаларын бағалау» [2] статистикасы: Діни процестің статистикасы және оны мемлекеттік уәкілетті органның (Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіндегі дін істері жөніндегі агенттіктің (Комитеттің) есепке алуы) діни бірлестіктердің санын конфессиялық/конфессиялық тиесілігі, гибадат мекемелері, шетелдік миссионерлер бөлінісінде тіркейді. (Кесте 1).

1-кесте-Қазақстан Республикасындағы конфессиялар мен діни бірлестіктер санының серпіні Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Дін істері комитетінің сайтының деректері негізінде құрастырылған:  
<https://www.gov.kz/memleket/entities/din/activities/141?lang=ru>) [103].

№п	Конфессии	На 01.01. 2011 г.	На 25.10. 2012 г.	На 01.01. 2014 г.	На 20.04. 2017 г.	На 01. 09. 2023 г.
1	Ислам	2811	2229	2367	2570	2790
2	Православие	304	280	293	333	345
3	Пятидесятнические церкви	400	189	230	219	223
4	Евангельские христиане-баптисты	364	100	185	181	186
5	Католицизм	118	79	84	85	93
6	Свидетели Иеговы	70	59	60	60	61
7	Пресвитерианские церкви	229	55	92	106	104
8	Адвентисты Седьмого дня	67	42	42	42	40
9	Евангелическо-лютеранская церковь	32	13	13	14	14
10	Методисты	18	11	12	13	12
11	Новоапостольская церковь	47	8	25	26	24
12	Кришнайты	14	8	9	8	13
13	Бахай	20	6	6	6	6
14	Иудаизм	26	4	7	7	7
15	Буддизм	4	2	2	2	2
16	Церковь Иисуса Христа святых последних дней (мормоны)	1	2	2	2	2
17	Меннониты	6	1	4	4	9
18	Церковь объединения Муна (Муниты)	-	-	1	1	1
	<b>ИТОГО</b>	<b>4 551</b>	<b>3 088</b>	<b>3434</b>	<b>3679</b>	<b>3932</b>

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына 2023 жылға арналған Жолдауында: «Әділдік, инклузивтік және үнемшілдік жаңа экономикалық бағдарымыздың өзегіне айналады», – деді [104]. Олай болса, бірлік болса, тірлік те болады, қоғамда толығымен әділдік салтанат құрса, еліміз өркениетті елдердің қатарына қосылса, дінтанулық және зайырлылық ұстанымдары дұрыс жолға қойылып, мемлекеттік дәрежеде тетіктері басылса деген. Әділеттілік өлшемі тек қағаз жүзінде ғана емес, іс жүзінде болса тамаша өзгерістер болады. Жақсы өзгерістердің әр адамның жеке басынан басталатынын, халық пен мемлекеттің дұрыс ортақ шешімдері ғана елді дамытуға жетелейтін қадам екенін, қарапайым ғана сыйластық пен үйлесімнің, әділеттіліктің қоғамға, адамзат баласына ортақ түйіткілді мәселелерді шешуге апаратын жол деп пайымдаймыз.

Қазіргі Қазақстанда жаһандану және мәдени бірігу процестерінен туындаған діни өмірде өзгерістер орын алуда. Бұл сын-қатерлерге жауаптардың бірі діни мұраға кіріспе арқылы ұлттық бірегейлікті сақтауға деген ұмтылыс болды. «Рухани жаңғыру» сияқты мемлекеттік бағдарламалар аясында ұлттық мәдениет аясында ислам дәстүрлерін насиҳаттау бойынша белсенді жұмыстар жүргізілуде. Бұдан басқа, Қазақстанның мәдени мұрасының ажырамас бөлігі болып табылатын Қожа Ахмет Ясауи және Арыстан-Баба кесенелерін қоса алғанда, Ислам мұрасының тарихи ескерткіштері мен объектілерін қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдануда.

Жаһандану сонымен қатар қазақ діни мәдениетіне әсер етіп, оны қазіргі шындыққа бейімделуге мәжбүр етеді. Герменевтика мамандары басқа мәдениеттермен сынни тұрғыдан өзара әрекеттесу дәстүрлердің бірегейлігін сақтаудың кілті екенін атап көрсетеді. Мұндай түсінудің бір мысалын Қазақстанның сопылық мұрасын белсенді зерттеу және танымал ету деп атауға болады. Сопылық дәстүрде қазіргі заманғы діни және мәдени пікірталастарға қайта қарастыруға және бейімделуге болатын құнды философиялық идеялар табылды. Сонымен қатар, әлемдік діни ағымдардың, әсіресе исламның неофондаменталистік ағымдарының ықпалы мәселесі бар, бұл діни қызметкерлер мен ғалымдарды алаңдатады. Жастар арасында радикалды идеялардың өсуі елдегі діни тұрақтылыққа үлкен қауіп төндіреді. Бұл әлеуметтік топ көбінесе экстремистік насиҳатқа осал болады. Сонымен бірге зайырлы бағдарланған қазақтар санының артуына байланысты секуляризация процесі жалғасуда.

Жоғарыда айтылғандар дәстүрлі діни құндылықтар мен заманауи дүниетанымдар арасындағы тепе-тендікті сақтау қажеттілігін көрсетеді. Қазіргі заманғы технологиялар мен цифрлық революция діни салаға айтарлықтай әсер етеді. Интернет пен әлеуметтік медиа дәстүрлі және жаңа діни идеяларды тарату үшін кең алаңға айналды. Бұл виртуалды діни кеңістікті реттеу тетіктерін әзірлеу қажеттілігін тудырады. Қарқынды өзгерістер жағдайында діни ұйымдар мен жалпы қоғам қарқынды дамып келе жатқан әлемде өздерінің рухани мұраларын бейімдеу және сақтау жолдарын белсенді түрде іздейді.

Елдегі діни жағдайлардың көрсеткіші ретінде келесі кестелерге жүгінуге болады.

**2-кесте – Халықтың діни ұстанымдары бойынша  
(жынысы, қала халқы, ауыл халқы, %)[105,9].**

Когорты вероисповедание	Ислам	Христианство	из них			Иудаизм	Буддизм	Другое	Отказались указать	Неверующие
			Православие	Католицизм	Протестантизм					
Всего	69,31	17,19	17,04	0,10	0,05	0,04	0,08	0,12	11,01	2,25
Мужчины	69,25	16,48	16,35	0,09	0,04	0,04	0,09	0,12	11,69	2,32
Женщины	69,36	17,85	17,69	0,10	0,06	0,04	0,07	0,13	10,37	2,19
Городское население	64,45	20,59	20,45	0,07	0,07	0,05	0,11	0,16	11,84	2,81
Сельское население	76,97	11,82	11,66	0,14	0,02	0,01	0,04	0,07	9,71	1,38

**3-кесте Сарапшылардың дәстүрлі және жаңа діндердің қазақстандық қоғам өміріне әсерін бағалауы (сарапшылар, %, 2021)[106].**

Оценка влияния	Традиционные религии	Новые религии
Влияние значительное положительное	66,7	16,7
Влияние незначительное положительное	6,7	20,0
Нет эффективного влияния	6,7	16,7
Влияние незначительное и скорее негативное	3,3	6,7
Влияние значительное негативное	10,0	20,0

**4-кесте – Интернет желісіндегі ақпараттар діни сенімдерге әсер ете ме? (халық, діни сәйкестендіру, %, N=1500, 2021)[107].**

Суждения /мировоззренческая самоидентификация	Верующий, ведущий РОЖ	Верующий номинально	Верующий вне конфессии	Неверующий, участвующий в обрядности	Неверующий, уважающий верующих	Равнодушный к религии	Атеист
Нет, в Интернете интересуюсь другими проблемами	48,1	73,8	80,8	90,9	85,2	88,5	94,1

Да оказывает: в социальных сетях происходит обмен мнениями по вопросам религии	38	7,4	7,9	0	12,3	8,2	5,9
Да, слушаю молитвы и проповеди	12,8	9	5,6	3	0,8	1,6	0
Да, смотрю проповеди священнослужителей	9,1	3,1	2,5	0	0,8	0	0
Да, на религиозных сайтах много интересной информации не только о религии, но и о семье, воспитании, традициях	8	11,8	6,7	6,1	0,8	0	0
Да, слушаю тексты религиозных книг	7	2,4	3,3	0	0,8	3,3	0

Діни мұра қазақтың мәдени болмысының бөлшегі. Ол ғасырлар бойы халықтың әлеуметтік құрылымдарына, адамгершілік нормалары мен дүниетанымына терең әсер етті. Дін қазақтардың өмір салтымен, олардың ауызша әдеби дәстүрлерімен, әлеуметтік құндылықтар жүйесімен және этикалық принциптерімен тығыз байланысты болды. Бұл тарихи өзгерістер жағдайында дәстүрлі қоғамның тұрақтылығына ықпал еткен бірегей мәдени-рухани орта туғызды. Біріншіден, қазақтардың мәдени болмысын қалыптастырудары діни наным-сенімдердің рөлі терең өткенге тамыр жайған. Тарихтың бастапқы кезеңдерінде қазақ халқының руханияты табиғат рухы мен ата-баба рухына ғибадат етуден көрінген анимистік және шамандық идеялармен тығыз байланысты болды. Шамандық рухани тәжірибелің басым түрі бола тұра, адам мен қоршаган орта арасындағы көпір қызметін атқарды, бұл әлеуметтік тәртіптің табиғи циклдармен үйлесімділігіне ықпал етті. Кейінгі уақытта парсы және Орталық Азия мәдениеттерімен ғасырлар бойғы байланыстардың арқасында қазақ жерінде зороастризм тарады. Бұл дін қазақтардың рухани дамуында, әсіресе этика мен космология саласында терең із қалдырды.

Алтын Орда дәуірінде ислам біртіндеп жаңа моральдық-этикалық және құқықтық нормаларды енгізе отырып, қазақ қоғамының рухани өмірінде

орталық орын ала бастады. Исламның бейімделу процесі ежелгі күлттердің элементтерін сақтауға және оларды ислам дәстүрлерімен үйлесімді біркітіруге мүмкіндік беріп, біргінде жүрді. Сопылық миссионерлер, атап айтқанда Ясауи ілімі әкелген ислам философиясы қазақтардың рухани қалыптасуына ерекше әсер етті. Бұл философия адамгершілік құндылықтарды нығайтып, әлеуметтік институттардың дамуына ықпал етті. Екіншіден, қазақ халқының ұлттық бірегейлігін қалыптастырудың діни мұраның рөлін асыра бағалау мүмкін емес. Зерттеу көрсеткендей, діни тәжірибелер, әдет-ғұрыптар мен рәміздер тек рухани шабыттың қайнар көзі ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік бірлікке ықпал ететін құрал болды.

Дін отбасылық және туыстық байланыстарды нығайтуда, қоғамдастық алдындағы парыз сезімін сақтауда және тұрақты қоғамдық институттардың құрылуына ықпал етуде шешуші рөл атқарды. Қазақтардың діни мұрасы монғол жаулап алулары, ислам өркениетінің таралуы немесе кейінгі кеңестік секуляризация сияқты тарихи дүрбелең кезеңдерінде рухани тәпе-тендікті сақтауға көмектесті. Қазақтардың күнделікті мәдениетінде дәстүрлі руханият элементтерін сақтау исламдық және исламға дейінгі салт-дәстүрлердің үйлесімді синтезінің арқасында мүмкін болды. Бұл синтез мәдени жүйенің сыртқы әсерлер жағдайында икемділігі мен бейімделуін қамтамасыз етті, бұл оның тұрақтылығы мен өміршендігіне ықпал етті. Қазіргі уақытта қазақ халқының діни мұрасы этникалық дәстүрлердің бірегейлігіне нұқсан келтіруі мүмкін жаһандану және мәдени бірігу процестері аясында ерекше маңызға ие болып отыр. Діни тамырларға жүгіну қазақ қоғамын мәдени және әлеуметтік тұрақтылыққа ұмтылуда қолдайтын рухани құндылықтардың жандануына ықпал ете отырып, ұлттық бірегейлікті сақтаудың негізгі факторына айналады.

Бұл тұрғыда, мысалы, Наурыз және Құрбан айт сияқты мерекелер қоғамды біріктіруде және мәдени жадыны сақтауда маңызды рөл атқаруда. Олар қазіргі ұрпақты ата-бабаларымен және тарихи мұраларымен байланыстырып, өткен мен қазіргі уақыт арасында берік байланыс жасайды. Діни институттар тек рухани ғана емес, сонымен бірге білім беру орталықтары ретінде де әрекет етеді, білімнің таралуына және жаңа ұрпақты тәрбиелеуге ықпал етеді. Қазақстан мәдениетіндегі діннің рөлін зерттеу перспективалары пәнаралық талдау үшін жаңа көкжиектер ашады. Жаһандану мен қазіргі діни қозғалыстардың қазақтардың дәстүрлі діни санасына әсерін зерттеу аса өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Жаңа діни ағымдардың қазақтардың діни бірегейлігіне әлеуметтік және мәдени өзгерістерге қалай әсер ететінін түсіну маңызды. Зерттеу цифрлық орта мен әлеуметтік медианың діни идеяларды таратуға және жастарды жұмылдыруға әсерін ескеруі керек. Сонымен қатар, қазақтардың және Орталық Азияның басқа түркі халықтарының діни дәстүрлерін салыстырмалы түрде зерттеу қызығушылық тудырады, бұл осы аймақтағы мәдени эволюцияның жалпы және бірегей ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Жалпы, қазақ халқының діни мұрасы тарихи құбылыс қана емес, сонымен қатар қоғамдық және рухани процестерге ықпал

етуді жалғастыра отырып, қазіргі мәдени өмірдің ажырамас бөлігі болып табылады.

Бұл тақырыпты зерделеу қазіргі заманғы сын-қатерлер дәүіріндегі рухани құндылықтардың маңыздылығын түсінуге ықпал етеді және Қазақстандағы діни-мәдени байланыстарды тереңірек түсіну үшін жаңа көкжиектер ашады. Мұндай кешенді тәсіл бірегей мәдени мұраны сақтап қана қоймай, оны тez өзгеретін шындыққа бейімдей отырып дамытуға мүмкіндік береді. Дәстүрлі қазақ қоғамында діни институттар (мешіттер мен медреселер), сондай-ақ имамдар мен ахундарды қоса алғанда, діни қызметкерлер қоғамдық және мәдени өмірде шешуші рөл атқарды. Рухани көшбасшылар діни функцияларды жүзеге асырып қана қоймай, тәртіпті, әділеттілікті және мәдени бірегейлікті сақтауды қамтамасыз ететін әлеуметтік міндеттерді де атқарды. Имамдар мен ахундар қоғамда жоғары бедел мен құрметке ие болды. Олар дүғаларды, діни мерекелер мен рәсімдерді басқарды, сонымен қатар адамдар мен босану арасындағы қақтығыстарды шешуге қатысты. Олардың әсері тек діни салағағана емес, сонымен бірге мораль, қоғамдық тәртіп және тіпті әділеттілік мәселелеріне де қатысты болды. Ф. Жармакина жүргізген зерттеуде діни қызметкерлердің әлеуметтік келісімді сақтаудағы маңыздылығы атап көрсетілген. Автор кеңеске дейінгі кезеңде діни бірегейлік этникалық және рулық өзіндік санамен тығыз байланысты болғанын атап өтті [108].

Мемлекет діни ұйымдармен олардың моральдық құндылықтарды қалыптастыруға, әлеуметтік тұрақтылық пен үйлесімділікті қамтамасыз етуге қосқан үлестерін мойындағы отырып, тұрақты түрде диалог жүргізуға ұмтылады. Зайырлы және діни институттардың табысты өзара іс-қимылдының жарқын мысалдарының бірі жыл сайын Астанада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Съезін өткізу болып табылады. Бұл форум конфессияаралық диалог үшін платформа ретінде қызмет етеді және дінге және оның қазіргі әлемдегі рөліне байланысты өзекті мәселелерді талқылауға ықпал етеді. Сонымен қатар, ол диалог пен толеранттылыққа Ашық мемлекет ретінде Қазақстанның имиджін нығайтады. Радикалдануға байланысты сын-тегеуріндерге жауап ретінде мемлекет халықтың, әсіресе жастар арасында діни білім деңгейін арттыруға бағытталған іс-қимылдар жасайды. Бұл бағдарламалар жас ұрпақтың сынни ойлау қабілетін дамытуға және діни дәстүрлердің алуан түрлілігі туралы түсінік қалыптастыруға арналған.

Сонымен қатар, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар діни экстремизмнің алдын алуға және жастардың әртүрлі дін өкілдеріне төзімділікке тәрбиелеуге бағытталған түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Қазіргі Қазақстанда зайырлылық қағидаты мемлекеттік саясатта негіз болып табылады. Ол діни сенімдеріне қарамастан барлық азаматтар үшін тендік пен дін бостандығын қамтамасыз етеді. Алайда, бұл қағиданы жүзеге асыру зайырлы және діни мұдделер арасындағы тепе-тендікті үнемі іздеуді талап етеді. Мемлекет бейтараптыққа ұмтылады және сонымен бірге радикалдану мен экстремизм қаупіне белсенді қарсы тұрады. Бұл қоғамның зайырлы негіздерін қорғаудың маңыздылығын көрсетеді. Тағы бір маңызды аспект-діни бостандық құқығының

үйлесімді өмір сұруін және қоғамдық тәртіпті сақтау қажеттілігін қамтамасыз ету. Мемлекет азаматтардың өз дінін еркін ұстануы үшін жағдай жасауға тырысады, бірақ сонымен бірге діни нанымдарды қоғамның заңдары мен мұдделеріне қайшы келетін мақсаттарда пайдалануға жол бермейді.

Қазақстанда діни бірлестіктердің, әсіресе экстремизммен немесе мемлекетке қарсы белсенділікпен байланысты болуы мүмкін бірлестіктердің қызметін бақылауға ерекше көңіл бөлінеді. Мемлекет жас ұрпақты діннің теріс әсерінен қорғау және мемлекеттік құрылымдардың бейтараптығын қамтамасыз ету үшін білім беру және мемлекеттік мекемелердегі діни қызметке кейбір шектеулер қояды. Қазақстандық қоғамда діннің қоғамдық өмірдегі орны мен рөлі туралы пікірталастар жалғасуда. Бұл пікірталастар білім беру, мәдениет және саясатқа қатысты көптеген мәселелерді қамтиды, мұнда әртүрлі топтар мемлекеттік институттардағы діни элементтердің рұқсат етілуіне қатысты түбегейлі қармана-қарсы көзқарастарды білдіреді.

Мемлекеттің зайырлы сипаты туралы конституциялық ережелерді іске асыру мақсатында елде діни қызметті реттейтін арнайы заңдар әзірленіп, қабылданды. Осындай заңдардың бірі – 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заң» [109]. Бұл заң діни ұйымдардың жұмысының құқықтық негіздерін белгілейді, олардың құқықтары мен міндеттерін зайырлылық принциптері аясында анықтайды. Заң сонымен қатар діни бірлестіктерді тіркеу мәселелерін, олардың жұмыс істеу тәртібін және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды реттейді. Бұл ретте ол азаматтардың Адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес келетін дін бостандығына құқықтарын қорғауға кепілдік береді. Қазақстанның Конституциясы мен заңнамасында зайырлы мемлекет қағидаты бекітілгеніне қарамастан, ел осы қағидатқа нұқсан келтіруі мүмкін белгілі бір сын-қатерлерге тап болады.

Қазіргі Қазақстанның тағдыры үшін әлемдік қауымдастықтағы постдағдарыстық кезеңде еліміз қандай орынға ие болады, постдағдарыстық әлемді құрып, пайымдауда мемлекеттің рөлі қандай, сонымен қатар біздің елдегі әлеуметтік және мәдени орта қалай өзгеретіндігіне байланысты бұл міндет анықталып, нақтыланатын болады деген сауалдар күн тәртібіне шығуда. Адамзат дамуында дағдарыстармен күрескен жаңа әлем мен жаңа дәуір біздің көз алдымызда пайда болып келеді, бірақ қалайда тарихи дәстүрдің мазмұны жоғалмайды. Қазіргі тарихи кезеңде халықтың рухани өмірінде қордаланған руханият белгілерін анықтау, Шығыс пен Батыстың өзара ықпалдасуы кезеңінде рухани құндылықтардың тарихы мен мәнін зерттеудан өткізу, руханият пен өркениетті ғылыми зерделеу, құндылықтар мен мәдениеттің ара қатынасын анықтау теориялық қана емес, сонымен қатар маңызды ғылыми-практикалық мәселеге айналып отыр, Оның шешімін табу, жас ұрпаққа нақты, ғылыми формада жеткізу өркениеттік дамудың кепілі болады және бұл ерекше батыл қадам саяси, әлеуметтік-мәдени, тіпті жаһандық, жалпыадамзаттық процестерімен тығыз байланысты өрбіп отыратыны анық. Қазақ жерінде радикалды ислам тарихи болмаған. Өкінішке орай елімізге тәуелсіздіктің

келуімен шет жерлерден әр қылышы радикалды діни ағымдардың келуі орын алды. Тіпті олар еліміздегі саяси үдерісіне араласуға әрекеттер жасады. Халқымыздың зиялы қауымы радикалды исламды белсенділігіне алаңдайтынын жасырмаймыз. Қазақстанда кеңестік кезеңде зайырлылық пен діндарлық екішты сипатта болды. Зайырлылық жекелеген кезеңдерде діндарлықтың төмендеуіне әкелетін қатал, жауынгер атеизм түрінде көрінді. Алайда, қазақ менталитеті мен қазақ мәдениетінің рухани-діни императивтері діндарлықты ұлттық бірегейлік құрамындағы маңызды рухани дәстүр ретінде сақтауға мүмкіндік берді;

Сонымен, 3 тараудың 2 бөлімін қорытындылай отырып, келесі идея туындағы: Тәуелсіз Қазақстан өзінің дербес елдігін отыз жылдан аса уақыт бойы саяси, мәдени, экономикалық және рухани мағынада орнықтырып келеді. Жалпы атеизмнен бас тартудың нәтижесінде діни және зайырлы ұстанымдар жаңаша өзара ықпалдаса бастады. Сөйтіп, екі дәстүр де қоғамдағы мемлекеттік билікке, рухани шығармашылыққа тікелей байланысты өздерінің терең дүниетанымдық, құндылықтық сипаттарын танытты. Сондай-ақ келесі тұжырым алынды: «Қазіргі кезеңде «Әділетті Қазақстан» идеялық-теориялық платформасы зайырлылық пен діндарлықтың өзара ықпалдасуының ажырамас бөлігіне айналды. Жалпы қоғамдағы кез келген рухани құбылыстың тиімді іске асырылуы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізуімен астасып жатады. Зайырлы Қазақстандағы дін руханиятты Қазақстанның зайырлы мәдениетінің ландшафтында, діни және зайырлы өзара іс-қимылда ұстайды, олардың теңгерімінде біздің қоғамның рухани-адамгершілік парадигмасының қүшеюі байқалады». Сонымен қатар, заманауи қазақстандық қоғамның дүниетанымының біртұстастығы, адам мен қоғамдың санасының сапасының артуы, тыныс-тіршілігінің үйлесімденуі жасампаз, прогрессивті құндылықтардың насиҳатталуымен байланысты. Қазақстаннның тәуелсіздік орныққан бергі заманауи әлеуметтік және рухани кеңістігінде зайырлылық пен діндарлықтың арақатынасы негізінен құқықтық кепілдіктің негізінде өрбіді. Бірақ бқл күрделі тақырып өзінің өзектілігін жойған жоқ, сондықтан жұмыста мәселенің қыр-сырын ашып көрсетуге барынша назар аударылды және осы құбылыстың барлық мәндік сипаттамасы гуманистік өзара байланысты негіздеумен және болашаққа қарай пәрменді ұмтылып қызмет ететін факторлардың маңызын ашып көрсетумен көмкерілген. Осыған орай қоғамды ауызбіршілікке, бірлікке қарай бағыттайтын, бағдарлайтын әлеуметтік әділеттілік қағидатының соңғы жылдары күн тәртібіне қойыла бастауы орынды екені көрсетілді. Діни тұрғыдағы әділеттілікті түсіну мен азаматтық қоғамның принциптеріне сүйенген әділеттілік қағидаттары өзінше айрықшаланады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыстың мазмұнын қорытындылай келе, қазақ халқының рухани әлемінің әволюциясында зыйырлылық және діндарлықтың дәстүрлері, олардың өзара байланысы барлық тарихи кезеңдерде өзінің маңыздылығын жоғалтпайтынын және әлеуметке тән құбылыстардың өзіндік ерекше қырлары талдау барысында жан-жақты зерттелгенін айта аламыз. Соңдықтан да аталмыш мәселені ғылыми зерделеу және оған дінтанулық, мәдениеттанулық, сонымен қатар тарихи-философиялық пайымдаулар жасау гуманитарлық саланың парызы екенін пайымдаймыз. Қазіргі таңда Қазақстан халқы өзіне өркениетті елдердің үлгісін басшылыққа ала отырып көпконфессиалды және көпэтникалық әлеуметтік кеңістіктегі өркениеттік бағытта әрі қарай дамуды көксейді. Осы орайдағы жетістіктеріміз барынша ғылыми сараланды, кемшіліктер талдаудан өткізілді.

Заманауи кезеңде қазақстандық қоғамда дін саласында құрделі мәселелер жеткілікті. Солардың қатарына діни сананың ішкі қайшылықтарын жатқызуға болар еді. Қоғамның руханиятының тарихы мен қазіргі әлеуметтік болмысына жете көз жіберсек, онда шынайы зыйырлылық және ағартушы діндарлық дәстүрлерінің өзара қарым-қатынасында концептуалдық антагонистік қайшылықтар байқалмайды, тіпті олардың базалық құндылықтарға қатысты кейбір қасиеттерінің өзара ұқсастығын, жақындығынбайқауға да болады. Екеуінің де көздеген нысаны қоғамдағы бірлік пен ынтымақтастық, адамгершілік қағидаттарын дәріптеу, халықтар арасындағы кикілжіндерге жол бермеу болған жағдайда дін саласы мен азаматтық қоғам кеңістігі қатар бейбіт өмір суре алады. Әрине, өкінішке орай ҚР рұқсат етілмеген салафиттік және вахабиттік секілді теріс ағымдардың радикалды қадамдары еліміздегі қоғамдық пікірді қобалжытады. Әсіресе, бұл жағдаяттардың елдің Батыс аймағында айқынырақ байқалып отырғанын сарапшылар дабыл қағып ескеrtіp келеді.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс көздеген мақсат-міндеттеріне негізінен жетті деуге болады. Диссертациялық жұмыс нәтижесінде қазақ халқының рухани әлеміндегі зыйырлылық және діндарлық дәстүрлерінің негізінен орнықты екені көрсетілді. Сонымен қатар, Қазақстан халқының озық өркениетті елдер қатарына қосылу ниеті бар екені белгілі, соңдықтан қауымдастық болып қалыптасу кезеңіндегі басымдық бағдарларды анықтау міндеті алға шығады. Әрине, демократиялық және ізгілікті жолды таңдау өте маңызды. Тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңнен басталған уақыт аралықтарын қамтыған кезеңде мазмұнды және сынни зерттеу жұмыстары жасала бастады. Әрине, ғылымдағы салыстырмалы талдауды қолдана отырылып Қазақстандағы зыйырлылық үлгісі мен басқа елдердегі зыйырлылық үлгілері арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтар барынша ғылыми зерделенді.

Диссертациялық жұмыс барысында алға қойылған міндеттерге сәйкес зыйырлылық пен діндарлықты зерттеудің теориялық-әдіснамалық, тұжырымдамалық тәсілдері мен қағидаттарын анықтау арқылы автор «зыйырлылық», «діндарлық», «дәстүр», «руханилық», «диалог», «рухани

мәдениет» және т. б. дінтанулық, мәдениеттанулық және философиялық ұғымдар мен терминдердің сипаттамасын береді және оларды тақырыпты айшықтау барысында кеңінен қолданады; диссертацияда ерекше назар аударылып, ғылыми қарастырылған мәселе – әлем тарихы мен түркілік рухани мәдениет дәстүрлерін електен өткізу және жұмыста осы сала бойынша зайырлылық пен діндарлықтың өзара байланысының әр түрлі мүмкіндіктері тұжырымдалып, қисынды айшықталды; тақырыпты толықтай ашуға көмектескен және қазақ халқының тарихының ерекше орын алған ағарту ісінің маңызы тереңдей көрсетіліп, бұл үдерістің діни дәстүрлер ауқымындағы ерекшеліктері аясында зерделеуден өткізілді.

Қазақ тарихында бұрын-соңды діни дәстүрлердің негізінде өте ірі әлеуметтік ішкі қақтығыстар мен қоғама бола қоймаған еді. Дегенмен, елімізге көрші жатқан Қоқан хандығы сонау Сыр бойынан бастап Меркіге дейінгі аралықты XIX ғасырда жаулап алғанда «қазақтың мұсылмандығы шалажансар» деп, шабуыл жасау үшін «олар шынайы мұсылмандықты дұрыс қадірлемейді» деген желеулер айттылған еді. Осы тарихи деректердің өзі діни сананың этномәдениеттегі ерекше сипаттамасы болып келді және олар кейде саяси үдерістермен, тарихи болмыспен астарласып жататыны көрсетілді.

Қазақтың көрнекті ойшылдары, оның ішінде Абай Құнанбаев мен Шәкәрімнің Құдайбердіұлының, әл-Фарабидің еңбектеріндегі зайырлылық және діндарлықта берілген шығармашылық негізіндегі сипаттамалар біршама талданып, заманауи кезеңге сай сынни зерделенді. Қазақ ойшылдарының көбісі халықтың бұқаралық санасын көтеру үшін зайырлы белімнің маңызды екенін және олардың жастар арасында белсенді түрде кеңінен таратылуы қажет екенін жақсы түсінген және діни сананы әлеуметте, әсіресе жастар арасында қалыптастыруды барынша ыждағаттылық пен парасаттылықтың маңызы зор екендігі үнемі ескертіліп отырғаны айттылды. Диссертация жұмысының қорытындысы бойынша келесі нәтижелерге қол жетті:

Диссертациялық жұмыс барысында бірқатар жаңа ғылыми нәтижелер алынды:

- Диссертацияның негізгі ғылыми жақалығы ретінде діни саладағы әлеуметтік-дінтанулық зерттеулердің теориялық әдіст намасын маңыздылығын арттыру, зайырлы және діни құндылықтардың арақатынасының өзара тығыз байланысы және рухани кеңістіктегі қазақ халқының зайырлылық көзқарастарына объективті баға беру ұсынылды;

- Қазақ халқының рухани әлемінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде діндарлық құбылысына теориялық, әдіснамалық және тұжырымдамалық тәсілдерге сүйене отырып жан-жақты талдау ұсынылды;

- Ғылыми және тарихи мәселелерді сынни зерделеу және зайырлылық пен діндарлық ұстанымдарының әлеуметтегі кейбір ұқсастықтары мен ерекшеліктерін нақты айқындау арқылы түркілік рухани мәдениеттің шынайы көріністері ретінде қарастыруға болатындығы байыпталды;

- Қараханидтер дәуірінен қазіргі заманға дейінгі тарихи сабактастықта Қазақстанның рухани-мәдени, әлеуметтік кеңістігіндегі зايырлылық пен діндарлықтың дүниетанымдық ерекшеліктері, бірегейлігі ашылды;

- Абай Құнанбаев еңбектеріндегі зайырлылық және діндарлық құбылыстарын көркем бейнелеу арқылы адамның рухани болмысын жетілдіруге бағытталған қазақ халқының рухани тарихының негізгі философиялық мәні айқындалды;

- Қазақ халқының рухани және практикалық мәдениетінің зайырлылық пен діндарлық дәстүрлерінің ерекшеліктері жан жақты зерттелді;

- Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы діндарлық пен зайырлылық құбылыстарының қалыптасуы мен дамуындағы эволюция бірнеше кезеңдерден өткендігі және онда елдің бірлігі мен ұлттың мәдени бірегейлігін сақтауға ықпал еткен, рухани фактор рөлін атқарған зайырлылық пен діндарлықтың өзара байланысы мен бірін-бірі толықтырған тарихи тәжірибесі қалыптасқандығы негізделді;

Сонымен, тәуелсіз және демократиялық Қазақстан халқы мәдениетінің дамуы жағдаятында діннің алатын рөлі мен маңызы жоғары. Дін билік тараапынан дүниетанымдық шектеулерге ұшырамайды, еліміздің құқықтық тәжірибесі радикалды топтардың қауіпті іс-әрекеттерін талдаумен және әрекеттерін саралаумен айналысады.

Диссертациялық жұмыс нәтижесінде жоғарыда қойылған міндеттерге сәйкес алынған нәтижелерді қысқаша тәмендегідей қорытындылаймыз, тәмендегідей нақты гылыми жаңа нәтижелерді жинақтаймыз. Бұл қорытындылардың қазіргі таңда практикалық және дүниетанымдық маңыздылығы біршама жоғары деген пікірдеміз.

Бұл қорытындылардың қазіргі таңда практикалық және дүниетанымдық маңыздылығы біршама жоғары деген пікірдеміз. Қазақ халқы рухани тарихының ұлы тұлғасы, көрнекті ойшылы Абай Құнанбаев еңбектеріндегі зайырлылық және діндарлық құбылыстарын көркем бейнелеу арқылы адамның рухани болмысын жетілдіруге бағытталған түпкі философиялық мағыналары айқындалды. Еліміздің әлеуметтік кеңістігіндегі зайырлылық пен діндарлықтың өзара арақатынасы, феномендік әр қылыштары зерделеніп, оның заманауи кезеңдегі мәдениетті пәрменді өркендетуге тигізетін ықпалының құндылықтық қырлары анықталды. Қазақ даласына ежелгі заманнан тарихи сабактастықпен орнықсан зайырлылық құбылысының дүниетанымдық мағынадағы ерекшеліктері айқындалып, этностық сананың құрылымындағы жаңа білімге ұмтылуға бағыттайтын жасампаз қайнар көздер айқындалды. Міне осы қорытындалар жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие жұмысында қолданылғаны жөн деген ойдамыз.

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы діндарлық пен зайырлылық құбылыстарының қалыптасуы мен дамуындағы эволюция біршама қайшылықты кезеңдерден өтіп жатқандығы сарапталып, елдің біртұтастығы мен ұлттық бірегейлігін сақтайтын өзара қатаныстардың заманауи кезеңдегі маңыздылығын арттыратын тектіктерді айқындау түсудің қажеттілігі

тұжырымдалды. Болашақ осы бағыттағы ғылыми зерттеулер қоғам мен ғылымға үлкен пайдасын тигізеді деген сенімдеміз. Діни экстремизм сияқты заманауи сын-қатерлер дәуірінде зайырлы институттардың тарихи тамырларын түсіну ерекше маңызға ие болады. Зайырлылық плюрализм мен адам құқықтарын қорғаудың негізі болып табылады. Бұл өсіреле Қазақстан сияқты көпұлтты және көпконфессиялы елдер үшін өте маңызды. Тиісінше, зайырлылықтың тарихи тәжірибесін зерттеу қазіргі қоғамдағы діни және зайырлы мұдделердің тәсілдеріне көмектесетін тиімдірек механизмдерді құруға жол ашады. Орталық Азияның тарихи дамуы контекстіндегі зайырлылықты зерттеу әртүрлі мәдени және құқықтық жүйелердің өзара әрекеттесуін зерттеуге жаңа перспективалар ашады. Бұл өзара іс-қимыл мемлекеттердің ішкі саясатын ғана емес, олардың әлемдік қоғамдастықпен қарым-қатынасын да айқындайды. Аймақтағы зайырлылықтың қалыптасу механизмдерін түсіну ғасырлар бойы болған әлеуметтік өзгерістерді және олардың қазіргі қоғамға әсерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. [Электронды ресурс]. URL: Қазақстан Республикасының Конституциясы – Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (қаралған күні 24.01.2025).

2 Религиозизация в Казахстане: тренды и перспективы. Коллективная монография / Под общ. ред. Сейдуманова С.Т / Бурова Е.Е., Джаманбалаева Ш.Е., Косиченко А.Г., Сагиқызы А.С., Додонов В.Ю., Назарбетова А.К., Алтайқызы А., Каримова Г.К., Лифанов С.А., Лифанова Т.Ю., Шайдуллина Д.Р., Мейманхожа Н.Р, Тленчиева Ш. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, 2023. – 25-47 с.

3 Қазақстанда қанша адам тұрады. Статистикалық мәлімет. [Электронды ресурс]. URL <https://kaz.nur.kz/society/2208792-qazaqstanda-qansha-adam-turady-statistkalyq-malimet-zhariialandy/> (қаралған күні 25.02.2025).

4 Косиченко А.Г. Светское государство: Республика Казахстан и мировой опыт // Право и государство. – 2014. – №4 (65). – С. 11- 16.

5 Кенжетай Д.Т. «Зайырлы ел болу мен дін ұстау мәселесі туралы». [Электронды ресурс]. URL: Досай Кенжетай. Зайырлы ел болу мен дін ұстау мәселесі (қаралған уақыты 20. 02. 24).

6 Ценности и идеалы независимого Казахстана. Коллективная монография / Под общ. ред. Шаукеновой З. К. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2015. – 322 с.

7 Каражанидское государство: история и культура / под ред. А.К. Акишева. – Алматы: Наука, 1998. – 312 с.

8 Нұрмұратов С.Е. «Дін мәселелері бойынша философия, саясаттану және дінтану институты ғылыми зерттеулерінің жағдайы мен болашағы» [Электронды ресурс]. URL: Дін мәселелері бойынша философия, саясаттану және дінтану институты ғылыми зерттеулерінің жағдайы мен болашағы – Қазақстандағы Ислам (қаралған уақыты 20. 02. 24).

9 Кенжетай Д.Т. Зайырлылық ұстанымы – рухани даму мен тұрақтылықтың шарты. [Электронды ресурс]. URL: Зайырлылық ұстанымы – рухани даму мен тұрақтылықтың шарты / Toppress.kz (қаралған күні 24.03.2024).

10 Қазақстан Республикасының Конституциясы 22 бап. [Электронды ресурс] URL Қазақстан Республикасының Конституциясы — Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (қаралған күні 24.01.2025).

11 Понкин И.В. Правовые основы светской политики государства и образования. – М.: Про-Пресс, 2003. – 416 с.

12 «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңы. Астана, 2011. – 76 б «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңы. Астана, 2011. – 76 б.

13 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы, Атамұра, 1999. – 265 б.

14 Тоқаев Қ.К. Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі // Егемен Қазақстан. 04 қыркүйек. 2019.

15 Светские и религиозные ценности в современном Казахстане: взаимодействие и влияние на политику РК в сфере религии. Коллективная монография. – Алматы: ИФПР КН МНВО РК, 2023. – 170 с.

16 Жусипбек Г. В поисках приемлемой модели отношений между государством и религией для постсоветской Центральной Азии: уроки Турции // Центральная Азия и Кавказ. – 2013. – № 4 (16). – С. 32-45.

17 Байтенова Н.Ж., Бейсенов Б.Қ., Игисенова А.Р. Заманаудың ресейдегі мемлекет және дін // Хабаршы. Дінттану сериясы. №4 (20) 2019. Б.

18 Религиозизация в Казахстане: тренды и перспективы. Коллективная монография / Бурова Е.Е., Джаманбалаева Ш.Е., Косиченко А.Г., Сагиқызы А.С., Додонов В.Ю., Назарбетова А.К., Алтайқызы А., Каримова Г.К., Лифанов С.А., Лифанова Т. Ю., Шайдуллина Д.Р., Мейманхожа Н.Р, Тленчиева Ш. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, 2023. – 348 с.

19 Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // Егемен Қазақстан. – 2021. – 5 қаңтар.

20 Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары Съезінің 2023-2033 жылдарға арналған Даму тұжырымдамасы. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-islamabad/press/news/details/649387?lang=kk>

21 2009 жылғы Қазақстан Республикасының халқының Ұлттық санағының қорытындылары. – 2 том. – Астана, 2011. – 176 б.

22 Косиченко А.Г. Светское государство: Республика Казахстан и мировой опыт // Право и государство. – 2014. – №4 (65). – С. 11-16.

23 Шағыrbай А.Д., Қасабекова Е.Қ. Философия барлығы үшін: дәстүрлер, үрдістер, болашағы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, Ұлағат баспасы, – 222-286 бб.

24 Şenay B. Undoing Hate Crimes: Combating Islamophobia as Cultural Terrorism // OSCE Review Conference – Astana- Kazakhstan COJEP – Side Event Hate Crimes against Muslim communities 27th November 2010 // <http://www.osce.org/home/73783?download=true>. 17 мая 2017.

25 Сейтахметова Н.Л., Турганбаева Ж.Ж. Дискурс идентичности человека в адабе аль-Фараби: религиозность и секулярность // Материалы международной научной конференции «Символы, артефакты, памятники культуры Великой степи» в рамках VI Международного Фараби Форума / под общ. ред. А.Д. Курманалиевой. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – С. 10-14.

26 Фрэзер Дж. Дж. Золотая ветвь. Исследование магии и религии. – М.: Политиздат, 1980. – 831 с.

- 27 Сатершинов Б.М. Исламофия діни төзімділікке қарсы. URL [Электронды ресурс]. Бақытжан Менлібекұлы. Исламофобия – діни төзімділікке қарсы құбылыс Қаралған уақыты 02.03.2025.
- 28 Тоқтарбекова Л.Н., Қасабекова Е.Қ. Ислам және Батыс Еуропа: интеграция мәселелері // Адам әлемі. – 2020. – №1 (95). – 159-168 бб.
- 29 Соловьева Г.Г. Қазіргі Қазақстан аумағындағы діндер тарихы: Оқу құралы. – Алматы: ҚР БФМ ФК ФСДИ, 2020. – 324 б.
- 30 Жумагулов К.Т., Нуртазина Н.Д. Исторические предпосылки этноконфессионального многообразия и религиозной толерантности народов Евразии // Казахстан Спектр. – 2012. – №1. – С. 61.
- 31 Сейтахметова Н.Л. Об исламской и тюркской культуре. – А., 2014.
- 32 Безертинов Р.Н. Древнетюркское мировоззрение «Тэнгрианство». Учебное пособие. 2-е издание. – (1-е –2006 ) – Казань: РИЦ «Школа», 2017. – 160 с.
- 33 Қазақстандағы дәстүр мен жаңашылдықтың діни қырлары. Ұжымдық монография. – Алматы: ҚР ҒЖБМ ФК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2023. – 300 б.
- 34 Рокнифард Ю., Гафарлы О., Теребесси Л. Ислам и прогресс: между традицией и современностью. Международная аналитика. 2020; 11(4):104-121.
- 35 Мәшіүр Жұсіп Көпейұлының шығармашылығындағы рухани-әлеуметтік мәселелер. Дөңгелек үстелдің материалдар жинағы. – Алматы: ҚР ҒЖБМ ФК «Философия, саясаттану және дінтану институты», 2024. – 304 б.
- 36 Соловьева Г.Г. Религия в Казахстане. История и современность. Учебное пособие / Под общ. ред. А.Х. Бижанова. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2018. – 346 с.
- 37 Орынбеков М.С. Генезис религиозного сознания в Казахстане. – Алматы: Институт философии и политологии КН МОН РК, 2013. – 204 с.
- 38 Үәлиханов Ш. Қырғыздардағы шамандықтың іздері. – Алматы, – 560 б.
- 39 Қайратұлы Б. Шаманизм табиғатпен тұтастық. Шаманизм – табиғатпен тұтастық. [Электронды ресурс]. URL: <https://egemen.kz/article/159703-shamanizm-%E2%80%93-tabighatpen-tutastyq> (қаралған күні 24.01.2025)
- 40 Қасабекова Е.Қ. Қазақ халқының діндарлық дәстүрлеріне шолу. «Edu.e-history.kz» Электрондық ғылыми журналы. – № 2(18) сәуір-маусым, 2019. – 359 б.
- 41 Мэри Бойс.Зороастрйцы: Верование и обычай. – Москва, 1987.– 303с.
- 42 Марғұлан Әлкей.Ежелгі жыр аныздар: Ғылыми-зерттеу мақалалар / Құраст. Р. Бердібаев – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
- 43 Қазақ этногенезінің түркілік кезеңі. Қазақ этногенезінің түркілік кезеңі // Уикипедия (қаралған күні 24.01.2025).
- 44 Қасабекова Е., Табашев Ғ., Тутинова Н. Қазақ даласындағы исламға дейінгі діни наным сенімдер // Хабаршы. Дінтану сериясы. – №4 (28). – 2021.
- 45 Брагинский И. С. Иранское литературное наследие. – Москва. 1984. – 42 с.

46 Нұрмұратов С.Е., Қасабекова Е.Қ. Заратуштра ілімінің рухани құндылықтар жүйесі: тарихи сабактастық // Заратуштра ілімі және Орталық Азия: рухани-мәдени және тарихи сабактастық: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Орал: «БҚИТУ баспасы», 2023 – 297 бб.

47 Нұрмұратов С.Е. Сартаева Р.С. Тарихи тұлғалар және ұлттың рухани әлемі. Қазақ философиясындағы тарихи тұлға «Шығыс пен Батыстың сұхбаты жүйесіндегі тарихи тұлғалар: сабактастықтың философиялық қырлары»: республикалық дәңгелек үстелдің материалдар жинағы. – Алматы: ИФПР КН МНВО РК, 2023. – 197 с.

48 Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. 2-е изд., перераб. и доп.- Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – 204 с.

49 Дін мен дәстүр. – Алматы: «Гибрат» баспа үйі, 2013. – 192 бет.

50 Авеста в русских переводах (1861-1996). – Санкт-Петербург, 1997 г. Под общей редакцией И.В. Рака.

51 Relacoes Internacionais no Mundo Atual. Yenglik Kassabekova, Serik Seidumanov, Serik Nurmuratov, Almasbek Shagyrbay, Kassymkan Kurmanbek. Intercultural connections in Central Asia: comparative study of Zoroastrian and Kazakh traditions, religiosity, and culture Vol.3, n.45|e-7486 / p.556-573|Julho/Setembro 2024

52 Қараханидтер кезеңі. URL: <https://e-history.kz/media/scorm/195/142/text/text.htm>

53 Кляшторный С.Г., Султанов Т. И. Государства и народы евразийских степей. – СПб.: Петербургское востоковедение, 2000. – 352 с.

54 Затов Қ.А. Қоғамдағы діннің рөлі дұрыс түсіндірілуі керек. URL [Электронды ресурс]. Қайрат Затов: Қоғамдағы діннің рөлі дұрыс түсіндірілуі керек Қаралған уақыты 28.02.25

55 Бегалинова К.К., Данакири Л.Р., Ивентьев С.И. Духовность народа как фактор мирового развития на примере казахского и российского народа. [Электронды ресурс]. URL: Бегалинова Калимаш Капсамаровна, Данакари Лилия Ричарди, Ивентьев Сергей Иванович. Духовность народа как фактор мирового развития на примере казахского и российского народов.

56 Казанцев А.А. Центральная Азия: особенности региона // Вестник Московского университета. Серия 18: Социология и политология. – 2005. – № 4. – С. 3–18.

57 Тоқаев Қ. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // Егемен Қазақстан. – 2021 жыл 5 қаңтар.

58 Косиченко А. Г. Светскость и религия в современном Казахстане: модернизация духовно-культурных смыслов и стратегий: Коллективная монография. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведение КН МОН РК, 2020. – 280 с.

59 Құрманалиева А., Дарханбаев Ж. Абай ақпараттық порталы. Қазақстандағы діни ахуал: дін және мемлекет қатынастары. [Электронды ресурс]. URL: <https://abai.kz/post/12275>.

- 60 Кодар А. Степное знание: очерки по культурологии. Алматы, 2002. – 216 с.
- 61 Orynbekov M.S. Kazak senimderinin bastaulyary. – Almaty, 2002. – 8 б.
- 62 Косиченко А.Г. Религиоведческий анализ религиозной ситуации в Республике Казахстан // Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. Серия: Философия. 2010. № 1. С. 123–130.
- 63 Косиченко А.Г. Светскость и религия в современном Казахстане: модернизация духовно-культурных смыслов и стратегий: Коллективная монография. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведение КН МОН РК, 2020. –280 с.
- 64 Шенай Б. Ибн Сина фәлсафасындағы онтологиялық ойлар. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.alfarabijournal.org/index.php/journal/article/view/678/104>
- 65 Аль-Фараби. Естественно-научные трактаты. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 317 б.
- 66 Әл-Фараби ілімі. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.zharar.com/kz/referat/1528-farabi.html>
- 67 Қожа Ахмет Яссави. Диуани хикмет. – Алматы, 2012. – 382 б.
- 68 Курмангалиева Г.К., Коянбаева Г.Р. Культурно-ценностная парадигма Казахстана в контексте устойчивого развития общества (на материалах социологического исследования) // Қазақстанның тұрақты даму стратегиясы контекстінде қоғамның мәдениеті мен құндылықтарын зерттеу: ұжымдық монография. – Алматы: ИФПР КН МНВО РК, 2022. – 397 с.
- 69 Қашқари Махмұт. Диуани лұғат ат-түрік. Алматы, 2002. – 324 б.
- 70 Баласағұн Жұсіп. Құтты білік. Алматы: Жазушы, 2009. – 666 б.
- 71 Үәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары, Алматы, Жазушы, 1985. – 384
- 72 Алтынсарин Ыбырай. Балғожа бидің баласына айтқаны. [Электронды ресурс]. URL: [https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%AB%D0%B1%D1%8B%D1%80%D0%B0%D0%B9\\_%D0%90%D0%BB%D1%82%D1%8B%D0%BD%D1%81%D0%B0%D1%80%D0%B0%D8%BD](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%AB%D0%B1%D1%8B%D1%80%D0%B0%D0%B9_%D0%90%D0%BB%D1%82%D1%8B%D0%BD%D1%81%D0%B0%D1%80%D0%B0%D8%BD)
- 73 Абай Құнанбаев. Қара сөздер. – Алматы, 2007. – 160 б.
- 74 Абдильдин Ж.М., Абдильдина Р.Ж. Ч. Валиханов – великий ученый и мыслитель. – Астана, Фолиант, 2015. – 192 с.
- 75 Абдильдин Ж.М., Абдильдина Р.Ж. Абай – гениальный мыслитель и вершина казахской духовной культуры. – Астана, Фолиант, 2015. – 232 с.
- 76 Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Исин А.И. Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы. Алматы: «Сөздік-Словарь», 2011. – 320 б.
- 77 Әбжанов Х.М. Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. – 328 б.
- 78 Тоқаев Қ.К. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан. 09 қаңтар 2020 ж.
- 79 Байтенова Н.Ж., Хаван А. «Шығыс пен Батыстың сұхбаты жүйесіндегі тарихи тұлғалар: сабактастықтың философиялық қырлары»: республикалық

дөңгелек үстелдің материалдар жинағы. – Алматы: ИФПР КН МНВО РК, 2023. – 197 с.

80 Көпееев М.Ж. туралы мәліметтер топтамасы. [Электронды ресурс]. URL: [https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D3%99%D1%88%D2%BB%D2%AF%D1%80\\_%D0%96%D2%AF%D1%81%D1%96%D0%BF\\_%D0%9A%D3%A9%D0%BF%D0%B5%D0%B9%D2%B1%D0%BB%D1%8B](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D3%99%D1%88%D2%BB%D2%AF%D1%80_%D0%96%D2%AF%D1%81%D1%96%D0%BF_%D0%9A%D3%A9%D0%BF%D0%B5%D0%B9%D2%B1%D0%BB%D1%8B)

81 Құдайбердіұлы Шәкәрім. Мұсылмандық шарты. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 123 б.

82 Шәкәрім Құдайбердіұлы. Иманым. – Алматы: Арыс, 2000.

83 Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 2002. – 654 б.

84 Есімов Ф. Хакім Абай. Алматы: Атамұра, 1994. – 175 б.

85 Барлыбаева Г.Г. Эволюция этических идей в казахской философии. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2011. – 210 с.

86 Әмребаев А.М. Қазақстандағы зайдырлылық пен діндарлық: ара қатынасының нүктелерін іздеу. [Электронды ресурс]. URL: <https://qmonitor.kz/society/1334>

87 Подопригора Р. А. Мемлекет және діни ұйымдар (әкімшілік-құқықтық мәселелер). [Электронды ресурс]. URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=35392260&pos=5;-108#pos=5;-108](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35392260&pos=5;-108#pos=5;-108)

88 Понкин И. В. Правовые основы светскости государства и образования. – М.: Про-Пресс, 2003. – 416 с.

89 Понкин И.В. Светскость государства. – М., 2004. – 10 б.

90 Затов Қ.А. Зайдырлы мемлекет және дін // Вестник КазНУ. Серия философии, политологии и религиоведения. – 17-24 бб.

91 Кенжетай Д. Зайдырлылық және дін. [Электронды ресурс]. URL: <https://aptamedia.kz/zajyrlyly-zh-ne-din/>

92 Светское государство: конституционно-правовое исследование / под ред. В. В. Лазарева. – М.: Юристъ, 2002. – 320 с.

93 Казанцев А. А. Центральная Азия: особенности региона // Вестник Московского университета. Серия 18: Социология и политология. – 2005. – № 4. – С. 3–18.

94 Косиченко А. Г. Светскость и религия в современном Казахстане: модернизация духовно-культурных смыслов и стратегий: Коллективная монография. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведение КН МОН РК, 2020. – 280 с.

95 Жангелді Битанов. Дін және идеология. [Электронды ресурс]. URL: <https://centre-tur.kz/kk/maqalalar/din-jane-jastar/din-jane-dini-ideologiya-834/>

96 Отбасы жайлы хадистер. [Электронды ресурс] URL: <https://malim.kz/article/culture/otbasy-zaily-xadister-3640>

97 Сейтахметова Н.Л. Исламская толерантность: концептуальность, контекстуальность, практика // Адам әлемі. № 1, 2024. – 172-179 бб.

98 Бектенова М.К. «Постсекулярлық қоғамдағы исламдық бірегейлік құбылысы: Қазақстан үлгісінде» диссерт. PhD.

99 Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары Съезінің 2023-2033 жылдарға арналған Даму тұжырымдамасы. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-islamabad/press/news/details/649387?lang=kk>

100 Burova E., Sagikyzy A., Jamanbalayeva S., Kassabekova Y., Shagyrbay A. The Role of Religion in Shaping Sociocultural Self-Identification of Society in Kazakhstan // Academic Journal of Interdisciplinary Studies, 2023, 12(5), pp.145–156.

101 Нысанбаев А.Н. Межконфессиональный диалог как фактор обеспечения региональной безопасности и стабильности // Религия в политике и культуре современного Казахстана. – Астана: Елорда, 2004. –312 с.

102 Алиев А.Б. Влияние государственной политики на религиозные традиции казахского общества // Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии. - 2008. - Т. 60, № 2. - С. 45–52.

103 [Электронды ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/din/activities/141?lang=ru>

104 Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333>

105 [Электронды ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/din/activities/141?lang=ru>

106 [Электронды ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/din/activities/141?lang=ru>

107 [Электронды ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/din/activities/141?lang=ru>

108 Жармакина Ф. Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии, 2018. – №2 (65). – С. 45–52.

109 Закон Республики Казахстан от 11 октября 2011 г. № 483-IV «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» Закон Республики Казахстан от 11 октября 2011 г. № 483-IV «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1100000483> (дата обращения: 20.11.2024).